

САЙЫН ЕКЕУІМІЗ

Біз – кейінгі қазақ жұртында әдебиет, ғылым, және журналистика саласында үлкен атақ, немесе біршама танымал дәрежеге жеткен Әбіш Кекілбаев, Сайын Мұратбеков, Оразбек Сәрсенбаев, Нұрмахан Оразбеков, Сейілбек Исаев, Сапархан Мырзабеков, Арғынбай Бекбосынов, Сұлтанғали Қаратаев, Назарбек Қанафин және мен – бәріміз Қазақ Мемлекеттік университеті филология факультетіне 1957 – бір жылда түсіппіз. Ол кезде қазақ тілі мен әдебиеті бөлімі және журналистика үйлес – бір факультет саналады. Нұрмахан мен Сайын – журналистикада, қалғанымыз тіл-әдебиет саласында. Алайда, атаулы дәрістер кезінде қосылып отырамыз. Әбіш екеуіміз көрісе сала достастық, ал екі-үш жас үлкен Нұрмахан бізді бала тұтып, үнемі қамқорлық жасап жүретін. Сайын әлденендей ерекшелігімен менің көзіме бірден шалынбады. Біздің сабақ арасындағы у-дуымызға қосылмайды, тым салмақты, маңғаз. Сәл бұйралау қара шашын қысқа қиғызған, бар бітімінде өзінің үлкен артықшылығын сезіну бар. Бізден тұпа-тура төрт жас үлкен екен. Әбіш екеуіміз он жетіден жаңа ассақ, Сайын – жиырма бірге шыққан сақа жігіт. Қартайғанда университетке түсіпті, деп ойладым. Көп ұзамай, жыл аяғы, әлде келер жылдың басы, не көктемінде «Мәдениет және тұрмыс» қой деймін, әлдебір көпшілік журналда әңгімесі шығыпты. Біздің балалар жапырлап оқып жатыр. Тамаша екен, десті. Ал маған ұнамады. Аты есімде жоқ, сірә, «Райгүл», жаңылмасам, тәп-тәуір дүние, алайда жазу мәнері ескілікті көрінген. Және авторы жиырма екіге аяқ басқан, тым кеш бастапты деп ойладым. Оның бұл жасына дейін мен өзім дүниені төңкеріп тастайтын сияқтымын. (Ақыры, барлық редакциялардағы жаппай терістемеден соң, әуелгі әңгімелерімнің бірі 1964 – жиырма төрт жасымда әрең дегенде жарыққа жетіп еді.) Көп ұзамай тағы бір әңгімесі шықты ғой деймін. «Менің қарындасым» сияқты. Ол да осы қалып, сол деңгейде. Онша тұшынбадым. Шындығында, екі әңгімесі де жақсы еді, тек менің әдеби мұратыма сәйкеспейді. Алайда, бірге оқимыз, араласпасақ та, амандығымыз түзу. Сайынның өзі де сөзге сараң, жалпы жұрттан сырғақ. Сонымен бірінші курсымыз тәмамдалды.

1

Күзде, дәп оқу басталар қарсаңда, үнемі бірге жүретін Әбіш екеуіміз Сайынды Комсомол–Панфилов көшелерінің қиылысындағы үлкен кітап дүкенінен көрдік. Қасында орта бой, қоңыр өңді, кара көз, әдеміше қыз бар екен. «Жеңгелерің», – деп таныстырған. Мәриям, кейінгі өмірлік қосағы. «Осы жазда үйлендім, – деген. – Енді сырттай оқуға ауысам», – деген.

Содан бес-алты жыл бойы Сайынды көрмедім. Көрсем бір сәттік қана, артық кеңес, аралассыз кездесулер тәрізді. Ақыры, мен

аспирантурадамын, 1963 жылы күзде, кәдімгідей жүздестік. Аэропорт аумағында пәтерлеп тұрады екен. Менің шөберелес атам, Әкебай деген ақсақал осында көшіп келген, ара-тұра, жұма, сенбі күндері барып, дем алып, аунап-қунап кететін едім. Сондай бір жолы ұшырасып қалдық. Есігінің алдында тұр екен. Өзі шақырды ма, анығы – сол екпінмен үйге кірдім. Жеңеміз жоқ екен. Ауылға, немесе базарға кеткен. Әңгімеміз өрбімеді. Мен жазуының жайын сұрап едім. Бұдан бұрынырақ алғашқы әңгімелер жинағының шыққанын естігем. Әбіштен ғой деймін. Кітап дүкендерінен ұшыратпағам, оқымағам. Жаңа әңгімелер жазып жатырмын, деген менің бейкүнә сауалыма. «Осы уақытқа дейін қанша әңгіме жаздың?» – деп сұрап едім. «Сексеннен асты», – деді. Мен ойша шамалап, асыра сөйлеп отырғанын аңдадым. Өтірігі емес, мені қомсынуы. Сол сәтінде үстімізге Сабырхан Асанов келді. Көршілес екен. Біршама танылған жас ақын. Мен бұл жігітті жарамсыз жағынан білетін едім. Өткен қыста ғой деймін, иә, өткен қыста. Кешкі сағат сегіз жарым шамасы, Жазушылар одағының тура жоғарғы қатары, Киров көшесіндегі пельменханаға келіп едім. Тағамдары тәп-тәуір. Әдетте екі еселеп алам. Және бір стақан қаймақ. Кешкі, толымды дәм. Мен осылай тұрған кезде Сабырхан келді. Нақты қатынасымыз болмаса да, сырттай білем. Бізден жоғарырақ курста оқыған. Университет дәлізінде ұшырасып қаласың. Ол да мені білсе керек, әрине, жүзтаныс ретінде ғана. Бас изеп амандасқандай болдық. Содан соң мен пельмен толтырылған дәлеңкем мен қаймақты, бос тұрған, жаңа ғана орындығының арқалығына сыртқы киімімді асып кеткен столға қойдым. Енді қасық, шанышқы алуға бұрылған едім. Бес-он секундқа созылған, бір сәт қана. Қайтып келсем, мен молынан қамтыған тағам үстіне, жеміт қалдығы бар бір былғаныш дәлеңкені бастыра жапырайтып қоя салыпты. Көрші, әлі жиналмаған столдан. Бұл араға Сабырханның өзі жайғасып жатыр. Қасындағы жігіт тамақ алуға бейімделіп, касса алдында тұр. Мен қайран қалып, жан-жағыма көз салдым. Бөтен ешкім жоқ. Сабырханға қарап, мынау не дегендей, столымды нұсқап едім, алдында мал тұрғандай, безірейген қалпынан жазбады. Ал, не істейсің? Мен әуел бастан төбелеске жоқ едім, оның үстіне мына ас тепкіштер екі адам. Басымды шайқадым да, қайтадан барып, қажетті ауқатымды алдым. Бұл кезде Сабырхан теріс қарап кеткен. Мен де қырындай отырып, кешкі талғажауымды атқардым. Ақшам бар, жаңа зая кетіп, артық төленген бір жарым сом мен үшін онша үлкен шығын емес. Алайда, ішің ашиды екен. Адал асыңның ит тепкі болғанына және осыншама қорлыққа. Кешірместей есте қалыпты. Кейін біз де бірденеге жеттік, баспада, журналда отырдық, менің түрімді бұрыннан танитын Сабырхан Асанов ешқашан алдыма келген емес, әлдеқалай тіл қатысып сөйлескен жағдайымыз да жоқ. Қапелімде еске түскен соң ірке алмадым. Міне, осы Сабырхан үстімізге кірген. Келу себебі бірден айқындалды. Оншақты фотография әкелген екен. Жақсы таныс, әлде жерлес милиция капитаны беріпті. Осы Алматының әлдебір түкпірінде он бес-он алты жасар үш қыз бен жиырмадан асқан бес жігіт қызойнақ жасайды ғой. Тұрақты түрде. Абырой болғанда, қазақ емес, анау ұлы

халық өкілдері. Тыр жалаңаш, әртүрлі қимыл үстінде екеу ара, кейде тобымен, кезектесе суретке түседі. Ақыры әшкере шыққан екен. Солардың былық кейіптері. Кіді әңгіме үстінде Сабырханның: «Мұндайда, өзіңнің әйеліңе қарағың келмей кетеді екен...» – деп айтқаны есімде қалыпты. (Кейін, әлдебір кездейсоқ жағдайда әйелін көргенім бар: нәзік бітімді, әдемі, қараторы келіншек екен.) Мен бұл арада мүлде жоқ адам сияқтымын, екеуі де маған жоғарыдан қарап, түйіліп отыр. Қызықтың аяғын күтпей, кетіп қалдым.

Арада екі жыл өткенде Сайынмен «Қазақ әдебиетінің» редакциясында табыстық. Бұрын да осы төңіректе, тәрізі «Жұлдызда» жүрсе керек, газетке менен кейін, 1966, көктемде, әлде жазға қарай келді. Бұл кезде Сайын біршама белгілі прозашы, ал мен әдебиет тарихын зерттеуші және арынды сыншы ретінде көрінгем. Жақын достық болмаса да, ежелгі таныстар ретінде жұғысып кеттік. Осы кезде Қабдеш үшеуіміздің редакция столының басында түскен суретіміз әр жерде жарияланып жүр. Сайын көп тұрақтамады. Бас редактор, биязы мінез, бірақ талабы қатты Нығмет Ғабдуллинмен тіл табыса алмады ма, көп ұзамай-ақ өз қалауымен «Қазақ әдебиетінен» кетті. Мен мәнісін сұрағанда: «Бір повесть бастап едім, соны ойдағыдай бітіру үшін алты ай еркіндік қажет болып тұрғаны», – деген. Ол заманда жазу үшін жұмыстан шығу дәстүрі жоқ, әйткенмен, анығы осы болар. Шетін жағдай. Сайын осы «Көкорай» аталған повесін мезгілді межесінде жазып бітіріп, көп ұзамай кітапқа шығарды. Бұдан соң Жазушылар одағында болды ғой деймін. Үшінші қабат, түпкі бір бөлмеде әңгімелерінің орысша жолма-жол қотармасын қарап отырғанын көргенім бар.

2

Арада тағы бір жыл өткенде мен «Жазушы» баспасына, Ілияс аға Есенберлиннің ғұзырына көштім. Бірден-ақ өрісім кеңейген. Менің төңірегіме үйірілді демейін, бұрнада өзара сыйлас, қанаттас бірнеше жігіт айрықша жақын, бір топ болып жүретін едік. Әкім Тарази, Рамазан Тоқтаров, Рымғали Нұрғалиев, Қабдеш Жұмаділов, Сайын және мен.

Бұл кезде Әкім екі кітап шығарған, қалыптасқан жазушы. Және белгілі қайраткер – Қазақфильм студиясында бас редактор. Сол маңайда, үлкен паркке тақау тұста орнықты, үш бөлмелі үйі бар. Әйткенмен, Сайынның атағы бәрімізден артық, ол да екі-үш кітап шығарған және жалпы жұрт та, әдеби сын, ресми мекемелер де жақсы қабылдаған, бұл кезде Жазушылар одағында проза бойынша әдеби кеңесші, оның да басында қазыналық үйі бар – 9-линия мен Жандосовтың қиылысына тақау, КИЗ деп аталатын аумақта ескілікті, бірақ еңселі екі бөлмеде тұрады. Енді үй кезегі бізге де келді. Жас отау, әсіресе қаламгер үшін шешуші маңызы бар, ерекше қуанышты оқиға. Баспаға келгеннен кейін үш айға жетпей шешіліп еді, тағы үш айдай күтістен соң, қарлы желтоқсанда қолым жетті. 9-микрорайон, ауасы таза, төңірегі алаң-ашық, ол заманда қай-қайсымызға да ерекше көрінген ірі панельді жаңа үйдің

ауызекі тілде «распашонка» – «иткөйлек» аталатын үш бөлмесі. Таңертен ордерін қолыма ала салысымен, біздің атаулы топтан сыртқары болса да, ең бір жақын досым Жақсыбаев Ахатқа хабарластым. Содан соң Қабдешке. Баспада істейтін, жасы кіші тағы екі-үш жігіт. Ахат бастап, базар жақтан ашық жүк машинасын тауып, кейінгі жігіттермен бірге, біздің Горный гигант аймағы, Яблочная аталатын көшедегі жалдама пәтерімізге жеттік. Дүние дейтін не бар. Жаймалы жалғыз диван, тұсымызға тұтқан қазақы кілем, қажетті ыдыс-аяқ, анау-мынау бір қабат киім. Ең бастысы – бұрын екі шкафқа әрең сыйып тұрған кітаптарым және «Қобыз сарынының» алғашқы қаламақысына, ол заман үшін аса қымбат, санаулы кісілердің ғана қолына түсетін «Румын кітапханасы» аталаулы, бір қабырғаға тақау, үлкен, сәнді сөрелер. Барлығы бір машинаға сыйып кетті. Әйеліміз бен кішкентай екі баламыз және көмекші жігіттер таксиге отырды. Ахат екеуіміз ырғатылған жүк машинамызбен микрорайондағы үйімізге жетсек, сыртқы есік алды, ашық алаңқайда Әкім мен Сайын тұр екен және Рамазан мен Қабдеш. Сайын осыдан екі апта ғана бұрын соқырішекке операция жасатып шыққан еді, қуаныш үстінде онысын ұмытып кетіппін. Соның өзі жақсы болыпты, ортамыз толып қалды. Баспадан келген жас жігіттер дүниенің ауырына қол салған. Әкім мен Рамазан, Қабдеш үшеуі, күні бұрын пошта қағазына топ-тобымен оралып, буылып-түйілген кітаптарды тасымалдауға кірісті. Сайын ішке кірмеді, өзі ештеңе көтермесе де, жүкшілерге дем беріп, арасында қалжыңдап, жұртты күлдіріп тұр. Не керек, жарты сағат өтпей, бар мүкәмалымыз жоғарғы, төртінші қабатқа тасылып болды. Біздің әйел бұл мерекеге екі күн бұрын дайындалған. Арақ-шарабы алулы. Кеше кешке ет те молынан асылған. Басқасы және түгел. Қолма-қол тойлап кеттік... Арада жыл озбай, дәп осындай жағдайда, дуылдасып бәріміз жабылып, Қабдешті де қазыналық пәтерге көшірісіп едік.

Әлбетте, жаңа үй алған жас отаудың қуанышында шек жоқ. Кіріптар тұтқыннан құтылып, өзгеше, кеңшілік өмірге аяқ басқан есепті, үлкен оқиға. Ол заманда тиесілі ақшасын артығымен алып отырса да, жалдама баспана иелері кесірлі, әспен болатын. Қазақ жағдайында қазір де оңып тұрмаған сияқты. Оның үстіне, кейінгі жас талапкер ақын-жазушыларымыздың өз қабырғасына жетуі тіпті қиындап кеткен. Ал дәп осы ретте пәтер мәселесі – жеке бір кісілердің тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазақ әдебиетінің болашақ тағдырына тікелей қатысты кілтипан. Жағдайың келіспесе, бар жазуың тұтқыр тартпақ. Кез келген саладағы азаматтың қандай да шаруасы. Енді міне. Әйелінді әлпеште, балаларыңды ойнат, отыр да жаз!..

Тек осы ғана емес. Менің негізгі айтпағым – Әкім бар, Сайын бар, Рамазан, Қабдеш, Рымғали бар – бәріміздің тығыз аралас, сырттай аса берік көрінген дос-жар қатынасымыз. Сонымен қатар, әрқайсымыздың іргелес және бір жақындарымыз болса керек. Әкім үшін Қалихан, мен үшін Әбіш пен Ахат дегендей. Әйткенмен, ілкіде аталған бес-алтауымыз тым тығыз топтасқан едік. Айрықша жарасты сияқтымыз.

Әр үйде жиі қонақтасамыз. Ай аралатпай. Жыл бойы. Сол ретпен біздің шаңырақта отыр едік. Алдында, оншақты күн бұрын шақырып қойғам. Сайын келмеді. Не болды деп Әкім ағамнан сұраймын ғой. Кенет... ешкім күтпеген, ерекше бір жағдай. Кейінде талай рет айтылған, жазылған. Ұзын сөздің қысқасы, жаңылмасам, Әкім, Сайын, Қабдеш үшеуі орталықтағы әлдебір ресторанның шығады ғой. Қызу және көтеріңкі көңілде. Сөйтсе, алдарында, көшенің бір пұшпағында үш-төрт зәңгі тұр екен. «Мыналарды қарашы, – дейді бірі. – Бізге жиі келетін болды. Советтің адал пейілін, аңқаулығын пайдаланып, қаптап барады.» «Иә, – дейді екіншісі. – Ақыры опа бермейді. Ішеді, жейді, содан соң жалт беріп ана жаққа шығып кетеді. Өздерінің үйреншікті Әмірикасы бар ғой...» «Бұларды көбеймей тұрғанда, бір-бірлеп теуіп шығару керек!» – депті Сайын. «Тебе алмайсың», – дейді ана екеудің бірі. «Неге? Тепкенде қандай!» «Ал, қорықпасаң теуіп көр!..» Сайын батыр тұра ұмтылып, алдында, теріс қарап тұрған біреуін құйрықтан тебеді. Қарлы қыс, сол сәтінде өзі де тайғанақтап жығылыпты. Тұрып үлгермейді, қайдан сап ете түскені белгісіз, төрт-бес міліса тап еткізіп басып қалыпты... Сөйтсе, бұл – Африканың қайсыбір елінен арнайы келген делегация екен. Ал құйрығынан тебілген – сол елдегі, Советке бейім, прогресшіл, әлдебір ұйымның өкілі болып шығады. Сонымен не керек, Сайын батыр тұтылды. Ал ана екі дос әп-сәтте табандарын жалтыратса керек. Өздері олай деп айтпайды, әлгі жерде ұсталмағаны және кейінде куәлікке тартылмағаны осындай секемге жол беріп тұр. Енді айқай да аттан. Ойлап қараңыз. Әлемдегі әділет пен адалдықтың ұйытқысы, бұрнада Батыстың капитал елдерінің отары болып, аяусыз жапа шеккен Африканың жаңа елдеріне тілекші, көмектес, тіпті, сүйеніш, тірек болып тұрған Советтер Одағына келген прогресшіл қайраткердің өміріне қастандық жасалды! Сұмдық қой! Дабыра бірден-ақ Орталық Партия Комитетіне жетіпті. Әзірге Мәскеу емес, өзіміздің шегімізде. Қастандық жасаған террористі айдап жіберу оп-оңай. Алайда, қиын түйінді шешуге бұл заманда аса беделді және халықаралық әркілы ұйымдармен байланысы берік Әнуар Әлімжанов кіріседі. Жазушылар одағының төрағасы Әди Шәріпов белсене араласады. Мәселенің тағы бір астары бар еді. Алматыда Африканың пәлен мемлекетінің прогресшіл қайраткерінің өміріне қастандық жасалыпты деген сөздің арты Қазақстан үшін де тым қолайлы емес. Енді қайтесіз, пікірлес, жанашыр дос Әнуар Дінмұхамед Қонаевқа барады, жапа шеккен Африкалық қайраткердің алдынан өтеді, әуелде қатты қорқып қалған құрметті мейманымыз енді әдейі жасамапты, мас екен, кешірдім деп, мәмлеге келіпті, не керек, ақыры қаншама талас-тартыстан соң Сайын Мұратбековтың оғаш әрекеті – қастандық емес, мастық нәтижесі, тіпті, өзі де білмей қалыпты деген қорытынды шығарылады. Алайда, бұл іс мүлде елеусіз қалмауға тиіс. Сайын қоғамдық тәртіпті сақтамаған бұзақы ретінде он бес күндік жазаға кесіліпті. Соған орай екі апталық қара жұмысқа жегілген.

Енді ортамызда Сайын жоқ, қалғанымыз түгел дағдарып, содан соң шатақ істің тым арыға кетпей, оңай шешілгеніне күліп, дабырласып отырмыз. Әлбетте, ептеп болса да ішіп отырмыз. Кенет Әкім ағам орнынан көтерілді. Салтанатты, әрі қатқыл кейіпте сөйлеп кеткен: «Мырзалар, бүгін біздің ортамызда Сайын батыр жоқ. Алайда, аман-есен, күні ертең қатарымызға қосылады. Ал бүгін, баяғы Пушкиннің декабристерге жолдаған азаттық жырында: «Во глубине Сибирских руд...» – «Сібірдің шыңырау кенінде» – дегендей, қазақ астанасының қас ортасындағы, Димекен Қонаевқа арнап салынып жатқан сәулетті ғимараттың подвалында, күрек аршып, шаң, топырақ қауып, ауыр жұмыс астында жүр. «Храните гордое терпение» – «Қайыспай шыдап бағындар!» – деген ғой Александр Сергеевич Пушкин. Сайын батыр да қайыспай шыдасын, ана декабристер сияқты қырық-елу жыл емес, енді оншақты күнде азаттыққа жетеді. Сол күнді көрейік, сол күн үшін, әлдебір қаңғыбас негрді құйрығынан келістіре тепкен Ер-Сайын батырдың денсаулығы үшін алып қояйық!» – деді. «Мен ішпеймін, – дедім. – Ақымақ. Бейсауат жүрген зәңгіде несі бар. Құйрығынан тебетін орыс таппады ма...» Әкімдікі – әзіл, менікі – шын болатын. Осы бір сөзім кейінірек, кім арқылы болса да, Сайынға жеткен сияқты. Әкім емес, Қабдеш те емес, Рымғали деп шамалаймын. Әйткенмен, ештеңе бүлінбесе керек еді. Бұдан бұрын, тіпті, кейінгі «Көк мұнардың» дауына дейін арамызда әлденендей реніш, алалық болған емес.

Сол кеште Сайын ағамның жазалы жұмыс орнын нақтылап сұрап алған едім. Оңай табасың, деді Әкім мен Қабдеш. Виноградов пен Төлебаевтың қиылысы, бергі, батыс бет, жаңадан салынып біткен әдемі ғимарат, Қонаевтың үйі деп атайды. Әзірге сыртқы қабырға ғана. Сайын астыңғы қабат, немесе подвалда жұмыс жасап жатыр. Ашық терезеден дауыстасаң, өзі шығады, десті. Ертеңіне ме, арғы күні ме, іздеп бардым. Қолдағы себетімде бір шиша айран, екі алма, бір кесек семіз ет бар. Әзірше сырты көркемделмеген, екі қабат, шағын, алайда әсем үй екен. Астыңғы, жартылай подвалдың терезелері үңірейіп тұр. Мен жақындап келіп, «Сайын аға!» – деп дауыстадым. Біздің дос-жар жігіттердің ішінде екі аға бар: Әкім аға және Сайын аға, қалғандарымыздың өз есімдеріміз, үлкендік емес, мансаптық дәреже есепті. Астында топырақ бұрқырап жатыр. Азғана бөгеліп барып, екінші қайыра шақырдым. Терезе қуысынан бет-аузы ісіңкі, сақалы өскен, әлдебір қызылкөз орыс көрінді. Естіген екен, қазір шақырам, деген. Аздан соң Сайынның өзі де келіп еді. Әрине, жабырқау. Ештеңе етпейді, Сайын аға, дедім. Бәлкім, кейінгі бір әңгімеде кәдеге асар. Сенің тұрағыңды кеше ғана, Әкім ағамнан естідім. Ешбір көңіліңе алма. «Осылай болып қалды», – деген Сайын. Енді он күн, он жыл емес, дедім. Мынау – біздің үйдегі келініңнің сәлемдемесі...

Осы оқиғадан соң бәріміз бұрынғыдай, қайтадан араласып кеттік. Кезектескен қонақ. Бір жолы, неге екенін білмеймін, Сайын менің өзімді ғана, әрине, келіншегіммен бірге, жекелей шақырған. Тәрізі, анау оқиғадан соң жұрт көзіне көрінуге, баспаға баруға именеді. Әлдебір кітабының жайы ғой деймін. Мәриәм мен біздің Бақыт өздерінің бала-

шаға, қазан-ошақ маңындағы әйелдік әңгімелерімен. Сайын екеуіміз, әлбетте, жазу мен әдеби ахуал төңірегінде кеңессек керек. Нақты есімде жоқ. Әйтеуір, өзара түсіністі жақындық. Бұл кезде «халықаралық инциденттің» аяғы сұйылып барып, оңымен, біржола шешілген. Енді Әнуар Сайынды, тәрізі, анау әңгіме біржола көмескілену үшін, Москваға, Әдебиет институтының Жоғарғы курсына жіберді. Бір жыл ма, екі жыл ма, оқуын бітіріп, 1971 жылы жазға қарай аман-есен қайтып келген. Тілектес араласуымыз одан әрі жалғасты.

4

Осы 1971 жылдың соңғы тоқсанында, тәрізі, ноябрьдің орта шені болса керек, мен Ғылым академиясының Әдебиет институтына конкурстық негізде аға ғылыми қызметкер ретінде бекіп, Есенберлиннен соң ешқандай мәні қалмаған «Жазушы» баспасынан кеттім. Арада екі апта өтпей «Көк мұнар» романының дауы басталған. Әуелде «Мен» дилогиясында бажайлап айтып, одан соң да әрқилы жағдайда, жеңілдетіп, екі-үш рет жазған сияқтымын. Бастан-аяқ қайталап жатудың мәнісі жоқ. Әуелгі, көпе-көрнеу жарықшақ Қабдештен шығып еді. Әрине, Есенберлинге қарсы, маған қайшы белгілі бір топтың үгіт, дүмпуімен. Одан соң Рымғали оғаш мінез көрсетті – ешқашан қателеспейтін, пайдасы көбірек күштіге жақтасатын өзіндік есебі бар. Мен бұл екеуінің бар ісін сатқындық деп қана бағалаған едім. Әкім ағамның ештеңеге қатысы жоқ сияқты, сыртта қалған. Есебі, біздің берік ұжымымыз біржола бұзылған екен. Қайткенде менің жүйкеме өлшеусіз салмақ түсірген, ең бастысы – кеше ғана бірге жүрген, ғұзырлы орында отырған төрт жарым жыл бойғы риясыз қолдауымды айтпайын, зиян, қиянатымды көрмеген жігіттердің сырт айналып, тұп-тура жаулыққа бастауы менің көңілімді қалдырып қана қойған жоқ, адам атаулымен қатынасыма теріс әсер еткен. Хош. Қабдеш әуелде құрғақ оттыққа тамызық тастағанымен, соңғы мезетте, менің ауыр сөздерімнің әсері ме, ұят, намысы оянды ма, кері қайрылды. Бірге өскен Рымғалимен арада салқындық туған, жақын қатынасымыз тоқталған. Ақыры, дау-дамай оңымен шешілгендей, «Көк мұнар» баспаханаға тапсырылды.

Мен уһ деп дем алып үлгермедім. Арада аз-кем емес, тура үш тәулік өткенде, Госмкомиздаттың Бас редакциясынан арнайы пікір келді. Терістеме және Баспакомның бас редакторы Мұқан Мамажановтың осы сыртқы рецензияны басшылыққа алу, тұтастай, сөзсіз орындау туралы ресми жолдамасы. «Жазушы» баспасының бас редакторы Есет Әукебаев қуанышы қойнына сыймай, жарылып түскен еді. Типографияға өтіп кеткен қолжазбаны тезінен қайтаруға жарлық берді. Сөйтсек, иә, аруақ! – осы үш күн ішінде «Көк мұнар» әлдебір ғажайып жағдайда, түгелдей терімге түсіпті. Енді іс мәнісі өзгеріп шыға келді. Ол заманда баспа тәртібі қатал, екі жүз беттен астам терімді шашып жіберуге жол жоқ. Үлкен шығын және сол Госкомиздаттың өз тарабынан әуелде не қарадыңдар дейтін үлкен сөгіс болмақ. Әйткенмен, маған Баспаком

жағынан келген, ресми жарлық есепті рецензия негізінде тиесілі түзетулер жасауға әлде нұсқау, әлде ұсыныс түсті. Бұрнада нақтылап айтқан, айтпағаным есімде жоқ, бұл сойқанды, ғаламат рецензияның авторы – Сайын Мұратбеков болып шықты. Әлі күнге дейін, соншама не көрінді деп ойлаймын. Алғаш оқығанда, ыза мен өшпенділік қана танылған еді. Енді ойлап тұрсам, қарымтасыз зорлық. Яғни, мен баспадағы ғұзырлы орнымнан кеттім, өткендегі азды-көпті оң ықыласым – саудагердің сакалын сипағандай, жоққа айналды, енді, баспасы бар, басқасы бар, жалпы жұртпен бірге қалай таласа да, ешқандай қайырым, қарсылық болмайды. Сондықтан ойнақтап, тапап, жаныштап қалу керек. Менің, қолымда ешқандай билігі жоқ, азаматтық дәрменсіздігіммен қатар, әділ ақиқатын айту керек, қаламгер ретіндегі бейшара ахуалыма сенім. Оның үстіне, бұдан бір жыл бұрын ортағасырлық қазақ поэзиясының антологиясы, атақты «Алдаспан» талауға түскен. Бұл ретте біз жат сарын, ұлтшылдық жолындағы сенімсіз тұлға деген дабырамыз бар. Яғни, мен – болашағы жоқ адаммын. «Пәледен машайық қашыпты» деген. Бірге жүрген, көмектес, тілектес болған достығымыздың құны көк тиын. Мұндайда, тым құрса, Әкім ағам сияқты қалыс қалса ғой. Жоқ, жұртпен қоса тепкілесіп, ең соңғы оңалмас сокқыға жығу қажет көрініпті.

Сонда Сайын ағам қандай айыптар тақты дейсіз ғой. Менің романда ұстанған идеялық тұғырым тайғақ екен. Бас кейіпкер Едіге – совет адамына ұқсамайды. Қайдан шыққаны, кім екені белгісіз, дүбара біреу. Тәрізі, автордың өзінің портреті. Мына біздің социалистік заманды қабылдамаған, төңірегінен түгел безініп, болашақтан мүлде түңілген, бұл өмірде жоқ, автордың терісқақпай қиялынан ғана туған жалған персонаж. Роман құрамындағы, «Едіге жазыпты-мыс» тарихи романның үзіктері – әрқилы ойға жетелейді. Тексеріп қарасақ, мұның астарынан тағы қаншама сұмдық шығар еді. Ең бастысы, бұл, «Көк мұнар» аталған, екі жүз жетпіс беттік қолжазба – ешқандай да роман емес. Тіпті, ұзақ повесть деп айтуға да келмейді. Күлдібадам, қойыртпақ бірдеңе. Тілі өте нашар. Сөйлем құрылымдары сауатсыз. Мұндай шығарманың жоспарға еніп, баспаға қабылдануының өзі таң қаларлық құбылыс. Десе де, түсінікті жағдай. Мағауин осы баспада әжептәуір ұлық болып отырды. Сондықтан өзінің шикі, шалағай дүниесін тықпалаған. Бұл Мағауин бұрнада бір-екі кітап шығарған сияқты еді. Сырттай қарап, қатардағы талапкер жазғыштардың бірі деп ойлаушы едім. Сөйтсем, сорақының сұмпайысы... Өстіп кете береді. Мен шынымен-ақ қайран қалып едім. Кейінде жазғаным бар. «Көк мұнар» – классикалық роман. Батыс өлшемімен алғанның өзінде қаншама техникалық жаңалығы бар. Айнымас асыл, биік тұғырлы ұлттық идеялары өз алдына. Міне, содан бері жарты ғасырға тақау, ұзақ уақыт өтті, қазіргі кейбір зерделі, жас әдебиетшілердің ғылыми еңбектерінде бұл роман туралы тосын пікірлер айтыла бастады, шын танымы – алда. Ақыр түбінде «Көк мұнар» XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихындағы құбылыс деп бағалануға тиіс.

Мәселе – Сайын Мұратбековтың «Көк мұнар» романының бағасын танымауында емес, бұл кезде үлкен прозаға аяқ басқан Қабдеш те

танымады. Өзін білгір, ғылыми зерделі санайтын Рымғали да танымады. «Жұлдыз» журналына өткелі жатқан қолжазбаға Асқар Сүлейменов те жарамсыз деген пікір түсірді. Кейінде Мұқағалиды терістеген дүмбілез сыншы Сағат Әшімбаев осылардың бәрінен озып, «роман – киелі жанр, көрінгеннің тәлкегіне көнбейді, ал бізде ең аяғы Мұхтар Мағауиннің өзі романға қол созды» деп дабылдаған еді. Мен Сайынды теріс пікірі үшін кінәламаймын. Тіпті, романның өзінен бұрынғыларға ұқсамайтын, қазақ сөйлемін басқаша құрған жаңаша тіліне қатысты долбарын да кешірем. Алайда, біздің халқымыздың басынан өткен, анығында, қазақ арыстарына жұт әкелген, қайрылмас қаза, қантөгіс апатқа ұласқан «идеялық адасулар» туралы пікірлерінен ғана түңілген едім...

Әйткенмен, айтылған сөз бар да, оның дәлел, тиянағы бар. КГБ-ның байырғы жендеті Есет Әукебаев қанша құлшынғанымен, сына таба алмады, ал нәшірият директоры Әбілмәжін Жұмабаев ондай қатерлі, көпе-көрнеу бірдеңенің жоғына көзі жеткен. Ақыры, мен дайын терімді үстінен мұқият қарап, бейбіт жағдайдың өзінде кез келген гранкада автор тарабынан ондалуға мүмкін, әжептәуір түзету жасадым, жекелеген сөз, тіркестерді жетілдіре түстім. Ал Сайын тізбелеген «олақ» жағдайлардың біреуін ғана қабылдаған едім: менде «асыранды мал» деген тіркес ұшырасыпты. Қолдағы малдың да «асырандысы» бола ма екен, дейді Сайын. Болады. Малшы ауылда өстік. Өріске жарамаған тоқты-торым, тіпті, үлкен қойлардың өзі қыс айларында, және жаз күндері қорада, қотанда қалады, қолдан жем, шөп жейді. Міне, асыранды мал дегеніміз осы. Алайда, мен дәп осы сөзге жабыспай, алып тастаған едім, екінші басылымында қалпына келтірдім, әлі күнге «асыранды мал» болып тұр.

«Көк мұнардың» кейінгі бөгілісі екі-үш айға созылды. Әуелден-ақ, Есенберлиннен соңғы баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаевқа кіріп, ренішімді айтқан едім. Обалы қанша, өз тарабынан зерттеу жүргізіп, оң пікірге келіпті. Мен терімнің емле, тыныс қателерін оңдап және өз тарабымнан қолжазбаны жетілдіру бағдарында біршама түзетулер енгізіп, екінші қайтара алдына барғанда, оң қабағын танытты. Бұдан соң айтарлықтай кедергі болмады. Жолы ашылған «Көк мұнар» күзге қарай 53700 дана таралыммен жарыққа жетті. Және оншақты күн ішінде түгелдей сатылып кеткен. Және жас оқырмандар, оның ішінде студенттер қауымына айрықша әсер етіп еді. Соған қарамастан, сол жылы және жалғас қаншама заман бойы қазақ баспасөзінде жаппай жамандалып жатты. Көлденең жұрт, оқырман қауым қандай да жаңа шығарманы табиғи таным мен өзіндік түйсік негізінде қабылдамақ. Әдеби сын жанры кешеуілдеген, жазарман қауымның көркемдік ұғымы түйте біздің ортада осылай болды және бұл сорақы жағдай әлі күнге сақталып отыр. Осы реттегі ең соңғы көрнекі мысал – «Жармақтың» өзара қарама-қайшы, екі түрлі бағасы дер едім. Екі аралықтағы «Мен» роман-диалогиясының мүлде теріс қабылдануын айтпай-ақ қоялық.

Сайынның «Көк мұнарға» қатысты әсіре белсенділігі кезінде баяғы, «қаңғыбас негрді» май құйрықтан тебетін «патриоттық» хикая ұмытылған, немесе ескерусіз қалған, енді құлан-таза және сүйеуі күшті,

көп ұзамай-ақ Орталық Партия Комитетіне жауапты қызметке орнықты. Яғни, Қазақстандағы әдебиет тағдырын шешетін биік орындағы елеулі бір тетік. Манағы астыртын, әрі ылаңды рецензиядан соң, анығында, баспадан кеткеннен кейінгі кезеңде Сайынмен мүлде ұшыраспаған сияқтымыз. Анық. Бір де бір рет бетпе-бет жүздеспедік. Бұл кезде мені ұмытып та кеткен шығар. Қоқырайып отырды, енді елеусіз кепке түсті деп біледі. Әлбетте, адам баласы өзінің көрген қорлығын естен шығармайды, осыған керісінше, зорлығы мен қиянатын көбіне-көп, мүлде дерлік ескерусіз қалдырса керек. Біз – көптің бірі. Тобырдың ішіндегі тозаң. Бірақ мен қисынсыз зобаланды ұмытпаған едім. Басқасы емес, дос болып жүріп қас шыққанына. Бәлкім, бұл да қате. Ол заманда әдебиетте халтураға қарсы күрес деген бар. Мен құнсыз жазарманмын. Сайын мені туған әдебиетіміздің тазалығы үшін теріске шығарды. Мұндай «роман» болмайды. Тәрізі, осы тұрғыда. Алайда, маған бұдан ешқандай жеңілдік келмейтін. Иә, танымал, үлкен жазушы Сайын әдебиеттегі жолдыбайларға қарсы күреседі. Ендеше, менің келесі кітаптарым да қатер үстінде.

Бұл кезде, яғни 1973 жылы Қазақстан Мемлекеттік Баспасөз комитеті мен Жазушылар одағы және Республика Комсомолының Орталық Комитеті жариялаған жабық бәйгеде менің «Бір атаның балалары» дейтін өзгеше хикаятым топтан озып, бірінші бәйге алды. Осы, көп үшін күтпеген сыйлықтың дүмпуімен аттас кітап – повестер мен әңгімелер жинағы «Жазушы» баспасының жоспарына өткен еді. Келер жылы дау-дамайсыз жарыққа шықты. Шынын айтайын, қолжазба баспаға тапсырылып, тиесілі өткелектерден озып, терімнен өтіп, жарияға жеткенге дейін, үнемі қатер күткен, жайсыз жағдайда болдым. Міне, ақыры аман-есен басылып бітті. Кітап дүкендерге түсті. Сатылып жатыр. Аптадан озып, оншақты күнге жетті. Дәп сол кезде ЦеКа-да отырған Сайынға телефон соғып едім. Бағзыдағы әдетпен «Сайын ағадан» бастап, повестер мен әңгімелер жинағының шыққанын айттым. Дүкенге түсті, сатылып жатыр, дедім. Құттықтаймын, жақсы болған екен, деді, байыпты, өзіне сенімді дауыспен. «Енді, Сайын аға, осы кітап үшін саған көптен-көп рақмет айтамын», – дедім. Сайын ағам сәл-пәл бөгеліп барып: «Не үшін рақмет айтасың?» – деп еді. «Осы жолы кезекті кітабыма бөгесін жасамағаның үшін...» – дедім. Сайын ағам дағдарып қалған еді. «Ал енді, амандықта болайық», – деп, телефон тұтқасын орнына қойдым. Сайын ағам сол беті, аз да болса тіксініп қалған шығар деп ойлаймын. Жойдасыз зорлықтан аман шықтым, алдағы заманда бейбіт болайық деген ескерту, әрі сес. Сайын менің бұрнағы ренішімді танып, ендігі емеурінімді жақсы ұқты.

5

Арада тұтас он жыл өтсін. Сайынмен араласымыз да, қатынасымыз да болмады. Ара-тұра, әдеби жиын, әрқилы жағдайда ұшырасқан да шығармыз. Екі ауыз тіл алмасу жоқ. Айтар әңгіме таусылған. Өміріміздің

ақырына дейін сол беті кетуіміз мүмкін екен. Алайда, бәрі басқаша жалғасты. Имашев пен Есенәлиев және оларды сүйемел тұтқан кейбір тірі классиктеріміздің арқасында, Әбілмәжін Жұмабаев «Жазушы» баспасында берік отырған. Аз, кем емес, тура он үш жыл. Ешқандай тежеу жоқ, тексеріс жоқ. Алқаған ағайынды жарылқап, қарсы емес, қырын емес, көлденең жұртқа кенеусіз қысас жасалып жатыр. Ақыры, шектен асып кеткен кейбір істер жайы «Крокодил» журналына шығады ғой. Ішкен, жеген, бүлдірген. Ауыл-үйдегі «Ара» емес, Москвадан таратылатын, Одақтық сыпырғыш. Бұл кезде Орталық Партия Комитетінде идеологиялық хатшы болып Кәкімжан Қазыбаев отырған. Осының алдындағы Кәмәлиденов түгілі, бұрнағы Имашевтің өзі қорғап қала алмас еді. Әбілмәжін ағайын жұрттың ішін ашытып, «Жазушы» баспасынан кете берді. Оның орнына Қазыбаевтың алдынан өтпей-ақ Қонаевқа бірден шыққан Олжастың дүмпуімен Сайын Мұратбеков барып отырды. 1984, жаз ортасы болатын. Сайын бұған дейін қаншама кітап шығарса да, баспаның ішкі кухнясын білмейді. Жалпы баспа атаулы өз алдына, осы «Жазушыда» Әбілмәжін Жұмабаев қалыптастырған өзгеше ахуалдан және бейхабар. Бұл, жылдық жоспар түзу ерекшелігі, кезектегі қолжазбалар мен басылып жатқан кітаптарды «жат идеялардан» тазарту тарабындағы қисынсыз қысас өз алдына, ай сайын, асса ай аралатып, жаңадан шыққан бір кітапты тұтқындау, тұтасымен тәрік ету, тым құрса бірнеше бетін жұлғызып, айрықша қырағылық таныту – бір сөзбен айтқанда, бүткіл Советтер шегінде ұшыраспайтын, өзгеше полицейлік тәртіп жөнінде. Ай емес, жиырма күн өтпей алдынан тартылыпты. Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық толық жинағының кезекті кітабынан идеялық өрескел қате кеткен. Басылып, түптеліп, отыз мың тиражбен дайын тұрған, енді эне-міне таратылуға тиіс кітаптағы пәлекетті нақты көріп, ұстаған – бас редактор Есет Әукебаев екен. Енді бұл кісі әшкере мәлімдеме жасап, үйреншікті әдетімен берісі Госкомиздат, арысы ЦеКа-ға (және атап айтпаса да КГБ-ға) мағлұм қылады. Дабылы жер жарғандай. Жаңа директор Сайын Мұратбеков түршіге шошынып, Мұханның осы томдағы әлдебір ескілікті шығармасының бірнеше бетін жұлғызып, жөндеп, қайтадан бастырып, жаңаша жапсыруға жарлық беріпті. Ал енді мұндай өрескел қате ескерусіз қалмауға тиіс. Қайталанбас үшін, үлгілі сабақ үшін. Әукебаевтың арнайы рапорты бойынша, кітап редакторы мен осы басылымға қол қойған бөлім бастығына сөгіс жарияланады, айыппұл салынады. Бәрі жөн. Алайда, Орталық Партия Комитетінің мектебінен өткен, басқа да жетекші қызметтерде отырған, ең бастысы – ақыл-есі түзу Сайын Мұратбеков бұл кесірлі кітапқа редактор мен бөлім бастығынан соң тағы кімдер қол қойғанын нақтылайды ғой. Сөйтсе, Есет Әукебаев! Әлгі сұмдық қатені тапқан, әшкерелеген бас редактордың өзі! Екі арада қолайсыз әңгіме болады. Сіз неге осындай қатені жіберіп алдыңыз? Әуелде байқамаппын, артынан өзім таптым ғой. Терімге кетпей тұрғанда табу керек еді, дейді директор. Аналар көрмеді, ал көруге тиіс мына сіз бекітіп қол қойдыңыз. Енді сізге де бір сөгіс. Және кітапты қосымша жөндеуге кеткен шығынның үштен бір бөлігі де сіздің мойныңызда.

Әукебаев тулап түседі. Мұндай болмайды! Әшкерелеген – мен. Бұдан бұрын да талай рет қырағылық көрсеткем. Мені бұрынғы директор ғана емес, Госкомиздат, ЦеКа және анау мекеме де үнемі қолдап келеді. Мұныңыз қиянат! Асыра сілтеу. Мен жоғарыға шағым айтам! Сайын күліпті. Бұрнада шет жағасын естуі бар. Сыртта жүргенде онша мән бермеген екен. Және қисынсыз қателерді ұстап жатқан сияқты. Енді барлық пәле мағлұм болды. Қалаған жеріңізге шағына беріңіз, дейді. Біз оған дейін сіздің басқа кітаптарды қалай ұстағаныңызды анықтаймыз, дейді. Тезінен анықтайды. Әукебаевтың чекистік қырағылығынан жылына сегіз-тоғыз кітап, кейінгі он, он төрт жылда бірер жүз, бәлкім жүз елу, екі жүз кітап жапа шеккен екен. Қолжазбалардың өндіріске дайындалу үрдісі өз алдына, бірталайы екінші терім үстінде талқандалған, көбіне жарыққа шығып тұрғанда жекелеген беттері жұлынған, оны аз десеңіз, кейде жиырма, отыз мыңдық дайын тираж пышаққа түсіп, мүлде жойылған. Бұрын аулақта әңгіме болса, енді Сайынның өз қорасына жетіпті. Жаңа директор осының бәрін түгендеп біте алмас еді, кейінгі үш-төрт жылды дәйектейді. Және қатарынан сөгіс алған, шығынға ұшыраған редакторлармен жауаптасады. Анығы, бұл – Әукебаевтың сыннан өткен, қалыптасқан, үйреншікті тәсілі екен. Әуелде өзі қол қойып, типография теріміне рұқсат етеді, содан соң екі тармақ әшкере: біріншіде – кітаптың басылымына қол қояр соңғы терімде ұстайды; көбіне-көп атаулы кітаптың бар тиражы басылып шыққаннан соң, жарыққа жетуіне рұқсат кезінде тұтпақ, мұның өзінің екі дүрмегі бар: бірінде – жекелеген беттерді жұлғызу, екіншісінде – тұтас тиражды кәмпескелеу. Бұл кезде Госкомиздат шулап жатады, дабырасы ЦеКа-ға жетеді: ойбай, «Жазушы» баспасында пәлен кітаптан өрескел идеялық қате кетіп барады екен, Есаған – бас редактор Есет Әукебаев ұстапты! Міне, нағыз герой! Әукебаев болмаса, «Жазушы» баспасы ғана емес, бүткіл Госкомиздат масқараға ұшырайды екен!.. баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаев та риза, Госкомиздат төрағасы Шерияздан Елеуенов та риза. Есет Әукебаев болмаса, қайтер едік, деседі. Міне, осындай атақ-абыроймен он төрт жыл отырған. Сайын көп ұзамай-ақ Есаған әшкерелеген он бес-жиырма кітаптың баспадан тартып, ақыры тығырыққа ұшыраған тарихын түгел айқындайды. Сөйтсе, бәріне де ең соңғы рұқсат бармағын басқан – осы Әукебаевтың өзі. Мұндай сұмдықтың егжей-тегжейіне көзі жеткен Сайын түңіліп кетіпті. Бар дерегін жинап алып, бұрнадан жақсы қатынастағы, енді үлкен орында отырған жерлесі, идеологиялық хатшы Кәкімжан Қазыбаевқа барады. Солай да солай. Ол кісі де байырғы журналист, әрі жазушы, мұншама аяр сұмдыққа қайран қалса керек. Бұл кезде айрықша маңызды және кіді мәселеге Олжас араласыпты. Ақыры, мәңгіге омалып бекіген Есет Әукебаевты бүлікті, ыланды қызметінен кетіру туралы шешім қабылданады. Енді, ертең-бүрсігүні босамақ жаңа орынға жаңа кісі керек. Шын мәнісінде, «Жазушы» баспасына қатысты бүткіл шаруаны басқарып отырған Олжас Сүлейменовтың таңдауы... маған түсіпті.

Бұл кезде мен еркін шығармашылық жұмыстамын. Ұзақ өмірімнің ең бір сәулетті кезеңі. «Аласапыранның» екі кітабы да тәмам және жарыққа жеткен. Қаламгерлік шеберлігімнің де ең үлкен биігіне шыққан, дарқан мезеті деп айтар едім. Осы жақында ғана өзгеше тұрпатты, мінсіз «Шақан-Шері» романы жазылып біткен, енді «Жұлдыз» журналында терімде жатыр. Бұдан әрі үздіксіз самғай беретін сияқтымын. Міне, дәп осы кезде күтпеген ұсыныс. Жүрегім тас төбеме шықты десем артық емес. Тозаққа жақын азап күтіп тұр. Қиындық – Есенберлин заманынан үйреншікті жұмыста емес. Аяқ-қолың байлаулы тұтқынға түсуде. Яғни, бейнетті шаруадан арылмайсың, жазу – еркін отырып қалам ұстарлық уақыт мейлінше шектеулі. Шын мәнісінде, ешқандай мүмкіндік жоқ. Осының бәрін біле тұра, мен Олжекеңнің ұсынысын қабылдаған едім. Бұл кезде «Аласапыран» Мемлекеттік сыйлықтың бәйгесіне түскен. Ол деген – жай ғана марапат емес, бар жолың ашылуға тиіс ең үлкен биік. Баспаға бармасам, Олжасты реніште қалдырып, осыншама игіліктен бас тартқандай болар едім. Екінші қисап – алды-артымды жинақтап, өткен шығармалардың жаңа басылымын, «Аласапыранның» орысша аудармасын тезінен жүзеге асыруға мүмкіндік тұмақ. Аз-маз іркілген жазудың орнын артынан толтыра жатамыз. Осылай деп шештік, алайда жүрегім шайлығып, бір апта бойы ұйқым бұзылған еді. Кейде шашы қысқа әйелдің өзі жөн сөз айтып қалатыны бар. Біздің алты баланың анасы маған: неге соншама тарықтың, жұрттың қолы жетпей жатқан қызмет; айдалып бара жатқан жоқсың, үш жыл отыр, содан соң кетем десең, ешкім де ұстамайды! – деген сөзі әжептәуір медет болып еді. Ақыры, 1984 жыл 1 ноябрь күні «Жазушы» баспасына келіп орнықтым.

6

Үйреншікті жұмыс дедім. Ол – Есенберлиннің заманы. Бұдан тура он үш жыл бұрын. Бәрі басқаша болып шықты. Былыққан қойыртпақ. Мен келген бетімде сегіз емес, он, он екі сағаттық және сенбі мен жексенбіге жалғасқан ауыр жұмыстың астына түстім. Тақаудағы қырық күнде баспаның бар жұмысын игеріп, жаңа бір серпінге жол ашу қажет еді. Айтқанымдай, Сайынның баспагерлік дағдысы шамалы, оның үстіне, келгеніне төрт-ақ ай болған. Есесіне бастық тәжірибесі бар. Және, бірден байқағанымдай, көп жұртта жоқ кеңшілігі. Мен толық еркіндік алдым. Ортақ істің пайдасы үшін.

Алғашқы аптада баспаның редакциялық портфелін түгендедім. Үстіміздегі 1984 жылға тиесілі кітаптардың қайсы шықты, қайсы қалды. Алдағы, жаңа жыл жоспарындағы әдебиеттің жай-күйі, қаншасы тапсырылды, қаншасы кезекте тұр. Жинақтап келгенде, қандай атаулар типографияда жатыр, және терімдегісі, бірінші, екінші корректурадан өткені, жарыққа шығуға дайын тұрғаны. Осының бәрін нақтылап бітпей, алдағы уақытта нәтижелі жұмыс жасау мүмкін емес еді. Шығармашылық саласы түгелдей менің ғұзырымда десек те, бірінші бастық – директор, дәп осы ретте және бұдан соңғы жиырма бес ай бойы екеуіміздің

арамызда алалық туған жоқ. Керісінше, мен өз құқығымды артығырақ пайдаланып отырған сияқтымын. Бұлай деуім – типография шаруашылығы һәм бухгалтерия, әрине бөлім бастықтары арқылы, тікелей директордың есебінде. Мен ыбырсып жатқан баспахана тарабын бірден қолға алдым, жүйелі тәртіп үшін ғана емес, алдағы айқындық үшін. Келер аптада есеп-қисап жұмысына араластым. Қаламақы мәселесін тексергем. Біздің жазушылар үшін қарастырылған гонорар көлемі толымды екен. Бір есептен, өткен директор Әбілмәжін Жұмабаевтың еңбегі. Соңғы бес-алты жылда баспа өнімінің жалпы көлемі ұлғаймаса да, белгілі, танымал және тірі классик саналатын жазушыларымыздың көп томдық шығармалар жинағына жол ашылған. Тиесілі қаламақы – бірінші басылым есебінде. Осыған орай үлкен қор қалыптасқан екен. Жылдық кесімі – 1 миллион 750 мың сом. Біздің аға жазушылар, оларға жалғас кейіннен көтерілгендер де, әрбір кітабына он-он екі мыңнан алады. Ол заманда мұғалім, дәрігер және басқадай кәсіптегі орташа қызметкердің айлығы – жүз жиырма, жүз қырық сом мөлшерінде, ал министрдің үлесі – төрт жүз-төрт жүз елу сом десек, біздікі – қыруар ақша. Енді, бұрынғы тісқаққан директордан соң, тәрізі, Әукебаевтың арам есебі бойынша, қаламақы үздіксіз және қажетімен төленбей, қаншама қаражат іркіліп қалған екен. Жыл аяғына дейінгі екі айға жетпес межеде 600 мың сом мойында тұр. Ол кездегі тәртіп бойынша, азды-көпті игерілмеген ақша түгелдей мемлекет есебіне кетеді де, келер жылғы бюджет осыншама қысқармақ. Бұл жағдайды Сайынға мәлімдедім. Алдағы елу күнде осыншама ақшаны жұртқа үлестіріп біту керек. Қолма-қол төтенше шешім қабылданған. Ең алдымен, іркіліп жатқан, мойындағы барлық қаламақыға жол ашылды. Содан соң графикте тұрған, кейбірі дайын, көпшілігі әлі редактордың қарауынан өтпеген қаншама қолжазбаға асығыс шарт жасалды – барлығы да алпыс пайыз ақшасын алған. Және, әзірше графикке түспеген, бірақ жылдық жоспарда бекіген біраз авторға жиырма бес пайыздық аванс жазылды. Ең бастысы, екінші терімнен өткен, быйыл, немесе келер жылдың бірінші тоқсанында жарыққа шығуға тиіс кітаптардың ақырғы, екінші гранкалары бойынша түбегейлі есеп жасалды. Сөйтіп, жылдың соңғы декадасы қарсаңында қаламақы мәселесі толықтай шешім тапқан. Яғни, тиесілі ақша тұтасымен өзіміздің ақын-жазушыларымыздың үлесінде қалды. Әрине, алғашқы айдан тартып, келер жылға қарастырылған қаламақы нақтылы есеппен ұстала бастаған. Арғы жылы да бар қаражат өзіміздің жазушылардың несібесіне жұмсалған еді. (Осы арада нақтылай кету керек, 1986 жылы, әрқилы қолайсыз жағдайлар нәтижесінде Сайын баспадан ноябрь айында кетті, ал мен өзім сұранып жүріп, Желтоқсан оқиғаларына жалғас, 27-, әлде 28 декабрь күні еркіндік алдым, айтайын деп отырғаным, Сайыннан кейін келген директор Марал Сқақбаев, менен соңғы бас редактор Оразбек Сәрсенбаев, басқасын білмеймін, осы гонорар мәселесін оп-оңай шешіпті. Бізге мұншама ақша артықшылық етеді деп, 1 миллион және 750 мың сомдық мол қаламақыны дөңгелектей қысқартып, бір миллионға түсірген екен және осыншама ұтқыр «үнем» үшін жоғарыдан алғыс алған. Бұл ұтымды есеп – «Байдың

малын байғұс қызғанады» емес, қазақ әдебиетіне қарсы қастандық танылуы керек. Біздің қаламгер қауым бала-шағасын асыраумен қатар, біршама молшылық жағдайда жаңа шығармалар жазу мүмкіндігінен осылай айрылған еді.)

Сөйтіп, қырық-елу күндік тыпырдан соң бар шаруамыз қалыпқа түскен. Сайын екеуіміз ескі жылдың соңғы күндерін типографиямен аралықта өткердік. Жылдық жоспардың, атау емес, баспа табақ және тиесілі табыс жөнімен толық орындалуы үшін қаурыт жұмыс жасауға тура келген. Ақыры, жаңа жылға үш күн қалғанда барлық көрсеткіш міндетті жоспарға ілініп еді. Осының алдындағы аптада мен де үлкен бір межеге жеттім. Әуелі Тәңірімнің алқауы, содан соң Олжас ағамның жебелеуі – «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Мемлекеттік сыйлық алдым. Менің шығармашылық ғұмырымдағы ең үлкен атақ қана емес, бұрнағы қисынсыз қиындықтар артта қалып, еңсе көтерілген, серпінге толы, өзгеше бір дәуір басталды деген сөз.

7

Жаңа жылдың алғашқы айында, менің баяғы «Көк мұнар» тұсындағы ренішім біржола тарқамаса да, Сайынмен арамыздың жақындаса түсуіне септескен бір оқиға болды. Мен үшін айрықша мәнді. Қазақ жазушыларының көптомдық жинақтарының бұрнада Мәскеудегі Одақтық Госкомиздатқа ұсынылған тізімі беку қарсаңында тұр. Енді ең соңғы нақтылау. Жоспар нұсқасында мен де бармын – біртөмдік. Шындығында мұндай жеке кітап жоғарының арнайы рұқсатынсыз, бұл жақта да шыға беруге тиіс. Әуелде Сайынның өзі, Әбіш пен Дүкенбайға қатарласа менің Таңдамалы шығармаларым да екі томдық ретінде санатқа қосылған. Алайда, өзіміздің Баспакомда артық көріпті. Біржола есептен кетіру орайсыз, сондықтан жұқанасын қалдырған. Төраға Елеуенов емес, бас редактор Мамажановтың қолтаңбасы. Ал тұстас жігіттер өз орнында. Мен Сайынға айттым. Біртөмдіктің Москвадан бекуі шарт емес, алғызып таста, әйтпесе, тиесілі қатарға қостыр, деп. Екеуіміз оңаша отырғанда, Сайын орталық Госкомиздаттың бас редакторына тікелей телефон шалды. Мұхтар Мағауин – пәленбай да түгенбай қаламгер, осы жақында ғана Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығын алды, анау үлкен тізімдегі санаулы лауреаттың бірі, оның үстіне қазір «Жазушы» баспасында бас редактор, бірге жұмыстап жатырмыз, сондықтан менің арнайы өтінішім, Таңдамалысы екі томдықтар қатарында болса, деп. Арғы жақта отырған бастық, қапелімде аты-жөнін сұрамаппын, ешқандай қырыс, мәймөңкесіз, бірден келісті. Сөйтіп, менің екі томдық жинағым алдағы бесжылдық жоспарға ілінді. Бұдан соң, 1986–1990 – есептегі кез келген жылда жарыққа жетуге мүмкін еді, тағы да сол Мамажановтың кедергісімен, 1990 жылы, менің елу жасымда әрең шығарып еді. Межелі жаспен қапталдасуы шарт емес-ті. Мәселен, Фаризаның көлденеңнен қосылған екі томдығы атаулы жасынан үш жыл бұрын жоспарға түсіп, 1986 жылы терімге тапсырылды. Дүкенбайдың екі томдығы қағаздағы елу жасынан

екі жыл бұрын шықты. Ал Сайынның өзіне ешқандай бөгесін жоқ еді, алдағы 1986 – елу жылдығы.

Бұл екі ортада біздің баспадағы жұмысымыз күрделене түскен. Арыз-құрыз көп. Әбілмәжін Жұмабаев пен Есет Әукебаевтың он төрт жылында біздің жақтан жазылмаған арыздар. Десе де, советтік замандағы үйреншікті жағдай. Алайда Сайын ешқандай кінәратсыз, тап-таза отырғысы келді. Таза болғанда, тікелей өзіне қатысты көлденең сөз шықпаса дейді. Ақыры, 1985, жаз ортасы, келесі жылдың үлесіндегі кітаптар тапсырыла бастаған кезде атаулы екі томдығынан бас тартпақ болды. Өз жазғандарын тықпалаудан аспады дейтін дабыра көтерілуі мүмкін, дейді. Осындай шешімге тоқтадым, дейді. Тоқтағанда, екі томдық емес, бір томдық қана. Мен айттым. Сен жұртқа жаққың келсе, тақыр-таза отыр. Бір томдығын шығарды деп арыз жазылмасына кепілдік бере алмаймын. Он жыл отырсаң, он жыл бойы басылма. Сонда да кінәрат табады. Енді елуге келесің. Үлкен жазушы деген, талассыз атағың бар. Бір томдық таңдамалың бұрын да шыққан. Қайталауда мән жоқ. Қатарлас, тіпті, сенен кейінгілер қол созып отырған екі томдық өз атыңа, Мәскеуден бекіген бесжылдық жоспарда тұр. Уақытыңда шығармасаң, саған емес, қазақ әдебиетіне обал болады, дедім. Ақыры, көндірген едім. Әділеті де осы. Сайынның екі томдық Таңдамалы кітабы, шын мәнісінде, осы уақытқа дейінгі бар жазуы топталған толық жинағы көп ұзамай өндіріске кетті, келесі 1986 жылдың басында жарыққа жеткен.

Бірден байқағаным, Сайын жұмыс бабында ғана емес, күнделікті әдеби шеруде ешкіммен қайшыласқысы келмейді. Және қандай қатынаста жүрсе де, көпе-көрнеу қиянат, шектеуден тартынатын. Бұл жағдай, әсіресе, қаламақы қақына байланысты. Молынан кесетін жомарттығы бар еді. Әрине, орынсыз аста-төк емес, қисынды әділетіне қарай. Өз тұсымыздағы авторлар жөні кедергісіз. Сондай-ақ арыдағы әлдебір қысталаң ахуалды да естен шығармас еді. Яғни, жаңа кітаптарында кемісін толтыру. Кейбір ретте сәті келіп, өткенді түзеткен жағдайларымыз да болды. Мәселен, Жұмағали Исмағұловқа қатысты кілтипан. Бірде, қатарлас, қарама-қарсы бөлмелерде отырсақ та, әдеттегіше телефон шалды. Маған Жүмекең – Жұмағали Исмағұлов ағамыз келіп тұр, деген. Бұрнағы бір аудармасын бітіріпті. Жаңа ғана редакцияға тапсырдым дейді. Бәрі жөн. Әйткенмен, өткенде жиырма бес процент авансын алып қойған екен. Сол ескі шарт бойынша, қаламақысы кемшін кесіліпті. Ең төменгіден сәл ғана тәуір. Мен айтып отырмын, өтіп кеткен шаруа, қисыны қалай болар екен, деп. Енді қайтеміз? Бірден аңдадым, Сайын жасы үлкен әріптестің меселдесін қайтара алмай, мен арқылы нақты жауабын айтпақ. Бірақ Есенберлин заманынан баспа ісіне машыққан менің шешімім керісінше шықты. Оп-оңай, дедім. Тек азғана кілтипаны бар. Редакциялық кеңесте аударманың артықша сапасы атап көрсетіліп, қаламақысын көтеру туралы ұсыныс түсуге керек. Сонда жоғары деңгейдегі жаңа шарт жасаймыз. Тек кітаптың бастапқы тиражында, өткен шарттағы жиырма бес процент күшінде қалады. Қалған төрттен үш бөлігіне жаңа ставка бойынша қаламақы берілмек. Жүмекеңді маған

жіберерсің, қазір аударма редакциясының бастығын шақырам, тиесілі жағдайды түсіндіріп, мәмлеге келеміз, дедім. Бәрі дәп солай болды. Бұл – бізден бұрын өткен ғапыл істі түзету десек, күнделікті жұмыста қандай да автордың тиесілі қақысы оңымен шешіліп жатқан. Баспаның қаламақы қорының молдығы ғана емес, қатардағы редактордан жоғарыдағы директорға дейінгі әділетті, кеңшілік жағдайға байланысты.

Әлбетте, талап, тілек атаулының бәрі бірдей жайдақ орындала бермейді. Әркімнің әдебиеттегі несібелі сыбағасына қарай. Әйткенмен, әлгі Жүмекең сияқты, өтіп кеткен бір шаруаның орнына келмегені бар. Жаппар Өмірбеков. Осы баспада талай жыл қызмет атқарған, ол да бізден көп үлкен, қазақ поэзиясында алдыңғы қатарда тұрмағанымен, өзіндік дәрежесі бар, танымал ақын. Кітабы терімге түсіп кеткен екен. Жұмағали Исмағұловтың жағдайын әлде өзінен, әлде сырттай естісе керек, маған келді. Жәке, болмайды, дедім. Жұмағалиға болды ғой... Ол кісінің кітабы әлі өндіріске жетпеген. Ал сіздің жинақ талқыдан өтіп, терімге кеткен. Және әуелгі, алпыс процент қаламақысын алып қойдыңыз. Онда кейінгісін түзеп бер, дейді. Қисыны жоқ, болмайды, дедім. Көпе-көрнеу кейімесе де, көнгендей еді. Екі-үш күн, әлде бір аптадан соң Сайынға барыпты. Сондай да осындай, маған Жаппар ағамыз келіп отыр, не айтасың, дейді. Бұл жолғы әңгіме басқа, жездемді менің өзіме жібер, дедім. Жезде болатыны, менің түп нағашым, есімі ел ұранына айналған Жобалай бидің төртінші ұрпағы, Омбыда ветеринар мамандығына жетіп, бұдан соң Том университетінде білімін көтерген, Қарқаралы дуаны, біздің Дағандел болысын билеген, кейінде Алаш-Ордаға жалғас, ақыры атылып кеткен Бейсенбай атамның үлкен қызын алып отыр. Қалжыңдаса беруші едім. Қарасирақ кедейдің баласы, Совет өкіметінің арқасында менің айдай апамды қолыңа түсірдің, ақын болып, тұқымыңды жақсартып, татымды әулет құрып отырсың, деп. Рас, рас, деп күлетін. Тағы бірде, Қарқаралыға сапарласып барғанда, жасы үлкен деп алдына қойылған, майлы, құйқалы басты өзіме қарай тартып алғам, қаракесектің шалы өз басын өзі мүжуі керек пе, жасым кіші болса да, жол менікі деп. Бұл ретте де жығылды, келесі дастарқан атаулыда жол осы Мұхандікі деп, өз қолымен алдыма қоятын. Тағы сол сияқты қыжыртпа әзілдер. Тап қазір тіпті оңтайға түсті. Жездем Сайыннан өтіп, амалсыздан екінші қайтара келіп қалды. «Жәке, өткенде айтып едім ғой, болмайды, қисыны жоқ деп. Енді несіне қаузап жатырсыз», – деймін. «Сайыннан анығын білейін деп...» «Анығын мен айттым емес пе.» «Әйткенмен... Сайын болады деп тұр ғой...» «Онда жезде-еке, осы қазір Сайынға қайта барыңыз. Бір тасын сұрайсыз. Кәдімгі, ең қымбат екі тасының бірін. Сайын бетіңізді қақпайды. Жарайды, Жәке. Ертең келіп алыңыз, дейді. Содан ертең таң ата, пышағыңызды сайлап, дорбаңызды арқалап, жалаңдап келесіз. Сонда Сайын: «Жәке, бүгін менің жағдайым болмай тұр, Мұхтарға барыңыз, қалағаныңызды сол береді», дейді. Ал менің артық мүшем жоқ. Көңіліңізді қалдырып, дәп осылай кері қайтарам...» – дедім. Жездем күлмеді. Бірақ істің мән-жайын нақты түсінген. Ұнжырғасы түсіп, кете барды. Әйткенмен, көп ұзамай жаңа жинағы жоспарға қосылып еді.

Айтпақшы, манағы Жұмағали ағамның жалғасы бар. Жарым жылға жетпей кітабы шықты. Жарым айдан соң алдыма келіп отыр. Қалың қабағы түйілген, мейлінше кейісті. Отырар-отырмастан сөйлеп кетті. «Бұрын осы баспада кісі сыйлаушы еді, – дейді. – Тәртіп бар еді. Енді бәрі былығыпты. Банкке барсам, қаламақы әлі аударылмапты. Мұнда, бухгалтерияға келіп сұрасам, келесі ай деп қарап отыр. Осындай да бола ма?!» – дейді. «Болады, Жұмеке, – дедім. Кейде біздің үлкен есепшотқа мол ақша уақытында түспей қалады. Кейде көп автордың бәріне бірдей үлгермей жатады. Яғни, ендігі ай. Ал жаңағы тәртіп жөніне келсек, бұрынғы басшылар айрықша сыйлағаннан сізге ең төменгі қаламақыны бұйырып еді, ендігі біз сыйпағанды біледі деп, ең жоғарғы дәрежеге көтердік. Қате болыпты. Сіз емес, мен ренжуім керек екен!» Жұмекең ағам жалт қарады да, орнынан тұрып, тіл қатпаған қалпы бұрылып жүре берді. Яғни, қолма-қол ақылына түскен. Шолақ ойлаған әдепкі пендешілік. Шындығында мен қаттырақ кеттім. Жазушылардың орталық баспасында бұлдаулы, сатымды ештеңе жоқ. Тәжірибелі аудармашы өзіне тиесілі үлесін алған. Тек осы Исмағұлов қана емес, жалпыға ортақ, меншікті сыбаға.

8

Өткенде жаздым, мен баспаға келерден бірер ай бұрын «Бес ғасыр жырлайды» антологиясының кейінгі екі кітабы талапайға түскен. Тиянағы босаңсыған Есет Әукебаевтың осы орнында қалу үшін жасаған, анығы, бұдан көп бұрын, үш томдық терімге кеткен кезде жоспарлаған зұлымдық әрекеті. Әрине, ескілікті кітапта ғаламат сұмдықтар бары, мұндай зиянды топтаманы біржола қирату қажеті туралы өзі ежелден жалғас КГБ-ға, одан да ары, ЦеКа-ға тиесілі ақпар түсіріп қойған. Енді осы екі тараптан қатарымен, бірі – астыртын, бірі – дабыра, айқаймен үлкен мәселе көтеріліпті. Орталық Партия Комитетінен Баспаком төрағасы Елеукуновтың атына жарлық есепті нұсқау түседі. Алайда, заманның әжептәуір жұмсарған мезгілі, үш том тұтасымен тәрік етілмей, тек түбегейлі тазарту, идеялық зиянды авторлардан арылту қажет екен. Сөйтіп, екінші, үшінші томдардан қазақ әдебиетінің тарихында үлкен орындары бар, он екі ақын сыпырылып түсті. Мен мұқият қарап шыққан соңғы корректурадан кейін. Шортанбай, Мұрат, Дулат, Базар, Әубәкір Кердері, бұларға жалғас Мәшһүр Жүсіп пен Нарманбет, Ғұмар Қараш, одан әрі Нұржан Наушабаев, Мақыш Қалтаев дегендей. Ешбір қисыны жоқ еді. Тіпті, Шортанбай, Мұрат, Дулаттың өзі ресми әдебиет тарихына енген, академиялық жинақтарда жекелеген өлеңдері басылып жатқан. Алайда, совет кеңістігінде заң жоқ, қалыпты жүйе, ақылға сыйымды рәсім де жоқ. Жоғарыдан жарлық түсті, Әукебаев ең соңғы мұратына жетті. Мен келген кезде әуелгі екі том өтіп кеткен. Мазақ қылғандай, жұлмаланған үшінші томның «түзетіліп, оңдалған» соңғы нұсқасы мен баспаға отырған күннің ертеңіне тұпа-тура алдыма түсіп еді. Амал жоқ, антологияның тұтастығы, бес ғасырдың бас-аяғы бүтін болуы үшін қол

қоюға тиіссің. (Бұдан әрі, осы тараудың ақырына дейін, ғұмырбаяндық «Мен» дилогиясының 1998 жылы жазылған екінші кітабы «Қия жолдарға» кірікпей қалған, енді жаңа тақырыпқа сыйымды, әрі қажетті бір үзікті сол қалпында тіркедік. Сондағы мәшінке қолжазбаның 295-300 беттері екен. –М.М.)

Осымен біткен шығар дегем. Бітпепті. Арада бірер күн өтер-өтпесте мәселенің үшінші, әлде төртінші қабат астары ашылған. Тиесілі жер, үйреншікті тажал ЦеКа-дан емес, құбыжық КГБ-дан екі жігіт келді. Кісілік киімде, мұнтаздай таза, өр кейіпті, еркін. Жастары мен құралпас. Қазақ. Бітім-тегі бірден байқалады. Сізбен танысуға келдік, дескен, сыпайы амандасып. Қызметіңіз құтты болсын. Енді Сізбен істес боламыз. Куәліктерін көрсетті. Бірі подполковник, бірі майор. «Бұдан былай кейбір мәселелер турасында бізбен ақылдасып, кеңесіп тұруға тиіссіз», – деді сенімге енген кейіппен. Барлық мекеме атаулы КГБ-ның бақылауында тұратынын, әрине, бұрыннан білем. Әлдебір кісі Жазушылар одағында еркін жүреді, әлдекімдермен анау-мынау, қысыр әңгіме көйітеді, түгел таныс, жиналыстардан қалмайды, бастықтарға кіріп тұрады. Ол басқаша бір кеп. Ал мынандай жағдайды бұдан қаншама жыл бұрын, Ілияс Есенберлиннің қарамағына жаңа келген кезімде алғаш рет байқап едім. Көлденең біреулер келгіштеп жүргеннен секем алып, сұрағанда айтып еді, білуге тиіссің, бізде бәрі қатаң бақылауда ғой, бірдене шығуы шарт емес, арнайы бекітілген кісілер, келіп тұрады, мән-жайды сұрастырады, шынын айтқанда, оларға да тыныштық керек, бірақ ештеңені қалт жібермеуге тиіс, жұмыстары сол, деген. Мына жігіттер қатаң сыпайы, нақты, артық-ауыс сөздері жоқ, менің жазушылық еңбегімнен жақсы хабардар екендерін байқатты. Содан соң жайлап, «Бес ғасыр жырлайды» антологиясына көшкен. Менің – құрастырушы екенімді біледі, әрине, алайда, әңгіме бөтен біреудің кітабы сияқты. Мен оң да демедім, теріс те демедім, жоғарыдан, жоғары болғанда, Баспакомнан – жалпыдан басталып, нақтыға көшкен жарлық және оны бекіте түскен ауызша нұсқау болғанын, шаруаның менен бұрын бітіп кеткенін, тапсырылған істің түгел орындалғанын айттым. Ең соңғы үшінші том – мынау деп, алдымда жатқан корректура табақтарын нұсқадым. «Сонда мұнда Шәңгерей Бөкеев бар ма?» – деп сұрады кішісі. «Бар. Ол туралы ешқандай әңгіме болмапты.» «Партиялық қаулыда айтылыпты дейді ғой...» Қайдағы қаулы? Әдебиет тарихын тексеріп жүрмін деген менің өзім бір сәт кідіріп қалған едім. Бұл жігіттер менен гөрі көбірек біліп шықты. Иә, есіме түсті. 1948 жылы ма екен, сыпыра соғу кезінде Шәңгерей де ілініп кеткен. «Ескілікті бір тізімде аталса керек, – дедім. – Арнайы сөз болмаған. Бұл кісі – «таза искусство» деген теорияны жақтаған ақын. Яғни, әдебиет күрестен, саясаттан тыс болуға тиіс, өнердің мұраты – өнер ғана дегендей. Ешқандай идеялық ағымға іш тартпаған.» «Қаулыны ешкім теріске шығарған жоқ қой...» «Қаулыға ілінген, шығуға болмайды десеніздер, алып тастайық», – дедім. Кекеткенім бе, шыным ба, он екі ақын қысқарғанда он үшіншісі бұйым емес. «Жоқ, жоқ... – деді үлкені. – Біз олай деп айта алмаймыз. Айтпаймыз. Хақымыз жоқ. Ерік өздеріңізде.

Жауапкершілігіңізге алсаңыз, шығара беріңіз. Біздікі – әлдебір зияны тиіп кетпесін деген...» «Жауапкершілігіме алдым, ешқандай зияны тимейді, сізге де, маған да...» – дедім. Жігіттер бас изегендей болды. Содан соң әңгіме ары қарай сабақталған. «Ал, Сұлтанмахмұт Торайғыров... ол да кетіп бара ма?...» «Кетіп барады.» «Ол Алаш-Орданың үлкен қайраткері ғой! Насихаттап жатқанымыз қалай болар екен?!» Төбемнен біреу сарт еткізіп ұрғандай болды. Қолымды оқыс алға созып, екі алақанымды бірдей серпіп, тосқадым: «Жігіттер, жетеді! Ендігісі ұят болады!» Жігіттер дағдарып қалды. Мұндайға үйренбеген және күтпеген. «Сіздерге қате, жаңсақ ақпар беріпті, – дедім әуелгі сөзімді жұмсартып. – Сұлтанмахмұттың басы ашық. Мектеп оқулықтарына дейін енген. Кезінде «Правда» газетінің өзі жоғары бағалаған. Осы соңғы жылдарға дейін неше мәрте кітабы шықты. Егер мәселені басынан көтеріп, қайта қарасақ, онда Мұхтар Әуезовтың өзіне тыйым салуымыз керек болады, ол кісі де бір заманда Алаш-Орданың ығында жүрген...» «Біздікі – істің мән-жайын айқындау, түсінерсіз, – деді үлкені кетерде. – Алдағы уақытта да хабарласып тұрамыз. Бірақ бізбен арадағы әңгіме, білесіз ғой, осы жерде қалсын...» «Әлбетте, – дедім мен. – Білемін...» Ақымақ болмасаң, аузыңды басып ұстайсың. Империя тарағаннан соң ғана айтып отырмыз. Кез келген мемлекетте қауіпсіздік мекемесі болуға тиіс. Қатерден сақтық үшін. Ұлттық мүдде, тәуелсіздік, тыныштық үшін. Бүгінгі ұлысымыздың ұлдары осы бағытты ұстанса жақсы. Ал бұрынғы, атының өзінен ызғар есетін КГБ... қауіпсіздік сақтаушы емес, қауіп, қатер төндіруші – басқаға емес, өз азаматтарына азап әкелгені белгілі. Десе де... «Жау жағында да бір үйің болсын» деген қазақ, ол тарапта қызмет атқарған азаматтарымыздың бәрі де оңбаған еді деп кесіп айту қиын, мына екі жігіт те жұмыс бабындағы кісілер; бар кілтипан міндет, парыз жайын қалай түсінуде, тәуелсіздік заманда мүлде басқаша жүрер еді деп ойлаймын. Сыртымнан не жазғанын білмеймін, көпе-көрнеу жаманшылығын байқамадым, пәле қуғанын, бірдеңені бықсытқанын көрмедім, мен де мүмкіндік бермесем керек. Ал манағы және одан да бұрнағы сенім мен еркіндік – Есет Әукебаевтың осы баспада он төрт жыл бойы тынымсыз тұтатқан шаласынан күш алып, одан әрмен өрістесе керек. Сол жігіттер бұдан соң да, мен баспада қызмет атқарған екі жыл орайында кезекпе-кезек әлденеше рет жүздесті. Келеді. Көлденең әңгімемен бес-он минут отырамыз. «Тыныштық па?» дейді сосын жалығып. Тыныштық. Бәрі дұрыс, бәрі орнында. «Тыныштық болғаны жақсы», – дейді. Әрине, бөтен-бастақ ештеңе шықпағаны жөн. Арада оншақты ай өткенде ғой деймін, кішісінің айтып қалғаны бар: «Бұрынғы бас редактордың тұсында ай сайын айқай шығып жатушы еді...» Онысы рас. Ай аралатып кітап туралатын. Ескі мұра тұрыпты ғой. Қазіргі заман жазушылары. Есенберлиннің әрбір жаңа кітабына қарсы тұтас бір крест жорығы ұйымдастырылады. Орта жолдан сүргіленіп, төмпештеліп, күзеліп, бүлдіріліп жатқаны. Қабдеш Жұмаділовтың Шығыс Түркстан тақырыбына арналған, ілкіде қаншама бөгелген романы орта жолда өндірістен алынып, ақыры әрең шықты, Өтебай Қанахиннің 16-жылғы

ұлт-азаттық көтерілісі туралы романы, жиырма мың данасы басылып, түптеліп, дайын тұрған жерінен кәмпескеге ілінді, пышаққа түсті, Әзілхан Нұршайықовтың Бауыржан туралы романы орта жолда талқандалды, Әкім Таразидың, Софы Сматаевтың тағы қаншама жазушының басылып тұрған кітаптары тұтқындалып, ай бойы, апталар бойы қатаң тергеуге түсіп, ақыры айыпты деп табылып, тым құрса бірер беті жұлынып, түзету жасалған жаңа парақ жапсырылып, жұлым-жұлым болып шығып жатты. «Алдаспанның» тарихын қайталап айтпай-ақ қоялық. Бес ғасыр антологиясының тура тоғыз жыл бойы созбақта жүріп, қаншама өткелектен соң өндіріске әрең өтіп, ақыры екінші терімде бастан-аяк тонауға түскені, бажайлап, толығымен жазса, тұтас бір романға жүк болар еді. Әбілмәжін Жұмабаев пен Есет Әукебаев «Жазушы» баспасының тағында берік отырған 1971–1984 жылдар аралығында мұндай үстін-үстін заңсыз, сорақы ахуал – үйреншікті жағдаят саналса керек. Совет империясының «тоқырау» аталған, мамыражай, ең тыныш, жалпы жұрт үшін барақатты кезеңі, ұлттық әдебиетіміз дамудың шырқау шыңына шыққан дәуірін қазақ қаламгерлері арпалыспен өткізді, осының бәрі – «Жазушы» баспасының КГБ құрсауы мен коммунистік тұсаудың жалпы жұртқа ортақ, шектеулі шеңберінің өзін тарылтып ұстауына байланысты болатын. Бұл кезеңде «Жазушы» баспасы әлденендей туыстық тапқан, үкімет пен партияға жаққан, өздерін «дарындылар тобы» деп атаған, әдебиетті малтабар кәсіпке, мәртебелі атаққа бейімдеген советшіл, октябршіл төрт-бес адамның атқорасына айналған еді. Ағайынды жемдеумен ғана шектелген жоқ, алашшыл қауымды қудалауды үйреншікті дәстүрге көшірді. Нәтижесінде, қаулап көтерілген қуатты әдебиетке өлшеусіз зиян келді, жалпы зардапты айтпағанда, қаншама қаламгердің тауы шағылды, кітаптары кісен, бұғауға, абақты мен пышаққа түскен ондаған жазушы тым құрса бірер ай ауырып тұрды, кейбірі инфаркт алды, дертті болды, кейбірі ажалынан бұрын өлді. Ал мен осы алапаттан аман шықсам – мықтылығымнан емес, «Алдаспанның» ойраны, «Көк мұнардың» жанжалынан соң, «Жазушыдағы» ауыр азап пен тынымсыз бейнетті қайткенде сүйегі берік ежелгі жыраулардың үлесіне тастап, қаламгерлік жолдағы бар мұратымды жаңадан ашылған «Жалын» баспасымен байланыстырған едім. Адамда пендешілік деген болады, дүние түзелмесе де, өзім оңалған, жазуым қалыпқа түскен, әдепкі өмір мен мәңгілік өнерде енді ешкім де тоқтата алмас, даңғыл болмаса да, даралығы анық, қасқа жол ашқан кезімде баяғы «Жазушыға» қайтып оралуым да, арлан бөрі ғана емес, ашатұяқ сыйырдың өзі қан иіскеген жеріне қайрылатыны сияқты, қорлық көріп кеткен орынға бір отырып көрейін деген далбасадан шықса несі бар.

Сырттай ештеңе өзгермепті. Шындығында бәрі басқаша. Бұрнағы бардың өзінің берекесі кеткен. Біз мүмкіндік қадарында өзгертуге тырыстық. Ең әуелгі және көрнекі жаңалық – ай аралатпай, өңшең қылмысты кітаптарды ұстаған ойбай мен аттан тыйылды. Бұл жағдай манағы кісілерді шектен тыс таңырқатса керек. Бір, екі емес, үш, төрт емес, тоғыз, он ай бойы ешқандай қылмысты іс қозғалмауы, баспаның

тып-тыныш отыруы тым сезікті. Қиғаш дүниелердің бәрін өткізіп, бөгетсіз жіберіп жатыр дейін десе, сыртта ондай дабыл жоқ. «Кез келген бейкүнә сөзді теріс талдаса, боғауызға айналады, – дер едім мен. Мәселен, Пәленбай қатынын қамшымен салып жіберді десе... бұл – порнография деп дәлелдеп, кітапты тоқтатуға мүмкін; көпке белгілі әндегі: «Неге, сәулем, шығарып сала алмадың» деген сөз тіпті сұмдық. Осы сияқты, бейсауат айтылған кез келген сөзге саяси теріс мағына беріп, айқай көтеруге болады...» Жігіттер менің тұспал лепесіме емірене қоймады. Содан соң турасына көштім: «Біздің жазушылар қауымында қоғам өміріне, адамдар арасындағы қатынасқа байланысты, әртүрлі пікірлер болуы заңды, – дедім. – Адамдық негіздегі, моральдық негіздегі. Соның бәрінен саяси астар іздемеу керек, – дедім ұғынықты тілге көшіп. – Мен бұрнада, Академияда қызмет атқарып жүргенде, өзім тіленіп жазылып, халық сотында қырық күн заседатель болдым. Сонда байқағаным – қателікті («қылмысты» деп айта алмадым) болдырып алып жазаға тартқаннан, болдырмауға тырысып, алдын алған жөн екен. Құққ қорғау орындарының бәрінің қызметі осыған саяды. Ал сіздер айтқан ағамыз қай жерден пәле шығады деп қуанып отырған сияқты.» «Олай емес, – деді кісім. – Ол ағамыз көргіш болатын.» «Көргіш болса, шығып тұрған кітаптан емес, өзі алдынан өткерген қолжазбадан көруі керек. Егер сол кезде мен директор, немесе Баспаком төрағасы болсам, Әукебаевты үш-ақ күнде молда қылып беретін едім. Намазды қалай үйретеді дейсіз бе? Бірінші кітапта қатаң ескерту жасаймын, өз алдыңнан неге жібердің, деймін. Екінші кітаптан соң ауыр сөгіс беремін, қатені қайталадың, міндетінді атқара алмай отырсың, деймін. Үшінші кітапта – жұмыстан шығарам, қолынан келмейді, әдеби және саяси сауатсыз деймін. Немесе, үшінші кітапқа жетпейміз. Бәлкім, екінші кітаптың да болмауы. Айқай да, аттан да сап тыйылады. Оп-оңай...» Кісілерім аңырап қалды. «Сайын Мұратбеков осыншама қырағы Есет Әукебаевты екінші кітапқа өткізбеді. Баспагерлік тәжірибе емес, қарапайым логика жөнімен...» Кісілерім басын шайқап жымияды. «Менде сол біреудің өзі болмайды, – деймін. – Осы арада қанша отырсам да, ешбір кітапты жалаға, пәлеге жібермеймін. Қалай, қайтіп, – ол өндірістік құпия. Мен – Ілияс Есенберлин марқұмның мектебінен өткен бас редактормын», – деймін мақтанып. Кісілерім күледі. Мысалдап отырған ағамның қаншалық сенімді болғаны белгілі. Рас, мені қолдады, демеді, сонымен қатар, тек қана жақсылыққа үндеді, ақыры әдіс-айласыз жалаңқылыш күйімде қалдым; бірақ «Кәрі орыс мұсылман болмайды» дегендей, мына азаматтар менің де түзелмесімді аңдауға тиіс, айбынсын деп қана шалықтап отырмын. Обалы қане, екі жігіттің де кеудемсоқ зорлығы, ақымақ аусарлығы болмады, сыпайы, дітті, кезекпен келеді, ескі таныстар сияқты үйреншікті, жақсы амандасамыз, жылы жүзбен, ашық сөйлесеміз, жағдайларыңыз қалай, дейді, жалпы сөз, құдайға шүкір, тыпа-тыныштық, мен отырғанда бұл жерде бәрі де жақсы болады, деймін, бөтен әңгіме жоқ, іштерінде не жатқанын кім білсін, бес-он минут отырады да кетеді; жұмыстарының жақсы нәтижесі ме, жаман

нәтижесі ме, білмеймін, шынында да мен отырған екі жыл екі ай ішінде бірде-бір айкай шықпай кетті-ау, ақыры.

9

«Жазушы» баспасына ішкері келген соң мен бірден байқаған, бұрнада болмаған ерекше сорақы жағдай – мұнда орыс тектілер үстемдік жасайды екен. Бұрнағы басшылар билеуші нәсіл, асыл әулет ретінде төбеге көтерген, бетімен жіберген. Редакция меңгерушісі – Задорожный деген, шоқша сакал, қоңырқай өңді, отыздың үстіне жаңа шыққан жас жігіт. Бірер кітаптың авторы, Жазушылар одағының мүшесі екен. Мен қатысқан алғашқы лездемеден аңдалғаны, тым еркін отырады. Екінші, үшінші жолы қарқынын көтере түсті. Баспахана графигін түгендеу кезінде директордың өзінің сұрақтарына немқұрайды жауап береді. Арасында сөзге кірісіп, бүткіл баспаны біз – орыс редакциясы көтеріп, табысқа жеткізіп отырмыз деп айтып қалды. Мен аңысын аңдап, сөзін тоспадым. Және жиналысты басқарушы – Сайын. Осыдан соң Задорожный емес, өзімнің жұмыс ретіммен орыс редакциясының бар шаруасымен түбегейлі таныстым. Өрескел жағдаят. Ең әуелі – бұл редакцияға бөлінген көлем тым көтеріңкі. Ал редакция қоржыны тақыртазаға жуық. Өткен бір-екі жыл ішінде шыққан кітаптарды түгендеп, ендігі кезегін сараласам, тіпті сорақы. Орыс тілді қаламгерлер, үлкені де, кішісі де жыл сайын дерлік кітап шығарады екен. Мәселен, шартты түрдегі Иванов, тәрізі, ешқандай бөгеліссіз алғашқы кітабын бастырды дейік. Жөн-ақ. Келесі жылы – екінші кітап. Ал бұл «жаңа» жинақтың үштен екі, тіпті, төрттен үші – алғашқы кітаптан. Енді үшінші жылы осы екі басылымды қосып, кейінде жазылған төрт-бес өлеңмен жөргемдеп, үшінші кітабын жоспарлайды. Проза тарабында да осыған ұқсас. Әуелгі жинақ, аралас екінші жинақ, топтама үшінші жинақ. Юрий Герт сияқты саяси күмәнға ілінген, немесе, басшылыққа ұнамаған бірді-екілі кісі болмаса, аз-маз аты шыққан орыс жазушылары ескілікті, жаңалы шығармаларын үсті-үстіне топырлатып жатыр. Бекітіп берген 700 баспа табақ көлем аясында бәрі заңды көрінеді. Сондай кеңшілік ғұмыр. Ал қазақ редакцияларында тозақы таршылық. Жастардың жаңадан өтуі – қыл көпірге тақау. Үлкендердің өзі кезек күтуге мәжбүр. Өйткені, редакциядағы қатар-қатар шкафтарда қолжазбалар тығыз орналасып, әрең сыйысып тұр. Жаңылмасам, поэзия редакциясына 160 баспа табақ, проза редакциясына 800 баспа табақ берілген. Бүткіл қазақ әдебиеті деген сөз. Бұл кезде дамыған, кемеліне жеткен қазақ өлеңі мен қазақ көркем сөзі. Өзі елі, өз баспасында осындай кіріптарлық. Жоғарыдан түскен нұсқау емес, осы баспаның өз ішінде орнаған тәртіп нәтижесі. Орыс қаламгерлері үшін қазақ есебінен жасалған артықша ахуалмен қатар, бұл редакция қызметкерлері де өздерінің қожайын, нәсілдік артықшылығын еркін сезінеді екен. Қазақтарға төбеден асыра қарайды, дәлізде қарама-қарсы кездескен жағдайда, мұндағы жас қыздарына дейін қазақ редакциялары мен корректорлар және мәшіңке бюросындағы егде әйелдердің өзіне жол

бермей, қаға-соға жүреді, қит етсе, шап етіп беттен алады екен. Яғни, Қазақстан Жазушылар одағында кеудесі көтеріңкі жұртымыз «Жазушы» баспасында мүлде басқа, кемшілікті қалыпта. Мәселенің анық-қанығын байыптаған соң, мен үшінші, әлде төртінші аптада редакция меңгерушісі Задорожнийды кабинетіме шақырттым. Ең әуелі оның өзінің жеке бас мәдениетіне назар аударып едім. Апталық «летучка» ғана емес, өткен бір жалпы жиналыстағы мінезіне. Жұмыс тәртібі, әдепкі рәсім деген бар. Адамдық әдеп өз алдына. Содан соң орыс редакциясындағы қыз-келіншектердің дәкір жүрістері мен шадыр мінезі. Қай-қайда да, үлкенді сыйлау рәсімі, әдепкі этика сақталуы керек. Задорожний мені күле отырып тыңдады. Содан соң ақталған жоқ, керісінше, өзінің бар ісін заңды санайтынын айтты. Шынында да, бүткіл баспаны орыс редакциясы ұстап отыр. Соған орай, тоқсандық үстемелер және он үшінші еңбекақы да бізге артығымен бөлінуі керек. Ал орыс және қазақ редакцияларындағы әйелдердің өзара қатынасы – әркімнің қалауына байланысты. Мен айттым. «Товарищ, сен керуеннен қалып қойған кісі сияқтысың. Совет адамдарының бәрі тең құқықты. Ұлттық, тілдік айырма есеп емес. Осыны есіңе сақта. Бүгінгі баспа директоры – жалтақ Әбілмәжін Жұмабаев емес, көптеген үлкен қызметтерді атқарып келген, ең бастысы – үлкен жазушы Сайын Мұратбеков. Ал мен – әумесір, шаласауат (самодур, полуграмотный) Әукебаев емеспін. Саған бірінші және соңғы рет ескертемін. Жиналыстар кезінде өз орныңды біл. Қыздарың әдепкі этиканы сақтасын. Сондай-ақ, баспаны біз асырап отырмыз деген сөзіңді доғар. Бізді асырап отырған – қазақстандық орыс редакциясы емес, орыстың арғы замандағы классикалық әдебиеті және әр кітабы елу-алпыс мың тиражбен басылып жатқан қазіргі қазақ прозасы. Осымен әңгіме бітті. Қайталап айтайын, мен – әдебиетте халтурщик, әдепкі өмірде бейшара (ничтожный) Әукебаев емеспін. Бұрын білмесең, енді жадына тұт. Менің атым – Мұхтар Мағауин!» – дедім. Өзінің артықша туған нәсіліне сенімді Задорожний қыңбады, ыржия күлген беті шығып кеткен. Мен болған жағдайды Сайынға бажайлап жеткіздім, қайткенде Задорожнийдан құтылу керек. Орталық Партия Комитетінде сақтыққа үйренген, Михаил Иванович Есенәлиевтің қарауында қызмет атқарып, ұлт мәселесіне машықтанған Сайын: «Орыстарды қудалап жатыр» деген жалалы дабырға қалмаймыз ба?» – деп еді. Біз орысты қудаламаймыз, жұмысын дұрыс атқара алмай отырған редакция меңгерушісін ғана қызметінен шығарамыз, оның орнына қазақ емес, басқа бір орыс келеді, ал мына қалыпта сен екеуіміз әлдебір әулекі, шалағай дорақтың тепкісінде отыруға тиіс емеспіз, дедім. Сайынның да Задорожнийды ұнатып отырғаны шамалы, тек біздің жұрттың буынына түскен катерден сақтық әсері. Ақыры, менің ұсынысымды мақұл көрді. Мен сол күннен бастап, кәсіподақ жетекшісі мен тағы бір-екі кісіні орыс редакциясының жұмыс жағдайымен танысып, тиесілі қорытынды жасауға қостым. Әрине, мен манада айтқан мәселелер және тағы қаншама кінәрат табылған. Арада апта өтпей, кешегі өр тұлғалы Задорожний алдыма өзі келіп еді. Мухтар Муханович, деген. Мен ақымақ болыппын. Арнап оқып

көрдім, Сіз үлкен жазушы екенсіз, шын шебер (истинный мастер) екенсіз. Сондықтан кешірім сұраймын, дегені. «Товарищ, – дедім. – Біздің екеуара әңгімемізде менің жазушылығым, оны қалай бағалау туралы сөз болған жоқ. Орыс редакциясының жұмысы, сіздің өз міндетіңізді атқара алмай отырғаныңыз айтылды. Бар жағдайды бірден мойындап, қателіктерді түзетуге талап қылуға болатын еді. Енді пойыз кетіп қалды. Менің өзім де тоқтата алмаймын», – дедім. Келесі аптада Задорожный баспадан қуылған. Осыдан соң орыс редакциясындағы әйелдер де бұрынғыдай қойқандап жүрмейтін болды. Мен кейінгі кезеңде де Задорожныйдың жағдайын сұрастырып қоятын едім. Алдағы бір жылдарда Қазақстаннан біржола кетіп, тәрізі өзінің әуелгі жұрты Молдавияға барды деп естідім. Міне, осындай, не шығармашылық қуаты жоқ, не адамгершілік қасиеті, тіпті, әдеп, мәдениеті жоқ әлдебіреу – қазақтың бас нәшіриятын шыр айналдырыпты, біздің момындық емес, дәрменсіз, именшек жағдайымызды кім пайдаланбаған. Бар кінә отарлық ахуалда ғана емес. Өзіміздің құлдық санамыздан бастау алады. Тәуелсіз ел атанған бүгінгі күнге дейін арылмаған кесел.

Енді орыс редакциясын шығармашылық тұрғысынан да біржола жаңарту қажет еді. Өткен – кетті, алдағы талап жалпыға ортақ жағдайға көшірілді, келер жылдың тақырыптық жоспары түгелдей қоржындағы қолжазбалар жөнімен қалыптанды. Тым қушыып кеткен екен, Максим Зверев, тағы бір белгілі жазушылардың қайыра басылымдары негізінде толыққан. Соның өзінде бұрнағы көлемге жетпей тұр. Ақыры, 550–600 баспа табаққа тоқтадық қой деймін. Алайда, орыс тілді әдебиет азайып кетті деген кінәдан құтылу үшін осы 150–200 баспа табақ көлемді қазақшадан орысшаға аударма редакциясының үлесіне бердік. Яғни, ұлт жазушылары қазіргіден көбірек тәржімаға түсуге тиіс.

Тағы бір кіді мәселе – «массовая литература», яғни көпшілікке арналған әдебиет саласына қатысты болатын. Баспаның қаражат кірісінің қомақты бөлігі осы, көбіне жеңіл оқылатын, қызғылықты шығармалар үлесіне байланысты. Мәселен, Дюманың әлдебір романы, немесе, Конан Дойл, сол қатарлы үш-төрт кітап. Әрине, орыс тілінде. Әрқайсы 200 мың, тіпті, одан да көп тиражбен басылады. Мұның жолы тіпті оңай табылды. Шет елдік жеңіл әдебиетті өзіміздің қазақ жазушыларымен алмастырдым. Алғашқы жылы Мұхтар Әуезовтың «Абай жолының» төрт кітабы, жаңаша көркемделіп, екі том болып, жиыны 400 мың таралыммен шықты. Және Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебінің» үш кітабы, жекелей, әрқайсы 200 мыңнан. Және Ғабиден Мұстафиннің бір томдығы. Келесі жылы Ғабит Мүсірепов – «Оянған өлкенің» екі кітабы, әдепкі, көтерме тиражбен. Бұған жалғас Сапарғали Бегалиннің балаларға арналған бір томдығы және «Қазақ ертегілері», нақты есімде жоқ, екі, әлде үш томдық. Алдағы заманда қазақ қаламгерлерінің жалғас буынына кезек келуге тиіс еді: Нұрпейісов, Ахтанов, Есенберлин деген сияқты. Одан соң, әлбетте, біздің қатар: Кекілбаев, Мағауин және басқалар. Өкінішке қарай, үшінші дүркінге есе тимей қалды. 1986 жылдың соңына қарай Сайын «Жазушы» басшылығынан ысырылды, одан соң мен де қуана-қуана кетіп тындым.

Жаңа директор көпшіл әдебиеттің қазақы құрылымына тоқтау салды. Есенберлинге қимайды, Нұрпейісов пен Ахтанов онсыз да басылып жатыр деп шешкен сияқты. Бұлардан соңғы біздер біржола байып, және атақтары шығып, мүлде күшейіп кетеді деп ойлаған.

10

Қазақ халқының ежелгі ауыз әдебиеті нұсқаларына қатысты, зиялы қауым, жалпы жұрттың үлкен өкпесі бар еді. Туыстас халықтар, өзбек пен түркменге талас жоқ, қайткенде республика, мүмкіндігі бізден көп төмен, автономиялық татар мен башқұрт, тіпті, қарақалпаққа дейін, өздерінің ежелгі мұраларын ондаған том қылып шығарып жатыр. Ал қазақ – қозғаусыз. Баспасөз бетінде қаншама айтылса да, шешімі жоқ. Мұның себебін бен баспаға келген бетте анықтадым. Сериялық және толық, тандамалы көптомдық кітаптар алдағы бесжылдық есебінде Москвадан бекуі керек екен. Қазіргі қазақ жазушыларының көптомдық жинақтары мен баспаға келгеннен соң, жаңа жылдың басында Одақтық Госкомиздаттан бекіді. Алды бес-алты кітап, арты екі кітап. Жиыны елу том. Келесі бесжылдық осымен толды. Арғы бесжылдық та үйреншікті үлгімен кетпек. Ал халық әдебиетіне орын табылмайды. Өйткені, ежелгі мұрамыздың жиын көлемі аса ауқымды, менің есебімше, сол елу томнан аспаса, кем емес. (Кейін, тәуелсіз заманда жүз томға сыймай қалды.) Яғни, жол мүлде жабық... Мен – мен деп нақтылап айтайын, бұл кілтипанның шешімін оп-оңай таптым. Ешқандай Москваның, – Одақтық Госкомиздаттың арнайы рұқсаты керек емес. Алдағы 1986 жылдың жоспарына Қазақ эпосының үш томдығы, Ертегілердің екі томдығы енгізілді. Одан арғы – 1987 жылға эпостың тағы екі томы, «Ертегілердің» екі томы және «Ақындар айтысының» әуелгі екі кітабы. Кезегімен өз жұртымызда бекіді, біз баспада отырған кезде 1986 жылға белгіленген кітаптар жарыққа шығып, келер жылға тиесілі нұсқалар түгелге жуық өндіріске тапсырылған. Ұтымды тәсілдің мәнісі – осы кітаптардың барлығы бір серия саналады. Рас, әрқайсы жеке-дара, түптің түбінде халық эпосы – бірінші, екінші, бесінші, тоғызыншы том болып кете бермек, ертегілер мен айтыс үлгілері, қатарлас ғашықтық жырлар тағы да осы үлгімен жалғас табуға тиіс. Алдағы заманда қазір мүлде ұмыт қалған «Қисса хикаяттар» және басқа да ескілікті мұралар қатарға қосылмақ. Бәрі бір серия дедік. Бұларды тұтастырып, біріктіріп тұрған, сырттай елеусіз, шын мәнісінде аса мәнді: «Қазақ халық әдебиетінің нұсқалары» деген анықтама – әрбір сериялық кітаптың контртитул бетінде жазулы тұрады. Яғни, эпос болар, ертегі, немесе ғашықтық жырлар, айтыс үлгілері болар, әрқайсы дербес, түптеп келгенде біртұтас серияның тиесілі тарамы болып шығады. Елу том ба, алпыс том ба – қазақ халқының ежелгі әдеби мұраларының біртұтас, ортақ жинақтамасы. Осы, әрқилы жанрдағы қаншама кітап – атаулы серияның жалпыға ортақ эмблемасы бар: сақ қазынасынан қалған салт атты алтын жауынгер бейнесі. (Айта кетейін, ақыр түбінде бұл өзгеше үлгі сорақы өзгеріске

түскен. Атты жауынгерді мен скиф-сақ дәуірінің ескілікті альбомынан тауып едім. Алтыннан құйылған, шамасы үш те төрт сантиметрлік ғажайып мүсін. Текіректей шапқан ат үстіндегі жауынгердің отырысы мығым, ердің алғы қасына тіреген қолында тікелей ұстаған қайқы қылыш. Біздің суретшілер сол қалпында көшіріп, нұсқалады. Сайын теріс көрмеген сияқты, алайда, бірден-ақ: «Мына қылыш қалай болар екен... – деген. – Қылыш көтергеніміз...» «Батырлар жыры бастан-аяқ соғыс емес пе», – дедім. «Бізде батырлар жыры ғана емес, өзің айтып тұрғандай, ғашықтық жыры, ертегілер, бейбіт айтыстар да бар ғой», – деді. «Уақа емес, – дедім мен. – Мына эмблема – қылыштан өткір ескілікті сөз деген мағна береді.» «Болмайды, – деді Сайын. – Мынау – бейбітшілік емес, соғыс белгісі. Қылышын алып тастау керек...» «Онда эмблемадан не қалады?» «Қалсын, – деді Сайын азғана бөгеліп барып. Бірақ қылыштың жүзін қысқартайық.» Сөздің артын күтпестен, суретшімізге дәп солай деген нұсқау берді. Көркемдік кеңес еді, баспа қызметкерлерінің алдында директормен дауласып жату артық. Бәлкім, атты жауынгердің ұстағаны қысқа қылыш, немесе қанжар болып шығар. Ұтымды композиция бұзылады, бірақ атымыз бен кісіміз айқын таңбаланады ғой. Ақыры, батырлар жырының бірінші томы шыққанда көрдім. Атаулы эмблема кітап мұқабасында және ішкі екінші бетте тұруға тиіс еді. Тұр. Алайда, айбынды, алтын жауынгердің қолына ұстағаны – қылыш қайда, қанжар да емес, қысқа, жуан таяқша болып шығыпты. Сол беті атаулы серияның барлық кітаптарында жүр. Әуес көрген кісі алып көруіне болады. Әйткенмен, атты алтын жауынгер мүлде ұмытылмаған, қатардан қалмаған. Көп ұзамай «Өнер» баспасына келген жаңа директор Сұлтан Оразалин алтын жауынгерді сол, қаз-қалпында нәшірият эмблемасы ретінде таңдап алыпты. Әсем, әрі мағналы, ерекше белгі.)

«Халық әдебиетімен» қатар, қазақтарға арналған, айрықша мәнді болмаса да, қажетті тағы бір серия ашылған. «Мемлекеттік сыйлық лауреаттары» дейтін. Мәскеуден бастап, көпшілік республикаларда рәсімге енген, құрметті басылым. Сайын күлген. Өзіңді шығарғалы отырсың ғой, деп. Көп ұзамай, сен де шығасың, дедім. Екеуіміз онсыз да басыламыз. Қалай дегенде қазақ әдебиетінің ең тәуір үлгілері қазаққа жете берсін. Және әрбір кітаптың тиражы толымды болмақ. Бәлкім, уақыт оза келе, орысша нұсқаларын қатарға қосамыз. Ең үздігімізді. Одақтық деңгейде насихаттау үшін...

Бұл серияны әуелі Госкомиздаттан өткізіп, содан соң Орталық Комитетте бекітіп алу керек еді. Алғашқы кітаптарымыз кетсе, соңғылары кезегімен өзінен өзі жалғасып жатпақ. Алға кімді саламыз, деді Сайын маған сынай қарап. – Есенберлин бе, Ахтанов па? Мен ойластырып қойғам. Есенберлиннен бастасам, бүткіл сериямыз теріске шығарылады. Ең ұтымдысы – бүгінде наны жүріп тұрған Фариза мен Мұртазаев. Содан соң – ұлы орыс халқынан Максим Зверев. Осыған келістік. Барлық инстанциядан зырқырап өтті. Қолма-қол іске қосылған. Аталып, бекігендей, шағын көлемді, мән-маңызы да шамалы «Қара маржан» романы – Шерхан Мұртазаев. Максим Зверевтің, ол да үлкен емес, бұла

табиғат һәм аңшылық туралы әңгімелер кітабы. Және Фариза Оңғарсынованың өлеңдері. Осы Фаризаға байланысты азғана ренішті кілтипан туған. Серияның өзіндік атауына сәйкес бір ерекшелігі – тек сыйлық алған еңбек қана басылуға тиіс еді. Фариза жиырма баспа табакқа жуық үлкен папка әкеп тастапты. Есебі, таңдамалы бір томдық. Мен арнайы телефон соқтым. Фәке, қалған кітаптарың ретімен басыла жатар, бұл жолы сыйлық алған шығармалар ғана баруы керек, деп. Ал Фаризаның сыйлыққа ұсынылған кітабының уақыты сәйкес келмей, өзгеше құдіретпен, ең соңғы сәтте, қажетті мезгіл, әр тарапта – «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жаста» басылған үш топ өлеңдері тізімге енген. Жинақтап келгенде, жиырма шақты ғана жыр. Фариза ерекше басылымның мұндай шартын естігенде шалқасынан түсті. «Қалай шығарамыз, санаулы ғана өлең, ұят болады ғой!..» – деп еді қатқыл дауыспен. «Сыйлық алғанда ұялған жоқсың ғой!» – дедім мен. Дағдарып қалды. Содан соң: «Мен ол сериямен кітап шығармай-ақ қояйын...» – деді ашулы қалыпта. «Біз шығарамыз, – дедім. – Компартияның Орталық Комитетінде Закаш Кәмәлиденов өз қолымен бекіткен жоспарды орындауға міндеттіміз!..»

Ақыры бастырып шығардық. Бастапқы титул беттері бар, артқы мазмұн мен техникалық деректері бар, әр өлең жеке басылған, кейбірі созылып, келесі бетке көшкен – жинақтап келгенде, типография машинасының бір қарымына жеткізіліп, отыз екі беттік кітапша болып шықты. Қыз болса да қатқыл сөйлесуім – амалсыздан еді. Өз лепесіне орай және атаулы серия қайткенде басталуға тиіс-ті. Оның үстіне, азғана ренішім де болса керек. Екеуіміз Мемлекеттік сыйлыққа қатарлас ұсынылды. Бір кілтипан – соңғы шеңбер қарсаңында Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссия басшыларына Нұрпейісов, Ахтанов, Мырзалиев, Мұртазаев, Мұхаметжанов, Қабдоловтар бастаған, Кекілбаев қосылған сегіз кісінің мәлімдемесі түсіпті. Және баспасөзде жарияланған. Дәп осы жолы Мұқағали Мақатаев Мемлекеттік сыйлық алуы керек, дейді. Бұл кезде Мұқағалидың атақ-даңқы дүрілдеп тұрғаны рас. Алайда... атаулы сыйлық жарысында дүниеден өтіп кеткен адамды марапаттау мәселесі қарастырылмаған. Ал, тіршілігінде қатардағы жақсы ақындардың бірі ғана саналған Мұқағалидың көзден ұшқанына аттай сегіз жыл болды. Бұл екі ортада төтенше сыйлық жөнінде сөз көтерілген емес. Аралықтағы үш мәрте додада: Қалижан Бекхожин, Шерхан Мұртазаев, Ғафу Қайырбеков, Қадыр Мырзалиев, Әзілхан Нұршайықов, Хамит Ерғалиев, Максим Зверев, Тұманбай Молдағалиев... лауреат атанды. Енді, осындай төтенше мәселе көтерілген соң, Мемсыйлық құрамындағы алты секцияның, ол кезде ең соңғы шешім алдында іріктеу құқұғы бар басшылары Мұқағалиды қатарға қосады және қажетті екі кісіні тіркейді: Фариза Оңғарсынова мен... Вениамин Ларин деген құбатөбел, бірақ орыс текті журналист. Менің ауылдас ағам, аталас туысканым Еркеғали Рахмадиев үстемдік еткен келте мәжіліс нәтижесінде, алдыңғы талқының бәрінде толық дауыс алып, бірінші келе жатқан Мұхтар Мағауин қатардан түсіп қалады... Күтпеген кесел. Менің Мұқағалиға қандай жағдайда да

қарсылығым жоқ, кейінгі естелігімде айтқанымдай, тіршілігінде бір адам риясыз қолдаса – ол мен едім. Егер барлық рәсімді бұзып, Мұқағалиды алға шығару қажет болса, аты да, заты да дүмбілез Лариннің орнына түсуі керек еді. Алайда, ешқандай қате жоқ. Сегіздің атаулы мәлімдемесінің астарында Мұқағалиды көтеру емес, Мағауинді төмендету мақсаты жатқан. Тәрізі, бұл жағын аңдамаған, төтенше хатқа дүрмекпен қол қоя салған Әбішке телефон шалып, қатты ренжідім. Егер Мұқағали сыйлық алсын деген оң ниеті болса, Фариза ең алдымен тізімнен өзі бас тартуы шарт, деппін. Бұл сөздің мәнісі – манағы сегіздің бел ортасында Фариза да жүрген. Өзі дәп осы жолы сыйлыққа ұсынылып жатқан Фариза Оңғарсынова. Бұл төтенше шараны кім ұйымдастырса да, бір есеп, екі қисап. Мұқағалиды көтере отырып, жақсы атпен Фаризаны өткізу. Екінші – бізді сүріндіру. Айтқанымдай, міндетті түрде Мұқағали аталса, менің емес, әдебиетте ешқандай ізі жоқ Лариннің орнына еруге тиіс-ті... Ақыры, Мәскеуде іс-сапармен жүріп, кешегі мәжілістен сырт қақпай қалған Олжас, Алматыға орала салысымен, Димекеңнің алдына барып, бәрін бұзған. Ең әуелі, соңғы тізімнен құнсыз Ларин ұшып кетті. Содан соң, Мемсыйлық ережелерін бұздырмай, және үлкен құрмет үшін, Мұқағалидың атына Жазушылар одағының дербес сыйлығы тағайындалды. Ал біз «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа жеткен едік. Бәлкім, кейінірек анықтап, бажайлап жазармын. Фаризаның теріс қолтаңбасын емес, өзімнің Мемлекеттік сыйлыққа жетуімнің тарихын. Өзім үшін емес, сол замандағы әдеби ортаның әдет-ғұрпын айғақтау үшін.

11

Есенберлиннің заманында қазақтың ұлттық рухының ұйытқысы болған «Жазушы» баспасы, соңғы он үш жылда Әбілмәжін Жұмабаевтың ұлтсыздығы және топшылдығы, анығы – жылы жерде отырып, жан сақтамақ босандығы нәтижесінде, ең бастысы – КГБ-ның кадрлық қызметкері, дарынсыз, бірақ артқы сүйеніші мықты және ұят, иман атаулыдан ада, сырты күліп тұратын, іші – мерез ғана емес, қатыгез қарақшы Есет Әукебаевтың тынымсыз, әрі тыңғылықты бүлдіргіш әрекеттері нәтижесінде мүлде дерлік азып-тозып кеткен екен. Сырттай қарағанда бәрі қалыпты. Кітаптар шығып жатыр. Жазушылар азды-көпті, тиесілі қаламақысын алып жүр. Шын мәнісінде кез келген жаңа кітаптың астарында қаншама қиын өткелек тұр. «Жазушыға» қатысты әрбір қаламгердің басынан кешкен хикая өз алдына бір тауарих. Және бұлардың әрқайсы жекелей жығылып, жекелей күресіп жатыр. Ақыр түбі қандай да дау-дамай, тұтас бір кітаптың тағдыры Әукебаевтың алдында шешіледі. Белгілі бір шығарма, атаулы қаламгер ғана емес, бүткіл қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні және болашағы осы, сырттай сыпайы, тіпті, жалтақ, дәрменсіз көрінетін, шын мәнісінде ештеңеден тайынбайтын, қанқұйлы, қаражүрек монстрдың қолында тұрған. Бұрнада шетжағалап айттым, бұл жолы да толық ашылмаймын, ақыр түбінде Әукебаев туралы

арнайы жазу ниетіміз бар. Әйткенмен, әңгіме желісіне орай кейбір сарындар.

Жұмабаев пен Әукебаев тұсындағы ең үлкен рухани қылмыс – қазақ халқының ескілікті әдеби мұрасы мен ұлттық тарихына қатысты. Осы ретте, бұрын жазылған жағдайды үстірт қайталауға тура келеді. Ортағасырлық қазақ поэзиясының антологиясы «Алдаспан» туралы талай айтылған. Бұл кітапты құрдымға жіберуде бастапқы дабыл және қозғаушы күш – Әукебаев болып еді. Мен осыдан соң, баспадан сыртқары жүрсем де, үлкен үмітпен «Бес ғасыр жырлайды» деген атаумен үш томдық, толық жинақ ұсындым. Алғашқы кітабы менің есебімде, жалғас екі кітабын білгір әдебиетші Мардан Байділдаев әзірлеп еді. Қаншама өткелектен соң, 1977 жылдың тақырыптық жоспарына енгізілген. Алайда, баспа жыл аяғына дейін созып келіп, ақыры заңды жоспарынан шығарып тастады. Мен бас редактордан озып, директорға кіріп едім, қашырта сөйлеп, ЦеКа-ға сілтеген, барып көрсен, өзің сөйлессен, дейді. Дәп осы арада Орталық Комитеттің қатысы жоқ, өткен жазда жоспарға бекітіп берген, ендігі ырғылжың – Әукебаевтың шаруасы болатын. Мен Әбілмәжін Жұмабаевқа ренішімді ашық айттым: «Осы бұрынғы-соңғы ақын, жыраулар поэзиясы менің жеке меншігім емес, бүткіл қазақ халқының мәңгілік мұрасы. Яғни, сізге де қатысы бар. Мен қажетті шаруасын түгел атқардым. Аруақ, құдай риза. Енді неге әркімнің қайырын күтіп, зыр қағып, ел ақтауым керек?! Жарар. Токтатып қойыңыздар. Бірақ мен бас тартпаймын. Әйткенмен, дәп қазір уақытым жоқ. Енді бес жылдан соң қайтара, шындап кірісем. Оған дейін аман болыңыз!»,» – дегем. Бұл кезде «Аласапыранға» дайындалып жатқам. Ақыры, бастадық, табандап отырдық, бітірдік. Әуелі, 1981 жылдың соңында бірінші кітап жарияға шықты, содан соң, келер жылы тамызда екінші кітап тәмам болды, және 1983 жылы күзде жарыққа жетті. «Аласапыран» өз қолымнан өте салысымен, айтқанымдай, Бес ғасырлық ата мұраны айғақтау әрекетіне түбегейлі кірістім. 1984 жылдың тақырыптық жоспарына қосылып еді. Бұл кезде баяғы Әбілмәжін Жұмабаев пен Есет Әукебаев әлі сол, бұрынғы орнында отырған. Қаншама машақат, қайыра және үстеме талқыдан соң терімге кетіп еді, алайда, орта жолдан, екінші гранка кезінде Әукебаев тағы да аударылып түскен. Бұл бес ғасыр антологиясының қыл-көпір жолы мен талқандалу тарихын бұрын жазғанбыз, осы ретте де үстірт еске салдық. Қисапсыз қиянат және таусылмас хикаят. Ақыры, жұлмаланса да, негізгі тұрғысымен жарыққа жеткен.

Ал соншама жыл бойы баспаға ілінбей, жоспарға кірмей-ақ мансұк болған ескілікті мұралар өз алдына. Ең ақыры, ұлы Абайдың өзі соңғы он жылда толымды қалыпта шықпаған екен. Ал тарихи тақырыптағы туындылар жөнінде айтып жатудың өзі артық. Бір Есенберлиннің мысалы жетіп жатыр. Әр кітабы дау, қисынсыз талқы, орынсыз қысқартулар мен түзетулер, ақыр түбі ай аралатып, жыл өткізіп, әбден бүлінген қалпында жарыққа жететін.

Тек ежелгі мұра мен ұлттық тарих қана емес. Қазіргі замандағы қазақ әдебиеті қыспаққа түскен. Әбділдә Тәжібаевтың, Әзілхан Нұршайықовтың, Өтебай Қанахин мен Тұрсынбек Кәкішевтің, Әкім Тарази мен Софы Сматаевтың, тағы басқа қаншама жазушының кезекті кітаптарынан «идеялық қателер» табылып, турауға, жұлмаға, өңдеуге, жөндеуге түскен. Және ең кереметі, баспаға әзірлеу кезеңіндегі қиянат өз алдына, әдетте екінші терімнен соң, көбіне кітаптың бар тиражы басылып, түптеліп, таралуға тұрған кезінде «әшкере» болады ғой. Мұның кейінгі бір қызығы – Мұхтар Әуезовтың кезекті томына байланысты ойбай-аттанды жаңа директор Сайынның өзі көріп, қайран қалғанын айттық. Бұл кесірлі кеп – біздің жазушылар қауымының ортасында үрей туғызған, алайда, тұсауға түскен мықтылардың бәрі де, адам сенгісіз жағдайда, мұншама былғаныш ойын шартын қабылдауға мәжбүр еді. Сөйтіп, Есет Әукебаев «Жазушы» баспасы ғана емес, бүткіл Госкомиздат жүйесін үлкен қатерден сақтап отырған қырағы, және адал қайраткер ретінде, берісі Баспаком төрағасы Елеуменов, арысы КГБ мен ЦеКа тарабынан қисапсыз мадақ естіп, орны толмас қызметкер ретінде берік отырған еді. Ілкіде айтқанымыздай, үлкен жұмыс тәжірибесі бар, әрі қарымды қаламгер, ең бастысы – ақыл-есі тұзу азамат Сайын Мұратбеков бұл өзгеше жүйені бір-ақ сағат ішінде әшкере қылып, одан соң жоғарыға жүгініп, оп-оңай талқандап берді. Әйткенмен, мен келгеннен соң да, әлдебір пәлекет өтіп кетпесін деп қауіптеніп отырар еді. Есенберлин тұсындағы жағдайды айттым. Сырттан ұйымдастырылған «Алдаспан» оқиғасы болмаса, бір де бір кітаптан айқай-ұйқай шықпапты. Мәселе «жат сарын», «идеялық қателерде» емес. Соны қалай танып, қалай қабылдауда. Әукебаевтың «қырағылығы» – баяғы 37-жылғы «жапон шпионын» әшкерелеу сияқты арам іс болатын. Әлбетте, ұсқа-түйек, күмәнді сөз, тіркестер ұшыраспай тұрмайды, тек мұндайда кінәраттың алдын алу керек. Тіпті, әсіре сақтықпен тазартылмаған жағдайдың өзінде, әлдебір қырағы көз арнап тауып, шұқыламаса, кітап бетінде елеусіз қалар еді. Сонымен, Жұмабаев–Әукебаев дәуіріндегі террор біржола тоқталды. Мен отырған жиырма алты ай ішінде мұндай пәленің ұштығы да көрінбеген. Ол замандағы жазарман қауым мұншама бейбіт өмірге тез үйренсе, бізді арнайы бақылаушы, бұрнада «Жазушы» баспасын айрықша қатер ордасы ретінде танып білген, өздерінің қызмет бабымен анда-санда келіп, тамыр басып кететін КГБ өкілдерінің өзі қайран қалып еді. Бұл қалай? – деп сұрайтын менен. Ондай пәлекеттің бәрі Әукебаевпен бірге кетіпті деп күлетін едім. Біздің шефіміз – Шыңғыс дейтін жігіт еді. Одан үлкені – Хараби. Екеуі де қырықтың ішіндегі кісілер. Мен де таң қалдым. Ұғым-түсініктері жоғары, керек десеңіз, ұлттық санасы да зор, кісілікті азаматтар еді. Фамилиялары есімде жоқ. Мен де риза, олар да риза, бейбіт, түсіністі жағдайға жетіп едік.

«Жазушы» баспасының барлық редакцияларында байсал, орнықты ахуал қалыптасты. Қуғын-сүргін жоқ. Ешкімнің адамдық бейнесіне көлеңке түспейтін, еркіндік жағдай. Бұл тұрғыдан алғанда Сайын – қарауындағы жұртына жайлы басшы болып шықты.

Жаңа айтқанымдай, соңғы он бес жыл мұғдарында ұлы Абайдың өзінің толымды басылымы шықпапты. Жекелеген, шағын жинақтары бар, ал екі томдығы жоқ. Келген бетімде, бірден-ақ келесі жылдың тақырыптық жоспарына енгіздім. Бұл – өзгеше басылым болуға тиіс еді. Мейлінше көркемделген, әрі менің өз тұрғымнан бірталай текстологиялық өзгерістер енгізілген. Сурет, рәсім жағы белгілі шебер Нағым Нұрмұхамедовке тапырылды. Ақыры, оншақты ай тынымсыз жұмыстан соң, кең көлемді, графикалық суреттері түгел салынып бітті. Бұл кезде Абай өлеңдері пен поэмалары және ғақылия сөздерінің толымды жапсырмасы да дайын тұрған. Өткендегі басылымдардың жай ғана қайталануы емес, кейбір өлең мәтіндерінің көпе-көрнеу жаңсақ жазылымын түзету және кейбір сәтте қалыптанған уәзінді жетілдіру. Ең аяғы, қаптаған тыныс белгілері. Түгелімен өз қолымнан өткеріп едім. Көлденең көзге көрінбес қаншама тың жаңалық. Ең оңайынан бастасақ, мәселен, атақты «Сегіз аяқтың» кемі үш-төрт сөйлемге бөлініп жүрген әрбір шумағы – құрмалас, бір-ақ сөйлем. Осы тұрғыда басқа да өлең шумақтары шолтандап, орынсыз жіктеле берген екен. Бұл тыныс белгілерінің мағналық үлкен қатеге ұрынатыны да бар. Мәселен, әйгілі «Қыс». «Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда...» Анығы – боран сияқты долданғанда емес, борандатып...» яғни, аралықтағы үтір арқылы: «Борандай, бұрқ-сарқ етіп долданғанда...» Сондай-ақ, күз суретінде: «Жапырағынан айрылған ағаш, қурай...» емес, қурайда жапырақ болмайды, сондықтан да сыйықсыз қурай аталған, ал өлең жолының нақты таңбасы – қураған ағаш, яғни, бұл ретте үтірсіз оқисыз: «Жапырағынан айрылған ағаш қурай...» Мұндай жаңсақ жағдаяттар көбіне-көп сөз мәнісін аңдамаудан туындаған. Сондай-ақ, бұдан да үлкен жаңсақ – мазмұнға бойламау, емле ережесіне шалалық емес, тарихи танымға байланысты. Мәселен, Абдрахманды жоқтау жырларының бірінде мынандай, екпінді, мағналы толғам бар:

«Кәркиден пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті...»

Үстірт қарағанда, бәрі орнында тұрған сияқты. Аплатонымыз – Платон, онымен қосарда Сократ тұр. Ұғынықты жағдай. Әйткенмен... «кәркиден піл» дегеніміз қандай піл? Анығында, «кәркиден» – пілдің анықтамасы емес, өз алдына дербес хайуан: ағылшын тілінде ежелгі грек негізді *rhinoceros*, орысша да сол мағналы «носорог», бізде қалыптасқан қазіргі аудармасы – «мүйізтұмсық». Ал «кәркиден» қайдан келді десеңіз, Абай өзі «Ғақылияда» сілтеме жасап отыратындай, «Бабұр-наманы» жақсы білген, ортағасырлық түркі прозаның ғана емес, әлем әдебиетінің үздік үлгілерінің бірі, осы ғажайып кітаптың Үндістан туралы бөлімінде кәркиденнің толық сыпаттамасы бар, айрықша күшті, долы, бірбеткей

жануар екені айғақталады. Шынында да, Үндістан кәркидені – Оңтүстік-Шығыс Азияда, Африкада кеңінен тараған осы тұқымның ең ірісі саналады: салмағы екі жарым тоннадан астам, тұмсық мүйізінің ұзындығы 60 сантиметрге дейін, бойы екі метрлік шомбал, бірақ жатаған бітіміне қарамастан, беттесе қалған жағдайда алып пілдің өзін шегінуге мәжбүр қылады, тайталаса түссе, жарып тастауы да мүмкін екен. Яғни, кейінгі Платон мен Сократ сияқты, бұл ретте де қосар көрініс: кәркиден [мен] піл. Ары қарай кеттік. «Тағы арыстан...» – асыранды арыстан болмайды, тіпті, тағы, жабайы дей салайық. Бірақ бұл да арыстанның айқындамасы емес, басқа бір, жылқы текті, ерекше жануар. Бүгінде қазақ даласында жойылып кеткен құлан мен тарпаң кейіптес, бірақ мүлде бөтен қылқұйрық. Арғы, XIX ғасырдың өзінде тек Моңғол үстіртінде ғана сақталыпты, ілкі және қазіргі ғылымда, еуропалықтар қатарында алғаш рет көріп, сыпаттаған Пржевальскийдің есіміне тіркелген, «пржевальский жылқысы» аталады, бейне бір сол орыс генералы жаратып, өсіргендей. Бұл «тағы» – «Сегіз аяқта» да бар, алғашқы шумақта: «Тағыны жетіп қайырған...» Жабайы жануар атаулының ортақ анықтамасы емес, сол өзгеше жануардың нақ өзі. Махамбетке қараңыз: «Тағыдай түн түре караған, – Тарпаңдай тізесін бүгіп су ішкен...» «Аласапыран» романында осы тағы мен құлан және бұлардан да асау тарпаң – бар болмыс-бітімі, мінез ерекшелігімен біршама толық сыпатталған. Яғни, Абайда «тағы арыстан» емес, тағы [мен] арыстан. Енді «қаһарман Ғали»... Ешқандай кінәрат жоқ сияқты. Батыр, ержүрек Ғали. Шындығында, бұл да қосарлас айқындама. Қаһарман [мен] Ғали... Хазіреті Ғали мұсылман аңыздарында көпке белгілі болса, Қаһарман да қазақ үшін дәп сондай ерекше тұлға. Кейінде мүлде ұмытылып қалған (қазір жүз томдық ескілікті мұрада қайыра басылған болуы мүмкін) Қаһарман дейтін алып күш иесі. Бесікте жатқан кезде жындар ұрлап алып кетеді, Қап тауында, өзгеше ортада өсіп-жетіп, ақыры кездейсоқта өзінің нәсіл-тегін таныған соң, жындарды қырып-жойып, қаншама машақатпен адам затын табады; қазақ ұғымында Хазіреті Ғалидан асқан ғаламат батыр; бұл екеуі әлдеқалай ұшырасып, белдесе күресіпті, сонда Қаһарман сілкіп қалғанда, Ғали тізесіне дейін кара жерге кіріп кеткен екен, ақыры пайғамбардың өзі ара түсіп, екеуің де мұсылмансың деп, татулыққа келтіріпті. Міне, сондай ғажайып жыр, заманында халық арасына кеңінен тараған, мен бала кезімде талай рет тыңдап едім, кейін Ғылым академиясының қолжазба және сирек кітаптар қоймасынан тауып оқыдым, мен білген нұсқадан көп төмен, әлсіздеу бір тармағы екен. Бәлкім, әлдеқайда басқа да бір үлгілері сақталған шығар, бұл жерде айтпағым – Абай жоктауында «қаһарман Ғали» емес, «Қаһарман [мен] Ғали.» Сонда, тұтастай алғанда манағы шумақ:

«Кәркиден, пілдей қуатты,
Тағы, арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман, Ғали білекті...» – болып шығады.

Міне, осы және тағы қаншама нақтылау дәйектері бар. Жекелеген сөз ғана емес, бәрі де өз орнында тұрғандай көрінетін өлең

шумақтарының өзіндік өлшемі, ескіше, Абайша айтқанда, уезін тарабында тағы қаншама түйткіл ұшырасады екен. Мәселен, «Кешегі Оспан», «Бойы бұлғаң», «Қуатты оттай бұрқырап» деп басталатын өлеңдердің әр шумағы алты тармақтан емес, жеті тармақтан. Керісінше, «Сен мені не етесің...» – әр шумағы қазіргідей жеті емес, алты тармақтан. Сондай-ақ, төрт жолды, әдепкі шумақтың екеуі, кейде үшеуі үйлесе жымдасып, сегіз, он екі тармақты түйдек құрайтыны бар. Мәселен, атақты «Көзімнің қарасы» – қазір таңбаланып жүргендей, төрт тармақты емес, өзара кіріккен сегіз тармақты құрылым. Сондай-ақ, «Асқа тойға баратұғын» – төрттік сегіз тармақ және тағы төрт жолдық қайырым – жиыны он екі тармақты түйдектен тұрады. Өлеңнің басынан аяғына дейін сақталған бұл жүйе – баға, қорытынды түйін есепті соңғы шумақта ғана бұзылады екен. Міне, осы қатардағы, бұған дейін ескерілмей келген тағы қаншама кілтипан. Әлбетте, ұлы Абайдың қазірде жалпы жұртқа мағлұм академиялық мәтіні – ең жоғарғы талапқа сай, сонау 1940-жылдан бастап, өз кезінде Мұхтар Әуезовтың жетекшілігімен, Мұратбек Бөжеевтің іждағатымен дайындалған, соған жалғас үздік нұсқа – 1945 – жүз жылдық Толық жинақта тағы да сол ұлы Мұхаңның басшылығы, Сәбит Мұқановтың, профессор Нығмет Сауранбаевтың, Құнанбай әулеті, ескілікке және Абай сөзіне жетік Әрхам Ысқақовтың қатысымен шыққан өзгеше басылымдар арқылы бүгінгі қалыбына түскен. Біз айтып отырған жағдаяттар – әлденендей елеулі өзгеріс емес, ұлы ақынды қайыра оқу нәтижесінде, белгілі нұсқалардың өзін жетілдіре түсу тарабындағы жұмыс. Сөйтіп, өзіміздің көкейімізде көптен тұнған және Абай мұрасын ғұмыр бойы зерделеуден шыққан бірталай соны жұмыстар жасалып еді. Көлденең суық қол араласпай, сол қалпында жарыққа жетті, мен баспадан кетер қарсаң, 1986 жылдың ақырына таман. Бірден-ақ үлкен реніште қалған едім. Көркемдеу жүйесіне айрықша көңіл бөлініп, мол қаражат шығарылған екі томдық алдағы кітап жәрменкелерінің бірінде бәйгеге түсіп, полиграфиялық тұрғысынан үлкен марапатқа ілінсе керек еді. Өзі ұлы классик Абайдың жинағы болса, өзі ерекше безендірсе, күмәнсіз жағдай. Алайда, атаулы тізімде тұрған бұл кітап сапасыз қағазға басылыпты. Мен тіптінектеп қадағалай алмаппын, шындығында, арнайы тексермей-ақ, өз ағынымен шығуға тиіс-ті. Басқасын айтпағанда, қалың қазақ қауымы үшін қастерлі, құнды басылым ретінде. Ақыры осындай болды. Соншама мән берген көркем суреттеріміз ойдағыдай таңбаланбай қалыпты. Әйтеуір, Абайдың мәңгілік мұрасына қатысты бірлі-жарым текстологиялық өзгерістер өз орнында тұр. Мен тек «жауапты шығарушы» ретінде ғана қол қойған бұл екі томдықты кейінде тағы бірнеше рет мұқият қарағанымда, осы орайдағы және қаншама көлеңкелі жағдаяттар көзіме шалынды. Алдағы заманда, атамның ұлы мұрасын қайыра зерделеп ұзағынан отырып, бағзыдан көкейге түйген барлық байламды жинақтап, Абай текстологиясы тарабында көлемді, дәйекті мақала жазуым қажет екен. Бір айта кетер кінәрат, Абайдың кейінгі мерекелік жинақтарында 1986 жылғы басылым, бірер ретте болмаса, мүлде дерлік ескерілмепті. Кезінде, 90-жылдардың бір тұсында бұл

тараптағы мән-жайды өзімнен шет жағалап естіген Оразақын Асқар «Жұлдыз» журналында атаулы мақала да жазған еді. Ол да ешкімнің қаперіне келмеген сияқты.

Әдетте, кейбір іске көлденең бір жағдайлар себеп болуы мүмкін. Мен баспаға барған бетте, ұйғыр әдебиетінің өткендегі бір классигі Біләл Назымның қазақшаға аударма, көлемді кітабы алдыма түскен еді. Мейлінше көркемделген, айрықша бедерлі суреттері бар. Сонда екі түрлі байып шыққан. Біріншісі – осы уақытқа дейін өзіміздің қолымыздағы ұлттық баспамызда ұлы Абайға осыншама көңіл бөлінбепті. Ақыры не болғанын айттым. Екінші – күні бүгінге дейін Абай ұйғыр тіліне аударылмапты. Мен ұйғыр әдебиеті редакциясының бастығы Тұрған Тохтамовты шақырып алып, тақаудағы үш-төрт күнде бас редакцияда ұйғырдың белгілі ақындарының бәрінің басын қосуға міндеттедім. Мен көргенде, Есенберлин тұсында азғана ұйғыр ағайындардың бес тарапқа тартқан алауыздығын аңдап едім. Қаншама дау-дамайға төрелік айттым. Сонда да бар түйін толық шешілмеген. Енді бәрі де біршама тыншыған сияқты. Ең әуелі баспа мен ұйғыр қаламгерлерінің ара қатынасы, жаңа, жақсы деген шығармалардың уақытылы жарыққа шығуы туралы сөз болды. Бұдан соң бүгінгі, негізгі шаруаға көшіп едім. Осы уақытқа дейін Абай ұйғырша сөйлемеген. Сіздің емес, біздің кінә. Енді осы олқылықтың орнын толтыру шарт. Қосымша көлем және үстеме қаламақы бөлінеді. Алдағы бес-алты ай ішінде ұлы Абайдың негізгі бір шығармалары – тұтас, толымды жинақ дайын болуы керек. Кімдер қатысады және қанша аударарды – сіздердің еркіңізде. Біздің ұйғыр редакциясы бар, Жазушылар одағының ұйғыр секциясы бар, ойласып, ақылдасып, тиісінше бөліп алыңыздар. Тек сапалы тәржіма болсын, дедім. Осыған тоқтадық. Ұйғырша Абай алдынала жоспарға енгізілді. Қазақша екі томдықпен қатар. Сақтығы мол Сайын «Абай көбейіп кеткен жоқ па», – деп еді. Күлдім. Абайды қабатынан шығарып жатыр деген сөгіс естісек, арман не, деп. Сонымен, жоспарға енді. Әйтсе де, кешеуілдеп қалған еді. Аудармалардың толығымен жинақталмай жатуынан. Ақыры, менен соң шықты. Сапасын білмеймін, кітаптың көркемделу дәрежесі сын көтермейтін қалыпта. Қап-қара, сұрықсыз. Әйтеуір Абай ұйғыр тіліне аударылды деген есепке сыйып тұр. Хакім атам айтқандай, өз малыңды өзімдікі дей алмаған заман. Күні бүгінше сол қалыпта келе жатырмыз.

13

Баспа шаруашылығындағы ең басты және шешуші мәселе – тақырыптық жоспарға байланысты. Илияс Есенберлин туралы естелігімде бұл жоспардың алғашқы қадамынан бастап, соңғы бекіміне дейінгі барлық кілттипанын тәптіштеп жазғам. Әуелгі ұсыныс – бөлімдерде жасалады. Әр редакцияның өзіне кесімді көлемі бар, сол негізде. Енді бас редакция бүтіндеп құрастырып, белгілі бір қалыпқа түсіруі қажет. Бірінші нұсқа – өткен жылы алдынала құралған жоба жоспар десек, енді барлық атау нақтыланып, тиесілі аннотацияларымен мәшінкеге түсетін. Алғашқы,

кесімді жоспар дейік. Енді осы тізбе толықтырылады, қысқартылады, кейбір атаулар қатардан шығып, жаңа үстемелер пайда болады. Өткеннен бір айырма – бұл кезде Госкомиздат пен ЦеКа-да отырған жігіттер көп сұғынады екен. Анау еңсе, мынау еңсе. Әсіресе, Орталық Комитет. Азғана бұрын Әбіш сыртқа кеткен. Әлі отырған Төлен бірер рет өтініш жасады. Ал Болат Бодаубаев пен Марал Сқақбаев, директорды білмеймін, менің өзіме үш-төрт реттен хабарласты. Әрине, пәлен деген жазушы, пәлен ақын. Өткенде қалып қойыпты, енді ескерілсе. Қисынсыз емес. Өзің де білесің, міне, кезекте тұр, немесе қосылады. Алайда, сорақы жағдайлар да болады екен. Әбдеш Қалмырзаев екі, әлде үш рет телефон шалды. Өтініш, кеңестен тыс, жарлық сияқты. Бұл Әбдеш ЦеКа-да баяғыдан бері істейді, осыдан он төрт-он бес жыл бұрын келіспей қалғанымыз бар. Ілияс аға Есенберлин мені «Жалын» альманағына отырғызған, әзірше бас редактордың міндетін атқарушы, алдағы уақытта бұл альманах ай сайын шығатын журналға айналмақ, мен де осы орынға бекуге тиіспін. Бір күні телефон соқсын. Бізден бір-екі курс жоғары оқыған, ежелден жұрттан Әбдеш Қалмырзаев. Дауысы өктем. Пәленбай деген кісі барады, соның мақаласына жол берсең, дейді. Келсін, көрейік, дедім. Кім екені, не екені есімде жоқ, ешбір жобаға келмейді, қайтарып жібергем. Осыдан соң, әрине, Әбдештің емес, жоғарыдағы Имашевтің шешімі, альманағымыз журналға айналмайтын болды. Қазпошта арқылы жылдық он екі санға жазылым жүріп жатқан. Бар шатақ – Имашев пен Есенберлиннің қақтығысынан шығыпты. Ілекең мені бекітпек. Бұл кезде «Алдаспанның» айқайы қабынып тұр, өтпей қалдым. Енді Имашев Тахауи Ахтановты ұсынады. Есенберлин қабылдамайды. Сонда Имашев: «Ахтановты алмасаң, альманағың журналға айналмайды», – депті. Есенберлин: «Альманахты біржола жауып тастасаң да, Ахтановқа жол жоқ», – дейді. Ілекеңнің мықты болып тұрғаны – «Жалын» альманағы қаражат, қағаз, таралым – барлық жағынан «Жазушы» баспасының есебінде, ендігі әдеби-жастар журналы да осы нәшірияттың көлеңкесінде болмақ. Сондықтан жарлыққа көнбеген. Ақыры, жария, ресми тұрғыда он екі санына жазылым жүріп кеткен журнал сол бұрынғы, екі айда бір шығатын альманах күйінде қалды. Әбдешті еске алып отырғаным, жаңа журналға мүдделі жұрт Орталық Комитетке телефон соғады ғой, неге тоқталды, жазылып қойып едік, деп. Сонда Қалмырзаев: ешқандай журнал туралы сөз болған жоқ, бұл – Есенберлин мен Мағауиннің ойлап тапқаны, артық ақшаларыңды осы кісілерден дауландар деп күлетін көрінеді. Бір емес, екі-үш қайтара естіген әңгімем. Енді сол Әбдеш Қалмырзаев әлі күнге сол баяғы орнында отыр екен. Мансабы өскен сияқты, жаңылмасам, сектор меңгерушісі. Бір айтқанын құп алдым. Жазып жүрген, кітап шығарған автор. Екіншісі... Сендерде қолжазбасы жатыр, деді. Жиырма-отыз жыл бойы өлең жазған, бірақ еңбек адамы, жинақтап, ұсынуға мойны жар бермеген, енді жоспарға енгізіп, шығарып берсең... деді. Жақсы, көрейік, дедім. Содан, не екенін білмек болып, поэзия редакциясынан сұраттым. Ақтарды, қарады, жарым күн іздеді, ондай атты қолжазба жоқ. Араға бірер күн салып, Әбдеш бастығыммен

қайта хабарластым. Ондай қолжазба бізде жоқ. Апыр-ай, ә, деді. Ақсақалдан қайта сұрайын. Содан, екінші ме, үшінші ме күні «вертушкаға» соқсын. Әлі тапсырмаған екен, енді апарып береді. Өмірін еңбек жолында өткерген ақынымыз ертең жоқ, арғы күні келді. Жасы алпысқа тартқан, қырмасақал, жүзін күн қаққан кісі екен. Өзінің мәнжайын айтқан. Әбекең жіберді, деп. Хош. Қолжазбаңыз қайда, деймін. Міне. Әлдебір, киіз бокша емес, шүперек дорбадан шығарып жатыр. Менің столымның үстіне, бірінен соң бірін алып, қобыраған көп қағаз қойды. Бір бет, жарым бет. Көбі оқушы дәптеріне қолдан жазылған, кейбірі сарғыш қағазға, қазақ қарібі жоқ мәшінкеден шыққан, енді екі-үш өлең – әлдебір аудандық газеттің қиындысы. Бары осы ма? Иә. Қант қызылшасын егіп, жинайтын звено бастығы болдым, өлеңге жас кезімнен әуес едім, еңбектен қол тимей... Берекесіз үйіншектің шетінен бір жапырақ, жарым беттік өлеңін алып қарадым. Жүзден бір нұсқа жоқ. Қоңырау тетігін басып, хатшы қызды шақыртқан едім. Бір папка керек. Әкелді. Қоқырды реттемеген қалпында жапыра жинап, папкаға тоғыттым. Жақсы, ақсақал, аман болыңыз. Қашан шығады деп сұрайды. Қырық жыл күткен екенсіз, енді соншама созылмас... Әбдештің еңбекшіл ақыны маған таңырқай қарады да, басқаша сөз айтуға батпай, есен-сау айтысып, шығып кетті. Поэзия редакциясының бастығы Сәкен Иманасовты шақырдым. Міне, ЦеКа-дан келіп түскен жаңа қолжазба. Сектор меңгерушісі Әбдеш Қалмырзаевтан сәлемдеме. Бүгінгі күнмен тірке, ең астыңғы тартпаға тастай сал. Сәкен жап-жаңа папканы шетінен ашып көрді де, ақтарып қарамай-ақ қатты тыжырынды. Әй, осылар-ақ... Мұндай жағдай бұрын болып па еді? Мен көргенде екі рет... – деді Сәкен ашуға булығып. Дәп осындай қолжазба ма? Дәп осындай емес. Біреуі кәдімгідей мәшінкеге басылған. Сыртқы түрін айтам. Екіншісі – бастан-аяқ жуан дәптерге қолмен жазылған. Содан соң? – деймін. Содан соң жыл аралатып, ретімен екеуі де жоспарға бөгеліссіз енді. Екеуін де өз кезегімен басып шығардық. Тәуір екен ғой... Енді Сәкен сол бір істі мен бастағандай, ежірейе қарады. Қайдағы тәуір, жобаға келмейді. Алайда, жоғарының нұсқауы бар, Әукебаев екі-үшеуімізді шақырып алды. Мынау – елге еңбегі сіңген азамат екен. Өлеңдерінде кемшілік жоқ емес. Алайда, өмірдің өзінен алынған. Шынайы сезім, ерлік еңбек туралы. Әйткенмен, бұл қалпында жарамайды. Сендердің бәрің де төгіліп тұрған ақынсыңдар. Осы қолжазба сарынымен, немесе өз ойларыңша, әрқайсың он бес-жиырма өлеңнен жазып бересіңдер. Жоғарыдағы үлкен кісі тапсырып отыр, сөзі жерде қалмауға тиіс, деді. Содан соң... әйтеуір ұйқасын келтіріп, шатып-бұтып жазу қандай оңай, екі-үш күн ішінде әрқайсымыз жиырма-отыз өлеңнен жазып шықтық... Сәкен күліп алды. Тіпті, қызық екен. Ал анау, – редакциядағы бір кексе ақынның атаған, – қызып кетіп, ұзынды-қысқалы өлең санын қырыққа жеткізіпті. Бәрін жинақтап, реттеп, сол қалпында мәшінкеге бастырып, Есағанның алдына тарттық. Тезінен, көбіміздің кітабымыздан бұрын басылып шықты, – деді Сәкен. Екеуі де осылай жазылды ма? Жоқ, біреуі осылай, бастан-аяқ. Екіншісі де оңып тұрмаған, әйтеуір жөн-жобасы бар, жартылай түзетілді, жартылай

жаңадан жазылды... Ұсынған Қалмырзаев па? Оншасын білмедім, бізге айтқан жоқ. Стили ұқсас екен, мына қолжазба сияқты, тәрізі, екеуі бірдей болмаса да, алғашқысы сол Әбдеш Қалмырзаевқа тиесілі сияқты, дедім. Анығын білмеген соң, нықтап айта алмаймын, деді Сәкен. Ал осы, бастан-аяқ өзіміз жазып шыққан Козьма Прутковтың аты – Пәленбай, деп еді, ұмытып қалыппын, есімде тұрса да, атап айтудың реті жоқ. Ғаламат екен, дедім. Алайда, Козьма Прутковпен шатыстырма. Осы Прутковтың кейіпкері десең, бір басқа... Ертеңіне, әлде арғы күні Әбдеш Қалмырзаевтың өзі тікелей хабарласқан. Қабылдап алдық, дедім мен аса бір көтеріңкі әуезбен. Жігіттер қарастырып жатыр. Бұрнағы бір тәжірибе бойынша, уақытында көре жатармыз. Е, жөн, – деді Әбдеш. Бұл – 1985 жылдың соңы, немесе 86-ның басы. Жыл аяғында «Жазушыдан» кеттім. Әбдештің еңбекшіл ақынының бұдан кейінгі тағдыры туралы хабарым жоқ. Міне, осындай керемет.

14

Кезекті жаңа жоспарды құрастыру кезінде Сайын ешкімнің көңілін қалдырғысы келмейді. Алдына келген жұрттың бәрі мақұл. Мұқа, мына Пәленше-екенді келесі жылға қоса салшы, дейді. Ішкі телефоннан. Қостық. Біреу, екеу, бес, он. Бұрынғылардың үстіне. Ал баспаның жылдық жоспарының кесімді көлемі бар. Сол баяғы үлкенді-кішілі екі жүз жиырма кітаптың мөлшері – жаңылмасам, екі мың баспа табак үстінде. Сайынға тікелей келетін жеке адамдар тіркеледі, ЦеКа-дағы ғұзырлы жігіттердің жарлыққа тақау өзіндік ұсыныстары орындалады – жоспардың әуелгі, жасалып қойған жобасы еріксіз бұзылмақ. Отыз, қырық, жетпіс, сексен табак төтенше қосымшадан соң қампиып кеткен. Қайыра қараймыз. Мұндайда Сайын көбіне-көп ілкіде өзі қосқан авторларды алғызып тастаушы еді. Кеше ғана уәде бердің емес пе, деймін. Әй, қойшы соны, дейді. Алып тастадық. Әлбетте, түпкілікті кінә маған көшсе керек. Автордың көзінше, Сайын өз аузынан айтты ғой. Ақыр түбінде жоспарда болмай шықса, мен енгізбегем. Бір есептен амал жоқ, екінші жағынан алғанда, мен мұндайға мән бермеуші едім. Жинақтап келгенде қаншама жанға жеккөрінішті болады екенсің. Соңыра, Сайын тапсырып еді ғой деп алдыңа келгенде, осы Сайынның өзі қысқартқан деп айтудың қисыны жоқ. Реті келмей қалды, дейсің. Яғни, келтірмеген – сенің өзің. Ал осы Сайынның табандап, қырсығып отыратын жағдайлары бар. Мұқа, болмайды, дейді. Мәселен, тәп-тәуір әңгімелерімен көрініп жүрген М.Қ. деген жас жігітті қатарға қосып едім, мынау – нағыз сұмырай, деді. «Қазақ әдебиетінде» менің қарауымда істеген. Әп-әдемі әйелінен айрылысты, жалпы, адамгершілігі жоқ. Алып таста. Сөйтіп, біз отырғанда басылмады. Және мен бөгеген болып шықтым. Кейінгі заманда Сайынның осы реткі кісі тануын мойындап едім. Расында да имансыз жігіт екен. Әйткенмен, дәп сол жылдарда көлденеңнен кесілуі әділетке жатпайтын. Мұндай мысал бір емес, әлденешеу.

Жылдық жоспардың қажетті инстанциялардан өтуі баяғы ретімен екен. Ілияс аға Есенберлин туралы толғауда бажайлап жазғам. Әуелде Госкомиздат талқысы. Төраға, бас редактор және коллегия мүшесі тағы екі-үш кісі. Нәшірият тарабынан директор мен бас редактор. Төраға Шерияздан Елеукеновтың өзі танымал әдебиет сыншысы, біздің жұртты жақсы біледі, кеңшілігі көп болды. Оның есесіне, Баспакомның бас редакторы Мұқан Мамажановтың қыстырылмайтын жері жоқ. Бүйректен сирақ дегендей. Әрине, төраға өзінің жақын көмекшісін бізге жығып бере салмайды. Негізгі өзгерістер – көбіне әлдебір авторды қысқарту жөнімен болатын. Әйткенмен мен қажетінше қарсылық жасар едім. Ақыры, жылдық жоспарымыз онша ойсырамай, сол қалпында дерлік мақұлданады. Енді түпкілікті бекім – Орталық Комитетте. Идеологиялық хатшы және тиесілі екі бөлімнің екі-үш жауапты қызметкері. Менің әуелгі жылымда Кәкімжан Қазыбаевтың алдына бардық. Бұл кісі де журналист жазушы, кімнің кім екенін біледі және жалпыға тілектестігі мол. Жақсы өттік. Әйткенмен, осы екі сатыда, әрқилы себеппен оншақты қаламгер қатардан қалған еді. Бұрнадан қанық тәртіп бойынша, Баспакомда, немесе Орталық Комитетте қысқардың деп айта алмайсың. Яғни, барлығы да Сайын екеуіміздің мойнымызда. Нақтылап айтсам, үнемі мен жазықты болады екем. Екінші жылы, Госкомиздаттан көп ойсырамай өткен жоспарымыз ЦеКа-да жойдасыз апатқа ұшырады. Бұл кезде үшінші хатшы Қазыбаев кетіп, оның орнына Закаш Кәмәлиденов келген. Жалғыз Сайын барып еді. Рәсім ғана емес, жұмыстың мән-мағнасы үшін баспаның бас редакторы да қатысуға тиіс-ті. Мені қасақана шақырмай қалдырды. Бәрібір жауапкер екем. Қаншама өкпе, реніш туған. Осы орайда бір ғана Темірхан Медетбековке қатысты қолайсыз жағдайды бұрында жазғаным бар. Сол жолы және ілгерінді-кейінді жылдық жоспардан көлденең зорлықпен сызылған біраз жұрт маған өмір бойы кектесіп кетіпті. Хош дейік. Одан менің ғұмырыма да, жазуыма да келетін ешқандай зардап жоқ. Әйткені арым таза.

Мен Есенберлиннің мектебінен өткен, тісқаққан баспагер ретінде, баз-базында, қапысыз әрі өзгеше бір тәсілге жүгінетін едім. Кітабы кешеуілдеп жүрген, немесе бекімей қалу қаупі бар жазушыларға төтенше кеңес берем. Тура ЦеКа-ға жазу керек деймін. Ешкімді кінәламайсыз, маған белгісіз себептермен кітабым бөгеліп жатыр, соның жарыққа жетуіне жәрдемдессеңіз екен, дейтін тұрғыда. Біраз жұрт ат-тонын ала қашады, арыз жазудан құдай сақтасын, дейді, мұндайда үгіттейсің, біреудің үстінен емес, өзіңіздің құқұғыңызды қорғау дейсің, көбіне-көп көндіресің. Қайткенде Орталық Комитетке қаламгердің атынан өтініш түсті. Ол замандағы рәсім бойынша, «еңбекшілердің хаты» жауапсыз қалмауға тиіс. Осыған орай, баспаға ресми қатынас келмек. Пәленнің кітабы неге шықпай жатыр, деген. Тиесілі жауабы әзір. Шыққалы жатыр, жоспарланып отыр. Енді, Госкомиздаттағы, одан соңғы Орталық Комитеттің өзіндегі талқы кезінде ши шыға қалса, осы әуелгі ресми қағаз бен соған сәйкес баспа жауабын алға тартасыз. Бөгеліссіз қабылданды деген сөз.

Келесі жылдың тақырыптық жоспары май айының алғашқы жартысында соңғы инстанциядан өтіп, біржола бекиді. Енді арада апта озбай, кез келген кітапты өндіріске жолдай беруге болады. Бұл кезде үстіндегі жылға тиесілі қолжазбалар түгелге жуық өткеріліп бітуге тиіс. Өрелі Есенберлин заманында осы жүйелі тәртіп қатаң сақталатын. Ерекше жағдайларда болмаса, бір жылдың қолжазбасы екінші жылға ауыспас еді. Енді, жаңадан, қайыра келген бетімде тексере қарап тұрсам, бәрі қойыртпақ болып шығыпты. Кез келген емес, атаулы нысанаға ілінген қаншама қолжазба бір жылдан екінші жылға көше береді. Тіпті, одан да арыға кетуі мүмкін. Әрине, Сайын екеуіміз артымызды тазартып, алдымызды нақты айқындауға тырыстық. Ең кереметі – ешбір баспа тәжірибесінде жоқ, «план выпуска «[кітапты] шығару жоспары» дейтін сұрқия тәсіл ойлап табылған екен. Есебі, Баспакомда, одан соң Орталық Комитетте бекіген атаулардың барлығы бірдей бекімді жылда шығуы шарт емес. Мәселен, 1983 жылдың жазы дейік. 1984 жылға тиесілі қолжазбалар түйдек-түйдегімен өндіріске кетіп жатыр. Бәрі бірдей емес, баспа жетекшілері мақұл көрген ірікті дүниелер. Керісінше, әлдекімге жақпаған қаншама қолжазба ағымдағы графикке түспей, кейін ысырыла береді. Ақыры, осы жылдың соңында, баспаның өз ішінде әлгі «шығару жоспары» дейтін жаңа нұсқа іске қосылмақ. Айтқанымыздай, келесі кезекте тұрған, өткенде заңды түрде бекіген біраз қолжазба осы, ең қажетті тізімге енбей қалады. Яғни, ешбір себепсіз, жылдық жоспардан шеттеді деген сөз. Алдағы жылда жоқ, арғы жылдың өзінде неғайбыл. Міне, әлдекімге жақпаған кез келген жазушыны еріксіз тұсайтын зәндем тәсіл. Мен құрастырып, қаншама қиындықпен жоспарға енгізген «Бес ғасыр жырлайды» антологиясының әуелгі бекімі де дәп осылай жокқа айналған еді. Айттық, жаздық, бес жылдан соң қайтадан қозғап, бәрібір жұлмаланған қалпында, 1984 жылы әрең-пәрең жарыққа жеткен еді.

15

Әбілмәжін Жұмабаев пен Есет Әукебаевтың тежеусіз өкіміндегі «Жазушы» баспасында қалыптасқан, белгілі бір әдеби топқа ұнамайтын, немесе идеялық тұрғыда сенімсіз авторларды жоспардан қалдыру, әлдеқалай өтіп кеткенінің өзін шығармай қою өз алдына. Көзі жоқ жазушылардың қолжазбасын құртып жіберу дейтін сұмдық әдепкі жағдайға айналыпты. Маған нақты белгілі, айғақты бірнеше мысал.

Тәкен Әлімқұлов. Тамаша жазушы. Ақ үй, Сары үй заманында бізбен көрші тұрды. Қолжазбаларының үш томдық жинағын, шамасы 1982 жылы «Жазушы» баспасына өткізгенін нақты білетін едім. Баспаға келгеннен соң, абыр-дабыр, тығыз жұмыс, әжептәуір уақыт өткізіп, кешірек қимылдаппын. 1985 жылдың соңына таман ғой деймін. Баспада ешбір нұсқасы жоқ екен. Және ешкім ештеңе білмейді. Мүмкін, қайтарып алып кеткен шығар. Тәкең бұл кезде төсек тартып жатпаса да, әдепкі өмірден шеттеген. Жаны бар да жайы жоқ. Әйелінен сұрадым. Білмеймін, деді. Өзімен тілдесіп, анығына жету керек еді. Бұл – Тәкен Әлімқұловтың

жаңа кітабы емес, Шығармалар жинағы болатын. Әлбетте, өңдеу, түзетуге түскен ең соңғы нұсқа. Ақыры аяқсыз қалды. Сол қалпында сақталмаса да, бұрнағы кітаптарында басылған деп, көңілге медеу тұтамыз.

Осы ретпен, Әбілмәжін Жұмабаевқа, анығы – оны ұстап отырған қожайындарға жақпаған, бұл кезде дүниеден өтіп кеткен Жекен Жұмақановтың екі бума қолжазбасы да құрдымға кетіпті. Нақты білмегендіктен кесіп айта алмаймын. Анығы – қазақ прозасындағы ең жақсы әңгімешілердің бірі Жекен Жұмақановтың есімі мүлде дерлік ұмытылды, қаншама жыл бойы ешқандай кітабы шықпады, іздеушісі де, жоқтаушысы да болмады. Мен бірер кітабын, атап айтқанда, таңдамалы әңгімелерінің бір томдығын қайыра бастырмақ едім, үлгермей кеттім.

Тағы бір жағдай – филология докторы, он бес жыл Карлагта отырып келіп, қайтадан әдеби зерттеуге араласқан Мұратбек Бөжеев ескілікті әдебиетке қатысты бір томдық қолжазбасын тапсырған. Жылжымады. Ақыры, ақсақал дүниеден өтіп кеткеннен соң, баспаға жолым түскен бір жолы, 1982 болса керек, арнайы сұрап едім. Сол қалпында тұр екен. Менің қателігім – жақын ағам деп, қолжазбаны алып кетуім керек еді. Кіші редактор, есімін ұмытыппын, жазушы Кәрібай Ахметбековтың әйеліне айттым, мына кітап шықпайтын болды, балалары келіп алып кетеді, деп. Маған жақындығы барын айтуым бекер болыпты. Келесі аптада үлкен қызы барғанда, бізде ондай қолжазба жоқ деп, бос қайтарыпты. Сонымен, әдебиет тарихына қатысты құнды зерттеулерге құрылған бес жүз беттік қолжазба мүлде жойылған екен. Кейін, арада отыз үш жыл өткенде, үйдегі екінші данасы арқылы қайыра қалыптап, Гүлбаршын, Айбарша деген естияр, ғалым қыздары жеке кітап қылып шығарды. (Ендігі жария жұмыс мүлде ескерусіз қалмасын деп, 2017 жылдың әуелгі бір айында арнайы мақала жазып едім, «Қазақ әдебиеті» газетінде басылды.)

Бұлардан гөрі сорақы, ересен жағдай. Профессор Темірғали Нұртазин – білімдар әдебиетші болатын. Үлкен террор тұсында аман қалған, алайда, 1951 жылы «Правда» газетінде сыналған. Өте сақ, қорғаншақ кісі еді. Егде тартқан шағында көркем прозаға қол созып, «Мұрат» дейтін повесть жазып, тәп-тәуір бағаланған. Өмірінің соңғы он жылдығында совет қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмір тарихы мен қоғамдық қызметін зерттейді. Ақыры, мәшіңкеде жеті жүз бетке тақау, отыз баспа табақ көлеміндегі деректі роман жазып бітіреді де, 1975 жылы «Жазушы» баспасына ұсынады. Бұл кезде Мұхтар Әуезовтың «Қараш-Қараш» романы қайыра басылып, жалпы жұртқа мағлұм болған. Бас кейіпкер – Тұрардың әкесі, кісі өлтіріп итжеккенге айдалған Рысқұл Жылқайдарұлы екені көпке белгілі. Ал Тұрар Рысқұловтың өз басына қатысты сыртқы мағлұматтар ғана бар. Пәленбай қызмет атқарғаны, тағысын тағылар. Алайда, бұл кісінің Алаш-Орда арыстары және басқа да қазақ зиялыларының үстінен Сталиннің атына екі мәрте донос түсіргені, кейініректе 1932–1933 жылғы ғаламат ашаршылыққа жол ашқан солшыл белсенділігі туралы құжаттар жабық жатыр. Есебі, бұл Рысқұлов – үлкен қайраткер, және қазақтан шыққан ірі тұлғалардың бірі. Темірғали

Нұртазиннің деректі романы осы тұрғыдан жазылған еді. Жекелеген үзінділері ағымдағы баспасөзде бой көрсетті. Алайда, арада екі жыл өтпей, 1977 жылдың көкек айында Нұртазиннің өзі дүние салады. Енді «Жазушы» баспасында қозғалыссыз жатқан үлкен қолжазба көп ұзамай-ақ, құпия жағдайда жоғалып кетіпті. Екі данасы бірдей. Мен 1984 жылы күзде баспаға келгенде, орны жоқ екен. Тапсырылғанын білем. Алайда, зым-зия. Темкеңнің артында қалған бәйбішесімен хабарластым. Бұрыннан білетін едім, кіресілі-шығасылы есі бар, не аңқау емес, не ақымақ емес, пәруайсыз бір жан. Қолжазбаның екі данасы баспаға тапсырылған, өткенде сұрастырып едім, жоғалып кетіпті, жөн-жобасын ешкім білмейді, деді. Әдетте, кез келген еңбек мәшіңкеге үш дана болып басылады. Баспаға – алғашқы екі данасы. Үшінші данасы үйде шығар, дедім. Ол да жоқ екен. Темкең дүниеден өткен соң бірер жыл мұғдарында бейтаныс студент, немесе аспирант, ізденуші қыз келген екен. Нұртазиннің Тұрар Рысқұловқа арналған романы жөнінде зерттеу жасамақ. Соған ұстатып қоя беріпті. Әуелгі қолжазба нұсқалары қайда? Оны да алып кеткен, қаламгердің шығармашылық зертханасын пайымдап, нақты жазу үшін. Аты-жөні кім, қайдан келген? Білмейді. Міне, осындай керемет. Мен бұл кемпірден де, роман сұлбасынан да үмітімді үздім, әйткенмен, ең ақырғы талап. Баспаға түскен қолжазбалардың тіркеу кәртішкесі болады. Соны іздеттім. Оп-оңай табыла кеткені. Екінші данасын – Партия тарихы институтына ресми сараптамаға жіберген. Пәлен жыл, пәлен ай, пәлен күні. Бірінші данасын... қарап шығам деп, осы баспаның бас редакторының орынбасары алып кеткен. Алған күні, қойылған қолы бар. Ежелден-ақ менімен жақсы қатынастағы, жақсы жігіт еді. Белгілі ақын. Қолма-қол телефон соқтым. Шошып кетті. «Жоқ, алмадым, көрмедім» дейді. Міне, роман кәртішкесі менде тұр, сенің қолың қойылған, ұмытатын нәрсе емес, деймін. Дауысы шығып кетті. «Білмеймін, мені бұл іске шатыстырма, алғам жоқ, көргем жоқ», – деген, азар да безер болып. Айттым, дос-жар қатынастағы, жайдары, ақкөңіл жігіт еді. Ары қарай кинамадым. Сөз мәнісі, себеп, салдары мағлұм болды. Алған, біреуге апарып берген. Өз қалауымен емес, жоғарыдан, кем дегенде баспа директорынан түскен жарлық бойынша. Қанша қузасаң да елесін таппайсың. Ендігі үміт – Партия тарихы институтында. Директорымен «вертушка» арқылы сөйлестім. Осындай да осындай, сегіз жыл бұрын сіздерге тапсырылған, пәлен ай, пәлен күн, деймін. Өте бір кіді, күмәнді жағдаят. Мүлде бейхабар екен. Бұл – әуелгі ақпар, сізге ресми түрде қатынас жазылады, осы бүгін қолыңызға апарып береді, дедім. Атаулы сұрау дайын тұрған. Тойболды деген юрисіміз бар еді, менің машинама отырып, жарым сағат өтпей-ақ Партия тарихы институтының директорына табыстап қайтты. Арада үш күнге жетпеді. Бұл да ғажайып іс – қолжазба табылыпты. Осы зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, нақты есімін ұмыттым, сондай кісіге сол бағзы заманда арнайы рецензияға берілген екен. Ол кісі созбалап жүргенде, автор қайтыс болып кеткен, енді ешкім қайыра сұрамайды, ақыры, шкаф түбіне түседі. Қайткенде саналы азамат екен, отқа жақпаған, қоқысқа

тастамаған. Және ең бір оңдысы – баспаға да қайтармаған. Мен институт директорымен екінші мәрте сөйлескенімде күтпеген хабарға алғыс айтып, тағы да сол Тойболды арқылы жуан теңді қолжазбаны аман-есен қолға түсірдік. 1984 жылдың соңғы декадасы болса керек.

Бұдан кейінгі бар шаруа менің ырқыма көшкен. Осы екінші дана мәшінкеге қайыра басылды. Содан соң рәсім бойынша сыртқы рецензияға берілді. Бұл заманда менің Жазушылар одағындағы Проза кеңесінің төрағасы дейтін бейресми міндетім бар еді. Баспаға келерден бұрын атқарып жатқан. Шыққан шығармалардың талқысы, жаңа бір дүниелерді баспаға ұсыну. Тілге тиек, беріктік үшін осы Проза кеңесіне салып, толық мақұл таптық. Сонымен бірер жыл өтті. Ақыры, 1986 жылы жазғытұрым келесі 1987 жылдың тақырыптық жоспарына бекіген еді.

Өмірде, бақытсыз демейін, жолсыз адамдар болады. Оң ісінің өзі теріске саяды, аяндап өтетін, тегіс жерде көлденең бөгесін табылып, орға жығылады, қисынды шаруасының өзінің қиюы қашады. Темірғали Нұртазин марқұмның өмірлік үлкен еңбегінің кейінгі тағдыры дәп осындай болды. 1986 жылдың желтоқсанында мен баспадан кеттім. Бұдан соң атаулы қолжазба келесі жылға ысырылыпты. Одан соң арғы – 1989 жылға. Әлдебір себеппен, бәлкім, дау-дамай туып кетер деген қауіппен, біржола мансұқ етілмеген. Анығы – бұл кезде баспа басшылығы өзгерді. Ақыры, өндіріс графигіне түсіп, әлдебір іждағатты редактордың міндетіне тапсырылады. Қарай бастаған. Бірден-ақ әрқилы, қисынсыз кінәрат тауып, талқандап қысқартады. Сөйтіп, «Тұрардың анты» деген атпен, осы 1989 жылы жарыққа жетті. Алайда, бұл да ақыры емес. Мен баспадан кетуге қам жасаған соңғы бір айда Нұртазин романының қолжазбасын бастан-аяқ көшіртіп алған едім. Төрт-бес мәшінкеге бөліп беріп, айналасы үш-төрт күнде. Алып кеттім. Осы әуелгі, неше бөлек қалпында, беттері қайтадан нөмірленбеген күйі жаңа бір қоймаға түсті. Өзім «Жұлдызда» берік отырған жылдарда қайыра, толығымен бастырып шығаруға мүмкіндік мол еді, онсыз да дау-дамайымыз көп, тартынып қалдым. Қазір Алматыда, менің ескілікті қолжазбалар қоймамда жатыр. Ерте ме, кеш пе, әлде архивке, әлде баспаға тапсыруым мүмкін. Немесе, басқаша бір жария. Әйткенмен, ендігі заманда әлдекімге көлеңке түсіреді демесек, ешқандай қызығы жоқ. Зая кеткен еңбек. Бас кейіпкер, ұнамды кейіпкер, тарихи тұлға Тұрар Рысқұлов шын мәнісінде ондай тәуір кісі болмағаны әшкереле шығып қойды. Әр нәрсенің өз уақыты бар екен.

16

Госкомиздат – қазақша Баспаком – Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі Мемлекеттік комитет – біздің тікелей бастығымыз. Бұл кезде төраға – Шериаздан Елеукенов. Білгір әдебиетші және тым қатқыл емес, кеңшілігі мол, талаптан да таймайтын, іскер басшы. Алайда, мемлекеттік тетіктің тиесілі тегершігі. Таныстығымыз бұрнадан басталады. Менің аспирант кезімнен. Ол заманда университетте оқытушы, менің үйлену тойыма қатысқан. Бірақ білістігіміз шамалы,

жақын араласуымыз жоқ. Бұдан соңғы кезеңде Орталық Комитетте отырды және 1970 жылы, «Алдаспанды» талқандауда белгілі бір қызметі болып еді. Әбілмәжін Жұмабаевпен қосарда. Жетекші емес, Имашев пен Есенәлиевтің жарлығын орындаушы ретінде. Менің ренішім мол еді. Академияға кеттім. Ал Елеукенов одан әрі жоғарылап, Баспаком төрағасы сайланды. Бұл кезде кешегі «ұлтшылдық, ескішілдік қателер» әсері, мен кезекті кітаптарымды өткізу барысында қағажу көріп келем. Амалсыздан алдына бардым. 1976 жыл. «Қияндағы қыстау» атты повестер мен әңгімелер жинағымды қажетті көлемде жоспарға бекітіп берді. Алайда, менің ренішім тарқамаған. Жыл аралатып тағы бір кітап. Қайткенде, көп нәрседе пікірлес әдебиетшіміз, уақыт оза келе әжептәуір түсіністік орнаған. Әсіресе, кейін өзі атап жазғандай, 1978 жылы Ленинградта басылған, «Поэты Казахстана» деп аталатын, ол заманда тыйымда жатқан қаншама аруақты қайта көтерген алты ғасырлық антологиядан соң. Менің келесі кітаптарым бөгетсіз жарияланып жатты. Ақыры, аруақты «Аласапыран». «Жалын» баспасына ұсынған едім. Бұл жерде менің ежелгі досым Қалдарбек Найманбаев отыр. Жоғарыда – Шерияздан Елеукенов. Бар түйін сәтімен шешілді. Екі кітап та алдынала жоспарға еніп, межелі уақытында ешқандай қысас, зорлыққа ұшырамай, аман-есен басылып шыққан. Бұл кезде біз Шәкенмен жақын араласатын едік. Шәкен менің бар бағамды кәміл таныған, және университет заманынан көзкөрген, ең бастысы – кейінде білгенімдей, Алаш ұранды зиялының тұяғы Жаңыл жеңгеміз де мейірбан, ақылды, өзгеше жан еді. Әуелгі ықылас та осы жеңгеміз тарабынан болған сияқты. Шәкен бізді министр дәрежесіндегі жақын достарымен бірге үлкен дастарқанға келтірген. Бір емес, екі, үш мәрте. Үй-ішіндік, қонақжай, әрі байсал, еркін отырыстар одан әрі жалғасты. Мұның бәрі – бейресми жағдай. Адамдық, пенделік, әріптестік қатынас. Енді еркін автор емес, Баспаком төрағасының ғұзырындағы қызметкер ретінде мен субординацияны берік ұстандым. Баспа шаруашылығымен де, өзінен өзі тынып жатқан шығармашылық жұмыстарыммен де, алдына арнап бармаймын. Алайда, ең жоғарыда пікірлес, тілектес кісі отырғаннан соң, барлық ісім түсініс табуға тиіс деп білесің. Біздің баспаком тарабындағы негізгі шаруамыз бас редактор Мұқан Мамажанов арқылы шешіліп жатады.

Бұл Мамажанов – Есенберлиннің тұсында дәп осы жерде отырған. Ісләм Жарылғаповтан соң, жыл озбай келіп еді. Бірден-ақ қайшыласа бастадық. Алайда, Ілекең Мамажанов тұрғай, одан зорғыға дес бермес еді. Баспакомнан келер жылдық жоспарды өткізу кезінде маған салмақ түспейді, алайда, осыдан соңғы кезеңде әрбір қадамыңды аңдып отырған сияқты. Ақыры «Алдаспанның» дауына ұласты. Мамажанов – шешуші тұтқа емес, әйткенмен, мәселені оңға, солға бұруда елеулі қызмет атқаратын, шындығында кесірге қарай бағыттайтын қажетті тетік. Ізінше, мен баспа құрамында ашылмақ «Жалын» журналына ИО – бас редактордың міндетін атқарушы болып отырғанда, тікелей қаржысуға тура келген. Өткен бір жазбаларда айттым ғой деймін. Ақыры, қызметімнен кеттім. Мамажанов та кетіпті. Жоғарылап. «Қазақстан»

баспасының директоры. Бұдан соң Орталық Комитет – бөлім меңгерушісінің орынбасары. Енді, арада он үш жыл өткенде, «Жазушыға» келсем, тап бір мені аңдып отырғандай, баяғы қызметіне қайтып оралыпты. Бірден-ақ әңгімеміз жараса кетті. Сол бұрынғыша. Екінші, әлде үшінші күні «вертушкадан» арнайы қоңырау шалып, өзінің барлығын білдірген. Құттықтады, сен тәжірибелі баспагерсің ғой деп, көтермелеп қойды. Мен де, ішімде баяғы кекесін бар, қаудырлап жатырмын. Арада күн озбай қайыра телефон соқты. Риза болып қалған. Кешкі сағат сегіз еді. Мен баспа шаруашылығын толықтай игеріп алу үшін, жұмыс соңында екі-үш сағаттай бөгеліп қалатын едім. О, Мұхтар, отыр екенсің ғой, деді мейлінше көңілденіп. Мұқа, сіз мені тым жақсы білесіз, мен күніне он екі сағаттан жұмыс істеймін ғой, деймін. Тіпті, осында қонып қалар едім, аз-маз ұйықтап тұруға төсек жоқ. Ал жалаңаш диван қолайсыз. Өзіңіз де кеңседе отырсыз ба? Әрине, дейді. Сондағысы түкке тұрмайтын бір дерек. Ертеңге қалдыруға болмаған. Келесі күні, дәп осы уақытта өзім қоңыраулаттым. Әлдене сылтаумен. Арғы күні орнынан табылмады. Есесіне таңертең хабарластым, түнде ерте кетіп қалыпсыз, деп. Әжептәуір төмендеп, иә, көлденеңнен, семейный шаруа шығып еді деп, ақталып жатыр. Қоғамдық жұмыс, мемлекеттік қызмет бірінші орында тұруы керек, дедім мен ақылгөйсін. Бар ойын осымен бітті, қайыра соқпадым, Мамажанов та мені кешкі сегізден соң тексермейтін болды. Айтпақшы, дәп осы шамада Рымғалиға хабарласады. Нұрғалиев. Қазақ энциклопедиясының бас редакторы. Жоқ. Содан соң үйіне соққан. Орнында болмадың ғой, деп. Жұмыс бұдан екі сағат бұрын бітіп кетті ғой десе, эне, сенің досың Мұхтар Мағауин әлі орнында отыр, дейді. Бұған Рымғали: ол Мағауин баспаның жұмысымен отыр дейсіз бе, өзінің кезекті романын жазып жатыр, депті. Ал мен тек өз үйімде ғана жазам. Мемлекеттік қызметімді тиесілі уақыты – таңғы тоғыздан кешкі алтыға дейін тәмам қылатын, ықтиятты кісімін, депті. Міне, осындай, анекдоттық жағдай. Ол кезде білетіндер Мамажанов – өз ісіне айрықша жауапкершілікпен қарайтын, адал адам деп жататын, кейінгілер де осылай жазады. Мен советтік құрылыс қалыптастырған зомби дер едім. Адалдық емес, құлдық санадан туған ғадет. Ең бастысы – жоғарыдан әлденендей нұсқау болуы шарт. Онда ештеңеге қарамайды, осы бағдарда өліп-талып жұмыс жасайды. Арыда кімнің сүйеніші болса, соның қызметшісі, керісінше, әлдекімге жақпаған кісіге күн көрсетпес еді. Әрине, өз түсінігіндегі адалдық. Есенберлин заманы, тіпті, мен көрген кездегі Мамажановтың өзі мүлде өзгерген, қағушысы болмаған соң, бетімен кеткен екен. Алдағы жылдың жоспарын өткізу – бұрынғыдай, коллегияда шешілетін, бір мезгілдік шаруа емес. Оған дейін қаншама өзгеріс, нұсқау. Қолына түскен соң екі-үш күн өтпей қайтарып жатады. Он бес – жиырма беттік ескертпе жазбасы бар. Ананың аннотациясын басқаша түйіндеу керек, мынаны жоспардан қысқарту керек, пәленді қосып, түгенді көбейту, немесе азайту шарт. Мен кейде Сайынға айтып, мақұлын алам, кейде айтпай-ақ, өзімше жасаймын. Арнайы жауап жазылады. Ананы қысқартуға болмайды, өйткені ЦеКа-ға шағым жасаған,

немесе төрт жылдан бері кітабы шықпаған, немесе аса зәру тақырып, тағысын тағылар. Мынаны қосуға болмайды, қолжазбасы жоқ, немесе терістеме рецензия түсті, әлі де өңдеп, жөңдей түсуі керек. Анау – роман, біртұтас дүние, әңгіме, повестер жинағы болса қысқартар едік; мынауыңыз жөн екен, өткен жылы өздеріңіз ұстап қалғансыз, соған қарап тежеп едік... тағысын тағылар. Кейде арнайы барып, тәжікелесіп отырамыз. Қазақтың баяғыда айтқан сөзі бар ғой, «Үйренген жау атыспаққа жақсы», – деп. Жақсы ештеңесін көрмедім, қалай бұрсаң да сол баяғы сарын. Әйтеуір мен үшін жүйкеге тимес, еркін ойын болды демесек. Осы ретте анекдоттық екі-үш мысал. Кезекті жылдық жоспарға өзімнің Москва Баспакомында бекуден өткен екі томдық Таңдамалы жинағымды енгізген едім. Сызып тастапты. Ал қатарлас басқа бір жазушының екі томдығы орнында тұр. Неге деп сұраймын ғой. Бұл екі томдық – юбилейный. Сен әлі елуге толған жоқсың. Ал анау да елуге толған жоқ... Ол үлкен жазушы ғой, сондықтан орнында қалды, дейді. Кешіріңіз, үлкен жазушы – мына мен болам, – дедім. Лауреат государственной премии. Ал ана жігіт – мұндай сыйлықты әлі алған жоқ және қашан алары белгісіз. Сіз жоғарыда туысқаны бар деп қорғаштап отырсыз. Жарамсыз жағдай. Бірақ қарсы емеспін. Сол үшін жоспарға енген. Алайда, шын үлкен жазушы менің кітабымды орнына қоясыз!.. бәрібір қоймады. Күтпеген жағдайда анау әріптесімді қоса сызып жіберіпті. Міне, әділдігі мен адалдығының көрсеткіші.

Бұрнада жоспарға енген автордың аты-жөні ғана жазылатын. Содан соң, әрине, тиесілі аннотация. Енді әрбір қаламгердің кім екені нақтылануға тиіс. Оның ішінде жұмыс орны, тұрақты адресі. Мүлде қажетсіз, артық жұмыс. Қосымша каншама бейнет. Бір жолы Баспакомның Мамажанов қол қойған қорытынды пікірінде бұл тараптағы ескертпелер тіпті көбейіп кеткен екен. Сұрақ көп. Анау неге айқындалмаған, мынау неге нақтыланбаған. Қадарынша жаңадан толтырдық. Содан соң екі жерде қиыс мағлұмат. Василий Антонов деген орыс жазушысының адресі көрсетілмепті. Өткен жылы қайтыс болып кетіп еді. Мен: «Алматының қалалық христиан зираты, қабір нөмірі анықталмады» – деп жазып бердім. Екінші – Солтүстік Қазақстанда тұратын Ермек Қонарбаев деген прозашы, ол да өмірден өткен, Мамажанов жұмыс орнын нақтылауды сұрапты. Мен: «Марқұм. О дүниедегі жұмыс орнын айқындау мүмкін болмады» – деп толтырғам. Арада бірер сағат өтер-өтпесте Мамажанов абыр-дабыр телефон шалды: Мұхтар, Мұхтар! Сен жақсы жазушысың, бірақ өте нашар адамсың, мына... мына мазағың қалай, Антонов та, Қонарбаев та өтіп кеткен кісілер екен...» – деп. «Мұқа, – дедім. – Сіз міне, отыз жыл бойы баспасөз тұтқасында отырсыз, оншақты жазушыны түгендеп танитын уақытыңыз болды. Бұл – мазақ емес, сіздің нақты сұраққа дәлме-дәл жауап. Ал менің жеке басыма келсеңіз, мен жай ғана жақсы жазушы емеспін, ғажайып жазушымын, қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі; енді кісілігім туралы айтсақ, менің адамдық кейпім жаңағы жазушылық биігімнен әлдеқайда жоғары! Осының бәрін көңіліңізге берік түйіп қойсын деп айтып

отырмын!..» Мамажанов бұдан әрі тәжікелеспей, телефон трубкасын сарт еткізіп орнына қойған еді. Бір қызығы, ештеңені кек тұтпайды екен, ертеңіне, әлде арғы күні жұмыс бабында кездескенде екеуіміз де мүләйім едік.

17

Орталық Комитеттен Қазыбаев кетіп, Кәмәлиденов келгеннен соң Мамажановтың да райы қатайды. Жаңа хатшымыз Олжасқа қарсы аяусыз күрес жолына түскен. Соған орай «Олжастың кісілері» де қыспақта қалуға тиіс. Және керісінше, «қарсы беттегі» жазушылардың онсыз да тегіс жолы бұдырсыз даңғылға айналуы шарт. Мамажанов осы орайдағы жай ғана реттеуші емес, белсенді жандайшапқа айналған. Тақауда, өткен жылы ғана Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясының әуелгі екі кітабы орысша, екі бөлек, әрқайсы 150 мың таралыммен шыққан еді. Енді сол қалпында қайыра бастыру керек екен. Сайын шарт ашуланды. Орынсыз зорлық. Кітап саудасы мекемелері кеше ғана алған мол тираждың төрттен үші әлі күнге қоймаларда жатқанын, енді тым құрса бірер жыл өтпей қайтадан қабылдау мүмкін емесін мәлімдеген. Ақыры, эне-мінемен созыла берді, келер жылы біз кеткеннен кейін не болғанын білмеймін. Бұл – сырттай доңайбат десек, көпе-көрнеу зорлық, зорлық емес, ашық басынған тұрпайы қорлық әрекеттер орын ала бастады. Бір күні, 1986 жылдың май айының ақырында Мамажановтан ашулы қатынас келіп түскен. Біз Фариза Оңғарсынованың екі томдығын бөгеп, шығармай жатыр екенбіз!.. Бұл қос кітап осы жақында ғана баспа жоспарына төтеден қосылған. Орталық Комитет бекімінен бері он күн өткен жоқ. Сол екі ортада: неге шығармай жатырсындар, не себеп, сорақы жағдай, авторды сыйламау, т.т. зәр төккен, алпарысты айып. Мен қолма-қол анықтап, Мамажановтың атына ресми хат жаздым. Қолжазба әлі түскен жоқ, сондықтан бөгелуі мүмкін емес, автордың өзі бізбен хабарлассын, деген тұрғыда. Түс ауған мезет еді. Кеш батты, таң атты, кезекті жұмыс күні басталар-басталмаста екінші бір ашулы қатынас келген. Автордың айтуынша, қолжазба бүгін-ертең түседі, тезінен шарт жасалсын, тиесілі қаламақысы төленсін. Жоспар бекіген, бұдан әрі бөгеу – авторлық құқұқ заңын бұзу болып есептеледі. Осы екі томдықтың баспаға әзірлену барысы және типографиядағы қозғалысы туралы Госкомиздатқа тиесілі ақпар уақтылы жеткізіліп тұруы шарт! Сайын басын шайқады, мен ыза болдым. Мамажановқа менің атымнан тиесілі жауап жазылды. «Баспаның келер жылдық жоспары бекігелі екі-ақ апта. Егер бекімнен өткен қолжазба атаулыға қолма-қол шарт жасалмауы – авторлық құқұқ бұзу болса, атаулы 220 кітапты екі-үш күнде өндіріске қалайша тапсырып үлгереміз? Оның үстіне, редакцияға әлі түспеген қолжазба болса. Біздің өткен жылы ғана жаңа кітабы шыққан Фариза Оңғарсыноваға ешқандай қарсылығымыз жоқ, әйткенмен, баспа тәртібі өз алдына, жоғарыдағы әлдебір жерлесіне арқа сүйеп, қисынсыз байбалам салуы, сырттан жала жауып, теріс ақпар беруі – өте ұнамсыз жағдай, деген тұрғыда. Осыдан соң Мамажанов тыншыды. Ал Фариза біз «бөгеп

жатқан» екі томдық қолжазбасын екі айдан соң әкелді, онсыз да басылып шығуға тиіс кітап, жұрт қатарлы графикке енгізілген. Күзде, межелі уақытында типографияға өткен. Баспа рәсімін Фаризаның өзі де жақсы біледі, тек сәтті жағдайда күш көрсетіп қалғаны.

Мана айтқанымдай, баспа мен Госкомиздат арасындағы қатынас Есенберлин заманынан мүлде басқаша сыпат тапқан екен. Шериаздан Елеукенов – баяғы Мұхаметқали Сужиковтан қаһарлы емес. Және бар тізгінді көмекшілеріне беріп қойған, өзі ұсақ-түйекке араласпайтын сияқты. Оның есесіне, соңғы он үш-он төрт жыл бойы «Жазушыда» директор болып Әбілмәжін Жұмабаев, бас редактор болып Есет Әукебаев берік отырды. Сырттай қарағанда, кім көрінген басынардай екі момын. Өз тараптарында есептері нық болса да, көлденеңге тым жайдақ көрінеді. Және, шынында да, жоғарғы жақтағы ең елеусіз қызметкердің өзіне көнбіс. Орталық Комитет нұсқаушыларының тікелей телефон соғып, емеурінін өткізіп тұратынын айттық. Одан беріде, Баспакомның төрағасы, бас редакторы тұрғай, қатардағы қызметкерінің өзінің бар сөзі заңға айналыпты. Бұрын бұл төменгі шенділер баспа жұмысына қол сұқпайтын. Қазір бәрі де қатарынан билікші қожайынға айналған. Жоспар мәселесінде ғана емес, күнделікті өндіріс барысында. Бұрнада, аса сирек, әредік жағдайда болмаса, Госкомиздат қолжазбалар тағдырына тікелей араласпайтын. Енді әрбір ай сайын, өздері міндетті түрде көшірмесін талап ететін әдепкі график бойынша өндіріске дайындалып тұрған қолжазбалардың бірнешеуін сұратып алады. Аптадан озып, ай бойы, кейде одан да ұзақ бөгейді, содан соң тиесілі рецензия және әлдебір қатардағы қызметкердің қосымша жолдамасымен қайтарып береді. Кез келген қолжазбаны сыртқы пікірден өткізу – қалыпты және қажетті рәсім. Әрбір жаңа кітап, өндірістен бұрын кемі бір, немесе екі рецензияға түсуі шарт, кейде таласты, күмәнді жағдайда, үш-төрт қайыра сүзгіге салынуы мүмкін. Баспа сарапшысы – әдебиет сыншысы, немесе кәнігі қаламгер, пікірінің орындысы бар, артық-ауысы бар. Қолжазбаны өндіріске дайындау үстінде редактор автормен ақылдаса отырып, қажетіне қарай қабылдар еді. Ал Госкомиздат рецензияларының жағдайы басқаша екен. Әукебаев қалыптастырған тәртіп бойынша, Баспаком пікірі – бұлжымас заң сияқты. Авторды зарлатып отырып, бүге-шігесіне дейін түгел қабыл алу шарт. Бұл – партиялық қаулы емес, қатардағы әлдебір әдебиетшінің өзіндік пікірі екені, онда орынды да, жаңсақ та толғамдар ұшырасу мүмкіндігі есеп емес. Баспакомнан түсті – сөзсіз орындалуға тиіс! Әуелгі бір жолы, маған автор мен редактор екеуі қабатынан келіп, Баспаком пікіріне уәж айтқанда таң қалып едім. Менен несін сұрайсындар, өздерің шешіндер деп. Сөйтсем, жаңағыдай сорақы жағдай. Осыдан соң да бірнеше мәселе болды. Бәрі де онымен жасалған. Және жігіттерге атап айттым. Автордың еркі – бәрінен де жоғары, көлденең пікірден шығармаға нұқсан келмесін деп. Әйтсе де, төтенше кеселге оншалықты мән бермеген екем. Ақыры, нақты араласуға мәжбүр болдым. 85-жылы ғой деймін, бұрнада кітаптары шықпаған, шықса, үлкен көлемге жетпеген бес жігіттің бес кітабы баспаға әзірленді. Мен әуелден-ақ жас авторларға

айрықша көңіл бөлем ғой. Сол реттегі бір шара. Тұрысбек Сәукетаев, Арасанбай Естенов, Кәмел Жүнісов, Тұрлыбек Мәмесейітов, және, нақты есімде қалмапты, тағы бір жігіт. Бәрі де жас авторлар, бұл кезде мен білмейтін Кәмелдің жастық шағын Сталиндік лагерлерде өткізіп алған тағдыры бар екен, яғни, басқаларынан ересек болғанымен, ол да жаңа талапкер. Бес кітап қатарынан дайын болды. Сөйтсем, осы бесеуін де Госкомиздат арнайы сұратып алған екен. Мұнысын білмеймін, кейінірек естідім. Ақыры, бір жарым-екі айдан соң жұбын жазбаған бес қолжазба баспаға қайтып келеді ғой. Әрқайсының алдына салынған жеті-сегіз, он беттік рецензиялары бар. Авторлары аталмаған. Оның есесіне, Баспакомның бланк қағаздарына жазылған қысқаша жолдамалары тұр. Бәрінің сарыны біреу-ақ: бұл қалпында жарамайды, өңделсін, жөнделсін, қайта қаралсын, деген тұрғыда. Мен бес жас қаламгердің бес кітабын да біршама мұқият оқып шыққан едім. Бәрі де жақсы, ал кейбірінің үлкен жазушы боларлық қарымы танылып тұр. Қолма қол Баспакомның қызметкері, осы қолжазбаларды теріске шығарған жолдамалардың астында қолы тұрған Мәди Айымбетов дейтін жігітке телефон шалдым. Мәди, мынау болмайды, дедім. Бұл бесеуі де болашағы айқын, талапты жігіттер, бес кітапты да өз қолымнан өткізгем, атаулы рецензияларды кім жазса да, әдеби шығармаға бұлай үстірт үкім айту орынсыз, дедім. Баспаком редакторы шалқасынан түсті. Үні қатқыл ғана емес, өктем. «Сіз неге осыншама шыр-пыр болып отырсыз?!» – деген, мейлінше сызданып. Мәс-саған!.. «Әй, шырағым, – дедім. – Мен осы «Жазушы» баспасының бас редакторы болам. Мына қолжазбалар – біздің өндірістік нәтижеміз. Сен іске жарамайды, баспаға бармасын деп отырсың. Яғни, «Жазушы» баспасының бар қызметін, оның ішінде мені де теріске шығарып отырсың. Сен болар, басқа болар, кім қалай айтса да келіспеймін. Екіншіден, мен – Мұхтар Мағауин, қазіргі қазақ әдебиетінің ақсақалдарының бірі болам, өзімнен соң қандай жас қаламгерлер келе жатқаны мен үшін аса мәнді, егер баспада істемесем де, осы жігіттерді жала мен қысастан қорғау – міндетім деп білем. Ал сенің мына зорлығың маған жүрмейді. Осы қазір бес кітапқа қатарынан қол қойып, өндіріске жіберем. Алдағы уақытта қатарлас жігіттерді бөгеу орнына, өз абыройыңды көбірек ойлағаның жөн», – дедім. Сол күні атаулы бес кітапты да типографияға бағыттадым. Алдағы заманда мұндай төтенше қысас болмады, кімнен, қандай рецензия келсе де жол бермейтін едік.

18

Москвада, екі жылда бір рет өткерілетін Халықаралық кітап жәрмеңкесі бар. ССРО құрамындағы он бес республика өз алдына, әлемнің көптеген елдері қатынасатын үлкен мәдени шара. Одақтық баспалардың маңызды, мәнді және бар бітімі жақсы көркемделген кітаптарының жалпы көрмесі. Үздік басылымдарға бәйге. Және шет тілдерге аударылуға мүмкін таңдама әдебиет ұсынылмақ. Бұл мерекелік дүбір менің тұсымда 1985 жылдың күзіне сәйкесті. Алдынала дайындық

өткен жылдың соңынан басталған. Тіпті, одан да бұрын. Ең әуелі – полиграфиялық тұрғыда жоғары сапалы, әсемдік бейнелеу жағынан көп шығынға түсетін, үздік басылымдар іріктелді. Содан соң, тым озық болмаса да, тәуір көркемделген және қазақтың белгілі жазушыларына тиесілі кітаптар тізімі жасалды. Бұлардың бәрі Жәрмеңке кезінде «Жазушы» баспасына бөлінген арнайы офиске қойылуға тиіс. Жәрмеңкеге дайындық жұмыстарына жауапты екі редактор тағайындалды.

Мен істің басында ең алдымен бұрнағы жәрмеңкелер жағдайын байыптаған едім. Жалпы көрініс жаман емес. Бар кілтипан – қазақ әдебиетін жат жұрттарға насихаттау тарабынан шықты. Негізінен орыс тілді авторлар алға қойылады екен. Қазақ тілділердің белгілі бір тобы ғана. Біз, әлбетте, Морис Симашко сияқты танымалы болмаса, орыс тілді татымсыз жазармандарды шектеп, қазақтың үлес салмағын төрттің үшіне жеткіздік. Қайткенде санаулы. Санаулы болатыны, шетке ұсынылмақ әрбір кітап, әрбір қаламгер турасында рекламалық анықтама жазылуға тиіс. Орыс және ағылшын тілдерінде. Сайын екеуіміз оңға, солға бұрмай, әділетті, нақты тізім жасадық. Нұрпейісов, Ахтанов, Есенберлин, Кекілбаев дегендей. Тағы бір танымал жазушылар. Менен – «Аласапыран» романының осы жақында ғана жарыққа шыққан Бірінші кітабы. Және Москвада басылған «Змеиное лето» дейтін повестер жинағы. Тағы кімнен нелер болғаны есімде жоқ. Әйтеуір, жинақтап келгенде он бес-жиырма шығарма. Жаз ортасында екі тілді рекламалық парақшаларымыз да әзір болған. Сөйтсек, бізді биіктен бағып отырған қожайындар бар екен. Госкомиздат түгел мақұл көргенімен, одан жоғарыдағы ЦеКа көп жағдайға риза емес. ЦеКа болғанда, осы шараға арнайы міндеттелген журналист Болат Бодаубаев. Әуелде Сайынға ренішін білдіріпті. Содан соң менің өзім сөйлестім. Кейбір авторларды артық мадақтап жіберіпсіз. Нұрпейісов, Ахтанов, Кекілбаевтар емес. Есенберлин және Мағауин. Мен айттым: Болат, бұл – рекламалық жарнама ғой, бәрін де көтермелеп жатырмыз, базардағы сауда есебінде. Сенің де, біздің де алалап, іріктеуге хақымыз жоқ. Есенберлин – қазақтың атақты жазушысы. Мен – Мемлекеттік сыйлық лауреатымын. Ана кісілерге мадақ жөн болғанда, біздікі қалайша артық көрінеді? Бәрі де қазақ әдебиетінің насихаты, дедім. Реклама текстерін бізге алдынала көрсетіп алу керек еді, дейді. Ондай нұсқау болған жоқ, дедім. Енді түгелімен басылып кетті. Ешкімге зияны тимейді. Қайталап айтайын, базардағы сауда жөнімен жасалған насихат. Ешбір кітапқа, газет-журналға басылмайды, деп тоқтадым. Сонымен, менің ЦеКам – қырағы шенеуніктің бар сөзі ескерусіз қалған.

Мәскеудегі Жәрмеңке жайын тәптіштеп қажеті болмас. ВДНХ – Халық шаруашылығы жетістіктерінің ғимарат-жайы, аумағы ат шаптырым дерліктей, біртұтас кеңісте, ішінара, жартылай қоршап бөлінген, кемі бірер жүз офис сайланыпты. Қаншама елдің баспагері қатарласа, қабаттаса орналасып жатыр. Бізге орта тұстан тиді. Әкелген кітаптарымыз түгелдей көрмеге қойылды. Сайын екеуіміз және бес-алты

көмекші. Енді келімді-кетімді кісінің райын бағып отыру керек. Мен уақытын тауып, әуелгі күннің өзінде ең алдымен Түркия офисіне бардым. Одан соң Жапония. Ертеңіне Қытай мен Израиль. Адамдарын, кітаптарын көрмек үшін. Алдағы күндерде өзіміздің Одақтық республикалар баспаларына. Жай ғана жүріс емес, нақты әңгіме, кеңес. Кейбірін өзіміздің офиске шақырғам. Бұл да қызық жағдай екен. Мен сол алғашқы күні, әуелгі сағаттардың бірінде Түркия офисіне кіріп барғанда, алдымнан әзірбайжан ақыны Мәмед Исмайыл шыға келді. Менің ежелгі танысым. Екеуіміз қауыша амандасып жатырмыз. Мен күлдім. Қазір құпия камера бізді жоғарыдан, немесе әлдебір бұрыштан түсіріп жатқан шығар деген оймен. Менің кескін-кейпім үйреншікті, совет адамы екенімді анықтау оңай, таң азаннан келіп, әлдебір мұртты түрікпен құшақтасып жатырмын... Қауіп емес, шындық. Бізде бәрі қатаң бақылауда ғой. Мәмед сол арада мені екі түрік баспагерімен таныстырды. Біреуінің сойы есімде қалыпты – Білгехан екен. Мен қазақша, олар түрікше, толық ұғыныспаған сәттерде Мәмед дәйектеп отыр. Әйткенмен, көп бөгелуге болмайтын. Уақыт тапшы. Мен визит кәртішкемді беріп, түріктерді өзіміздің офиске шақырдым. Екеуі ақылдасып алды да, ертең жоқ, арғы күні түскі сағат екіде кіріп шығамыз деген. Айтқан уақытында келді. Мен Сайынға хабарлап қойғам. Көрмедегі кітаптарымызбен таныстырдық. Қыздар жеңіл шай әзірледі. Өрік-мейіз, ұсақ-түйек. Білгенімізше әңгімелесіп отырмыз. Туыстық, түсіністік тұрғысында. Он-он бес минут өтті. Кенет біздің жігіттердің бірі келіп, Сайынға осы Жәрменкені әлдебір жоғары шенді партия қызметкерінің көмекшісі аралап жүргенін, бізге жақындап қалғанын айтқан. Мен алаңсыз отыр едім, енді бір қарағанымда, біздің офисте, шағын стол басында менімен жаңағы екі түрік қана қалыпты, басқа кісілеріміз зым-зия. Манағы партия қайраткері үстімізге келіп қалса, біз әлдебір түріктермен әмпей-жәмпей болып отырсақ, бұдан өткен сұмдық бар ма. Аш пәледен қаш пәле. Әйткенмен, тұра қашатындай, мына түрік баспагерлерінің қандай кінәраты бар. Халықаралық жәрменкенің өзі не үшін. Мен ыңғайсызданып қалған едім. Түрік бауырлар бар жағдайды бірден аңдапты. Шайларының соңын ұрттап, орындарынан тұрды. Менің қолымды алып, ықылас білдірген. «Тешеккүр... тешеккүр едерім...» Рақмет, рақмет айтамыз. Келесі күні біздің офиске Жапонның «Хокусай бунгка жуппанша» баспасының қожайыны Кагияма-сан келген. Сайын жоқ еді. Мен ағылшынша білмеймін. Жапонша әуел бастан. Алайда, ықыласты, түсіністі жағдайға жеттік. Көрмемізбен таныстырдық. Жасы үлкен Жапон бауырыма қазақтың аппақ киіз қалпағын кигіздім және қолына рекламалық жарнамасымен қоса, «Жыланды жаздың» орысша нұсқасын берген едім. Бұл ишараның әжептәуір жалғасы болды.

Тұтастай алғанда, біздің, Сайын екеуіміз ғана емес, қазақ баспагерлерінің халықаралық тәжірибесі жоққа жақын екен. Біріншіден, ешкім тіл білмейді. Тіл болғанда, үйреншікті орыс емес, жер-әлемдік ағылшын, өз өрісі бар неміс. Дайын рекламаларды ұсынғаннан басқа өтімді әрекет бұрын да болмаған, қазір де жоқ. Өзіміз білмесек те, қазақ

жастары бар ғой, алдынала қам жасалмапты. Әйткенмен, ең негізгі себеп – бұл емес. Еуропа баспагерлері, оның ішінде поляк пен венгр, чех пен словак, тіпті немістердің өзі орысша біршама сауатты. Ең бастысы – бұларға не қажетін білу екен. Біздің рекламалық әдебиет бұрнағы жолмен, коммунистік идеялар негізінде құрастырылған. Алдынала талап бойынша, осылай қалыптасыпты. Керек десеңіз, шет елде басылуға ұсыныстың өзі, қылмыс болмаса да, онша мақтаулы қарекет емес. Тіпті, социалистік аталатын елдер тарабында. Келісілген, қабылданған кітап атаулы қатаң сүзгі – КГБ-ның мақұлынан өтуі шарт екен. Оны артынан білдік. Ал бұл жолы Шығыс Германияға Нұрпейісов пен Кекілбаев өтті. Біздің еңбегіміз емес, өздерінің бұрнағы байланысының нәтижесі. Тағы бір тілдерге – Морис Симашко. Ол да өз атағымен. Есенберлинге поляктар ықылас білдірген. «Аласапыранның» бірінші кітабын Югославия – Словения баспасы мақұлдап алған еді, кейін қазақ газеттерінде солай хабарланды, ақыр түбінде біздің жақтың тосқауылынан өтпей қалыпты. Сондай-ақ, келесі жылы «Жыланды жаздың» жапон нұсқасы да жоққа сайды.

Басқа тілге кітап өткізу талабы шет жұрттармен ғана шектелмейтін. Өзіміздің үйреншікті республикалар бар ғой. Осы жолы Молдавия, Грузия, Украина, Белорусия және Түркменстан баспаларымен ауызша келісімге жеткен едік. (Түркмен демекші, мен ағайын республиканың офисіне барғанда, бас редактормен ғана кездесіп, тіл табысқан едім. Директоры жоқ екен, қажетті шаруаларымен шығып кетіпті. Сол беті көрісе алмадық. Ең қызығы – осы елдегі бірден-бір «Түркменстан» баспасының жиырма жылдан астам ұзақ уақыт бойғы тұрақты директоры, белгілі жазушы Амандүрді Жанмұрадов, арада тура он жыл өткенде менің туған құдам болып шыққан еді. Алыс Мәскеуде жолымыз түйісе жаздаған екен, ақыры, одан шалғай Прагада келін түсіріп, сарысүйек туысқа айналдық.) Бұл республикалармен аралық қатынас негізінен айырбас тұрғысында – сіз мынаны басасыз, біз сіздің қалағаныңызды аламыз... Бұл, ештеңеге міндеттемейтін келісімдердің кейбірі жүзеге асты, кейбірі мен баспадан кеткен себепті аяқсыз қалған.

Айырбас демекші, осы орайдағы аса бір қолапайсыз әңгіме. Мәскеуге бізбен бірге барған қыз бала айтып еді. Баспада кіші редактор, әкесі белгілі тарихшы ғалым болатын. Өткен жолы да Жәрмеңкеге келіпті. Сондағы көргені. Мен неміс баспасымен, өзіме қатысты, ақыры нәтижесіз қалуға тиіс әлденендей кездесуден бой тартқан кезде, қысыла тұрып сыртқа шығарған еді. Югославияның офисінен екі кісі келді, дейді. Біздің баспа директоры Әбілмәжін Жұмабаевпен келіссөз жүргізіпті. Мұхтар Әуезовтың «Новый мир» журналында басылған «Лихая година» – «Қилы заман» романын босна тіліне аудармақ екен. Бізге өте қатты ұнады, деседі. Аламыз. Ал сіздер өз тарабыңыздан біздің атақты жазушы Скендер Куленовичтің «Подземная река» – «Жер асты өзені» романын қазақшаға аударсаңыздар. Орыс тілінде шыққан. Көлемі – Әуезов шығармасына қарайлас, тақырыбы мен мазмұны да үйлес, Босния халқының XIX–XX екі ғасыр шегіндегі тағдыры, депті. Біздің директор айтты дейді. Жөн-ақ, алайда, сіздер Әбдіжәміл Нұрпейісовтың «Қан мен

тер» романын алсаңыздар дұрысырақ болар еді. Қазіргі біздің ең үздік шығармамыз. Үш кітаптан тұратын эпопея, депті. Үш кітап болса, шамамыз келмейді. Онда, бірінші кітаппен шектеліңіз. Онша көлемді емес, бас-аяғы бүтін... Біз Әуезовты аударар едік, дейді аналар. Аудара беріңіздер. Ал сіздің айтқан роман үшін Нұрпейісовты ұсынамыз. Екеуі сәл сабыр етіңіз дегендей ишара жасап, оңашарақ шықты дейді. Аз-маз ақылдасып, қайтып келеді. Сіз Куленовичті алыңыз, біз Әуезовтың отаршылдыққа қарсы жана романын қалап отырмыз, депті. Нұрпейісов романы – соңғы сөзіміз, дейді Әбілмәжін Жұмабаев. Югославтар пұшайман қалыпта бастарын шайқап, кете берді дейді. Не деген сұмдық! Мен аталмыш «Жер асты өзенін» бұрнада оқып шыққан едім. Өз кітапханамда тұр. Скендер Куленович – яғни Ескендір Күленұлы – босниялық, мұсылман аталатын халықтан, осының алдында ғана дүниеден өткен, кейінде суреті Босна-Герцег республикасының ақшасына шыққан белгілі қаламгер. Бізге керек емес екен, Нұрпейісов керемет екен, сонда Мұхтар Әуезов құрбанға шалынуы шарт па еді?!..

Москва – 1985 халықаралық кітап жәрмеңкесінен көп ой түйіп қайттық, келесі Жәрмеңке – екі жылдан соң, алайда бұл кезде Сайын екеуіміз де «Жазушы» баспасынан аулақтап кеткен едік.

19

Қазақ әдебиетін басқа тілдерге өткізу демекші, мен бұл мәселені, ақыры нәтижесіз шыққан Халықаралық жәрмеңкеден көп бұрын, баспаға келген бетте қолға алып едім. Аулақ шет тілдерге емес, өзіміздің, Советтер Одағы аталатын империямыздың легінде тұрып жатқан алыс-жақын ағайындар тілдеріне аударту мүмкіндігін.

«Жазушыға» келген бетімде барлық Одақтас республиканың орталық баспаларымен байланыс орнатуға кіріскен едім. Әуелде өзбек пен қырғыз, содан соң түркмен, тәжік, арыдағы Украина, Белоруссия, Молдавия, Балтықтағы ағайынды үшеу, Қапқаздағы Грузин, Армян, Әзірбайжан. Бұдан соң автономияларды түгендедік. Татар, Башқұрт, Шыбаш, Удмурт, Мордва, шығыстағы Бурят пен Тыба. Кейбіріне тікелей телефон, көбіне-көп ресми хат. Тығыз байланыс орнатқымыз келеді, біздің халықтардың әдебиетін өзара тани түсуіміз керек. Сіздер әуелгі кезекте кімді ұсынар едіңіз, біздің жауап содан кейін. Ең тиімдісі – топтама жинақ, әңгімелер, немесе повестер. Ұлттық әдебиетті кеңірек қамтуға мүмкіндік береді. Бұдан соң тағы да жалғаса жатар... Міне, осы тұрғыда.

Қазақ аударма редакциясының меңгерушісі – Әбді Шынбатыров деген жас жігіт еді. Ерекше еңбегімен көрінбеген. Әрі момын, тыныш. Мен үлкен бір папқа ашқыздым. Біз хабарласқан және хабарласпақ жиырма-отыз баспаның нақты адрестері, директор мен бас редактордың ретіне қарай аударма бөлімдерінің телефондары. Біз жазған қатынас қағаздары, қайтқан жауаптар.

Шет тілдерге жол табудың машақаты көп. Әрі, кейіннен аңдағанымдай, КГБ мен партияның жасырын, жекелей тексеріс, бекімінен өту шарт. Ал туысқан совет халықтарының ондаған тіліне аударылуға ешқандай ресми бөгесін болмайды. Қазақ тіліне совет шегіндегі барлық жұрт, барлық халық аударылып жатыр. Керісінше, қазақтың өзінің мұншама өрісі жоқ. Бар кінә жалбақай дарақылықтан. Енді осының бәрін реттеу қажет еді. Қазақ әдебиетін таныту өз алдына. Қайткенде, арғы-бергі тәржімадан соң, туысқан халықтармен жақындаса түсесің. Мәселен, қазақ жөнін іргедегі өзбек пен қырғыз азды-көпті білер, ал татардың қазақ әдебиеті туралы ұғымы қаншалық? Немесе, одан да жақын башқұрттың? Түбі бір туыс шыбаш пен саха туралы айтудың өзі артық. Іргедегі түркменнен хабарымыз бар, ал армян мен грузин қандай? Мен ойлана келе, бүгінгі қазақ прозаиктері, немесе ақындары топтасқан жанрлық жинақтарды алға шығармақ едім. Осы ретпен әуелгі әңгімелер жинақтарын нұсқаладық. Және повестер топтамасын. Алайда, кеңінен қанат жайып үлгермедік. Енді ғана басталған, алғашқы нәтижелерін ғана берген маңызды шаруа мүлде дерлік аяқсыз қалды. Бір есептен, алыстағы әріптестердің пәтуасыз жағдайынан. Мәселен, грузин мен молдаванның қалаған кітаптарын тезінен қазақшаға аударып, жарыққа жеткіздік. Ал олар уәдесін орындай алмады. Жеке мен емес, баспа атынан артылған аманат аяқсыз қалды.

Қайткенде, сәтімен басталған іс азды-көпті жалғасын тапқан. Мен көргенде татарлар қазақ хикаяттарының топтамасын, ал кішкентай Тыба қазақ әңгімелерінің жинағын дайындап жатқан еді, көп ұзамай жарыққа шығыпты. Естуімше, аударма редакциясының меңгерушісі Әбді Шынбатыров әуелде жаңа басшылар алдында үлкен беделге жеткен екен. Мұншама кең құлаш, қаншама мүмкіндік. Бәрін өзі ұйымдастырған кейіпті. Сол жобамен әр тарапта тағы да бірнеше кітап өткен сияқты. Мені қатардағы қаламгер ретінде, мұндай жинақтардың бәрінен шеттеткен екен, сондықтан қайда не шыққанын білмеймін.

20

Сталиннің заманында, ұлы көсемнің атына телінетін: «Іс тетігін кадр шешеді!» – дейтін ұран болатын. Сталин ойлап тапқан қағида емес, барлық уақыт, барлық жағдайға тән шындық. Мен баяғы Есенберлин тұсында, өзім де жас болғаныммен, жазуда да, қызметте де жастар жағына айрықша назар аударар едім. Ілекеңнің қалауы да осы. Енді екінші қайыра «Жазушыға» келгенде Сайын екеуіміз баспаның редакциялық құрамын жаңарту, жастарды тарту мәселесіне бірден кірістік. Талапты жігіттерді арнайы шақыртқанбыз. Ең әуелі, Сайынның өзі баспаға келген бетте, менен бұрын, бас редактордың орынбасары қызметіне дарынды жас ақын, әдебиет сыншысы Асқар Егеубаевты отырғызған екен. Білімдар әрі орнықты жігіт. Сайын екеуімізге сенімді көмекші ғана емес, берік сүйеніш болды. Бар ісінде тыңғылықты. Қандай да шаруаны сеніп тапсыратын, айтпай-ақ ойдағыны орнына келтіретін

азамат еді. Мен қатарлас жұмыстаған жиырма алты ай ішінде ешбір ісінен кінәрат шыққан емес. Жарым жылдан соң ғой деймін, Жүсіп Баласағұнның әйгілі «Құтадғу білік» дастанын тәржімалай бастады. Орысша аудармасы әрқилы: «Благодатное знание», «Наука быть счастливым», «Знание, дарующее счастье» – осы қалпында қазақша қотарсақ, «Бақытқа бастар білім», «Бақыт сыйлайтын білім» болып шығар еді, қазақ филологтары осылайша жазатын. Асқар да сол төңіректі сағалап жүр екен. «Бақыт-нама» ма, «Бақытқа кенелтер білім» бе, әйтеуір бір «бақыттың» төңірегі. Мен естіген сәтімде, оп-оңай шешіп бердім. «Құтадғу» – «бақыт» емес, «құттан» бастау алады. Мағнасы жақын болғанымен, негізі басқа. Яғни, «құтадғу» – құтты деген сөз. Ежелгі түрік лұғатына тән ұғым. Ал білік – ежелгі тілімізде бар сөз. Сонда Жүсіп Баласағұн еңбегінің нақпа-нақ атауы – «Құтты білік» болып шығады, әуелде тосын естілуі мүмкін, бірақ тезінен сіңісіп кетпек, дедім. Осылай болды, осы атаумен басылды. «Құтты білік», ежелгі түрік жұртының асыл мұрасы. Және Желтоқсан оқиғаларынан соң Асқарға сөгіс әперген, жұмысынан кетірген үлкен айып, ақыры құт болып шықты. Бұдан кейінгі кезеңде Асқар көптеген өлең, поэмалармен қатар, ғылыми жұмысқа біржола бет бұрды. Ғылым болғанда, түрік жұртының ежелгі әдебиеті тарабында. Бірнеше кітабы бар, оның ішінде тарихи еңбегі – «Диуани лұғат ат-түрік» – әлемдік деңгейдегі, бүткіл адамзаттық мұра, Махмұд Қашғари кітабының қазақша нұсқасы. Бұрнада анадолы-түрік тілінде шыққан, совет заманында өзбек ағайындар қалыптады, енді міне, қазақша. Алайда, Асқардың басқа да зерттеу, төлтума еңбектері сияқты, Түрік лұғаты да өзінің лайықты бағасын алмады. Ең өкініштісі, Асқар көп ұзамай, 2006 жылы, елу алты жасында үзіліп кетті. Еңбегі уақтылы, тиісінше бағаланса, ұзағырақ жасар ма еді, кім білсін, енді айтқаннан пайда жоқ. Барлық жағдайда тынысы бір, айнымас інім болған Асқар туралы арнайы жазсам керек еді, дәп осы арада орайы келіп тұрған соң, бір ауыз лепесімді ірікпедім. Ең бастысы – артына өшпес із қалдырды. Кім қалай, қанша айтса да, осының бәрі атаулы еңбекке тіркеме ғана болып шығар еді. Алды жарық болғай.

Көңіл ауанымен, ілгері озып кеттік. Жұмысы ауыр, дау-дамайы біршама болғанымен, біздің жігіттер үшін өмірдегі ең бір жақсы кезең екен. Біз Сайын екеуіміз, қалай дегенмен де, бояуы сіңген, қалыптасқан қаламгерміз. Ал біздің ізбасар жігіттер жаңа ғана бастаған. «Жазушыда» қызмет атқарған серіктес інілер туралы ғана айтып отырмын. Мен баспаға келгеннен соң, арада ай өтпей, проза редакциясына Таласбек Әсемқұловты қабылдадық. Содан соң жаңа, 1985 жылдың басында Тұрсынжан Шапай келді. Оған жалғас Ерік Асқаров. Күзге қарай Арасанбай Естенов. Және Бигелді Ғабдуллин. Сенікі, менікі емес, келісіп жасалған шаруа. Тұрсынжанды мен өткіздім. Бұдан бұрын ҚазПИ-де оқыған шәкіртім. Енді әдебиет сыны тарабында бой көрсете бастаған білімдар жас. Арасанбайды Сайын тапты. Бигелді осының алдында ғана Ғабит Мүсіреповтің бір мақаласын аударған еді, орысша, қазақшаға бірдей, аса сауатты, әрі жаза білетін жігіт екен. Жұмысқа шақырмақ

болып отырғанымызда көлденеңнен әңгіме түсті: ойбай, жанжалқор екен, «Каз.правда» газетіне сыймай кетіпті, деген тұрғыда. Нақты есімде жоқ, шамасы осы. Сайын айнып отыр екен, мұның бәрі бос сөз, танымы жоғары, білімдар, бізге қажетті жігіт деп, әрең көндірдім. Ерік Асқаровты қайсымыз шақырғанымыз есімде жоқ. Әлде Талас, әлде өзіміздегі басқа бір жігіттер нұсқаған сияқты. Ал Таластың жайы мүлде басқаша шешілген. Кейін, мен шетке кеткеннен соң, зыр қағып, менің Мұхтар Мағауинге ешқандай қатысым болмады деп, әр кезде, әр жерде өз-өзінен ақталып, «мәлімдемелер» жасап жүрген кезінде, «Мені «Жазушы» баспасына Сайын Мұратбеков алды» депті. Ол кезде Таластың не бір әңгімесі, не бір мақаласы жоқ. Бар болса да жарыққа шықпаған. Сайын Талас Әсемқұлов дегеннің кім екенін қайдан білсін. Ал мен әуелі, қаршадай кезінде бар қазаққа күйші ретінде әйгіледім, одан соң, әскерден оралған бетінде ҚазПИ-ге оқуға түсірдім, «Жазушыдағы» қызмет – осы камқор көңілдің жаңа бір жалғасы, ең ақырында мен басқарған «Жұлдызда» нешеме жыл еркін отырды, яғни, ғұмыр бойы менің тәрбиемде, менің қанатымның астында болды, менің ақыл, кеңесіме қанықты, балаларыма жасай алмаған жақсылықты Таласқа жасап едім, осының бәрін теріске шығарып, тәрізі, әрқилы жағдайда екі-үш рет көрді, анығы – сыртынан ғана біледі, менің ұстазым Пәлен, ал ешқашан Мағауиннің ықпалында болғам жоқ деп жазып та, айтып та жатты, мейлі, адам күнкөріс үшін не істемейді, бізден аларын алды, енді шетке шыққан кезімде сырт айналыпты, одан Мағауин азайып, көбеймейді, бәрі де пендешілік, алайда дәп осы, «Жазушыға» қатысты көпе-көрнеу өтірігін кешіре алмайды екем, айттым, Сайын Таластың атын естімеген, мен сондай да осындай дарынды күйші, әдебиетті де жақсы түсінеді, біздің ауылдың баласы деп ұғындырғам, біздің ауылдан екені рас, Семейдің Шұбартау ауданы, мен қашанда ру мәселесіне мән берген емеспін, Талас найман еді, егер Сайын бұл жағын, яғни Талас Әсемқұловтың да өзі сияқты найманға жататынын білсе, Алматыны айнала қашар еді, білмеді, менімен ауылдас, яғни аталас, керей деп ойлаған, кейін анығын естігенде, амал жоқ, еріксіз күліп еді, мен де күлгем, Сайынның алданып қалғанына емес, өзімнің осы реттегі аңқаулығыма. Бұл Талас та, Тұрсынжан мен Асқар, Бигелді мен Арасанбай, кейінгі және бұрынғы Тұрлыбек Мәмесейітов пен Мәди Қайыңбаев, Кәкен Хамзин және басқа жігіттердің бәрі – саналары ашық, қабілет-дарыны күшті, соған орай ең жоғарғы деңгейде, адал, жақсы жұмыс жасады. Сәкен Иманасов, Төлек Тілеуханов сияқты байырғы қызметкерлер өз алдына. Таным басқа, талап басқа, «Жазушы» баспасындағы рухани ахуалды қалыптастырушы, жаңартушы ғана емес, көркем әдебиетке бұрынғыдан озық, тосын көзқарас орнықтырды. Мұндай жігіттерге сенуге, қандай жағдайда да ауыр жүк артып, қамсыз отыруға мүмкін еді. Солай да болды. Бір өкінішті жағдай, Сайын екеуіміз кеткеннен соңғы басшылар – Марал Сқақбаев пен Оразбек Сәрсенбаев осы, біздің тұсымызда қабылданған азамат, әрі қаламгер жігіттерді ескінің қалдығы ретінде түгелдей «Жазушы»

баспасынан шеттетіп еді. Алайда, көп ұзамай, екі жылға толар-толмаста өздері де жылы орындарын тастап шығуға мәжбүр болған.

Кадр мәселесінде мен бастаған, ақыры теріске айналған бір жағдай өтіпті. Мен алыс Ақмоладан Алдан Смайыловты шақыртқам. Жақсы бастап, көзге шалынған, тиянақты қаламгер. Проза редакциясын сонау менің кезім, ұзақ жылдардан бері басқарып келе жатқан Мағзом Сүндетов жаңа замандағы жаңа прозаны түсіне бермейтін. Кертартпалығы тағы бар. Есенберлиннің тұсында арамызда ешқандай кінәрат болмады, алдымнан үш кітабы өткен, оның ішінде менен көпе-көрнеу алмасқан көлемді хикаяты, алайда, мен кетіп бара жатқанда «Көк мұнардың» дауын қоздатқан және кейбір тайғанақ достарымды өзіне қосып алған. Сондықтан менікі пендешіліктен де алыс болмаса керек. Қайткенде Мағзомды проза бөлімінің бастығы қызметінен шеттету қажет еді. Осы орынға лайықтаған кісім – жаңағы Алдан болатын. Менің атаулы шақыруымды бірден қабылдады. Келді. Әзірше, екі-үш ай бойы аға редактор болып отырды. Бұл кезде Мағзомның мәселесі шешіліп қойған. Тек сәтті күні орын ауыстырмақ. Міне, дәп осы кезде Алдан бауырымның күтпеген мінез шығарғаны. Целиноградқа, өз ауылыма қайтам, дейді. Мен әуелде таңырқап, содан соң ренішімді айттым. Келесі, немесе арғы аптада проза редакциясының бастығы болмақ. Бар мәселе келісілген. Астыңнан су шықты ма, деймін. Алматы – әдеби, мәдени орталық. Өзің негізгі баспада отырасың. Кітаптарың бөгеліссіз шығып жатады. Атақ-абырой кезегімен келе береді. Неге қаштың? Өзі сылбыр сөйлейтін жігіт, менің ішімді пыстырып тұрып, негізгі себебін айтты. Әйелінің Алматыға көшкісі келмейді. Тағы да неге? Сырқат екен, емделуі керек. Сонда мен айттым, бәлкім, келінге Ақмоланың ауасы жакпайтын шығар. Жоқ, жағады, дейді. Тек жаксылап емделуі керек болып тұр. Емнің озығы, дәрігердің күштісі Алматыда, деймін. Алдан әуелгі сөзін қайталап айтады. Жағдайы онша емес, кетуі керек болып тұр. Енді мен ашулана бастадым. Әйеліңнің жағдайы тым нашар болса, Ақмола тұрғай, Алматының емі қонбаса, онда тәңірі ісі – өледі. Өлген соң Ақмола не, Алматы не – айырмасы жоқ. Қайта, Алматыда өлді деп ауыз толтырып айтқан үлкен мәртебе емес пе. Егер туған топырақ десең, көптеп, көмектесіп, мәйітін сол Ақмолаға жеткіземіз. Мен мына сені арнап шақырдым. Әуел бастан түпкі мәселені айтқам. Егер келіспесең, сенен тәуір, сенен гөрі тұрақтырақ басқа бір жігіт табатын едім. Сен Сайын екеуімізді тақырға отырғызып кетпексің. Көп сөзді қой. Келіншегіңмен ақылдас та, Алматыға тұрақтандар, дедім. Алдан ұнжырғасы түсіп шығып кетті де, бір сағаттан соң қайтып келді. Әйелімен сөйлесіп, теріс жауап естіді, анығы – сөйлесуге де батпады, енді манағы солқылдақ шешім мүлде қатайып, ең ақырғы, айнымас байламға көшіпті. Барлық жағдайды мағлұм қылғанда, Сайын да қатты ренжіді, ал мен күтпеген жерде, арқадан ауыр соққы алғандай, түніліп едім. Сонымен, Алданымыз бізді аударып тастап, кете берді. Алайда, бұл кезде баспадағы жұмыс қалыпқа түскен, ештеңе өзгермеді, қалған жұртымыздың қайырын берсін деп, бұрынғыша жүріп жаттық. (Бұдан соңғы заманда Алданмен арамыз

үзілді; жаманатын естімедім – ол үйдегі келін де аман-есен күн кеше берген сияқты.)

Мен екінші қайтара баспада отырған кезде, мана айттым, «Жазушыдағы» қазақ әдебиетінің үлесі қалпына келуімен қатар, жас авторларға айрықша көңіл бөлетін едік. Кітап шығару ісінде ғана емес. Баспадағы қалыпты рәсім бойынша, кез келген қолжазба міндетті түрде екі мәрте сыртқы рецензияға түсуге тиіс. Алайда, үнемі сақтала бермейді екен. Әдетте бір-ақ рет, ал кейде «қауіпті, күмәнді» қолжазбалар екі де емес, үш, төрт реттен. Мен бас редактор ретінде екеуге тоқтадым. Және міндетті рәсім. Танымы түйте, қимылы тұтқыр байырғы сыншылар емес, жаңа, жас күштерді іске қосу қажет еді. Өзім білетін кейінгі жастар шақырылды, Тұрсынжан мен Таласқа айтып, тағы бірнеше өткір жігіт таптық. Жаңа бастаған прозашы, ақын, сыншылар бар, университет пен институт аспиранттары бар, тұрақты жас сарапшыларымыздың өзі оншақты болған сияқты. Редакцияларға міндеттедім, кейде өзім де атап сілтеймін. Топырлатып, жаңа қолжазбаларды бере бастадық. Ең әуелі – баспаға сеп, редакциялардың жұмысы жеңілдейді. Мен үшін бұдан да маңыздысы – жас әдебиетшілер күнделікті тіршілігіне қажетті талғажау табуы керек еді. Оқу үшін, балаларының қарны ашпай, келіншектерінің алдында еңсесі көтерілуі үшін. Әлбетте, барлық рецензиялар ақы-төлемді. Сарапқа түскен қолжазбаның үлкенді-кішілі мөлшері және бар. Мәселен, жиырма баспа табақ роман екен дейік. Әрбір баспа табақтың нарқы – он сомға дейін. Ал біздің жас жігіттер мұншама көлемге оншақты бет сараптама жазып әкеледі. Және пікірлері орынды, өтімді. Он сомнан кесіп берем. Екі жүз сом деп қойыңыз. Бұл деген – қыруар қаражат, пәленбай қызметкердің айлық жалақысынан әлдеқайда артық. Ал талқыға түскен қолжазба жиырма бес, отыз табақ болуы да мүмкін. Екі жүз елу, үш жүз сом. Он, он екі – шағын көлемді қолжазбалар да бар, алайда, осы бір кітаппен шектеліп тұрған ешкім жоқ. Жалпы жұртты жарылқамасам да, біраз жасқа себесін жасадым ғой деймін. Жағдайы тәуір менің өзім осы екі жолғы ресми қызмет аралығында, және одан кейін де «Жазушы» ғана емес, «Жалын» баспасы үшін де аса белсенді сарапшы болдым. Қаншама кітапқа төрелік айтыппын. Екі баспа да ең жоғарғы – он сом, кейде тоғыз сомнан қоятын. Бірде қатты ренжігенім бар. Госкомиздатта отырған Нұрғазы Шәкеев деген ағам, әлдеқалай, төраға Шерияздан Елеуеновтен шығып келе жатқанымда кабинетіне шақырып, қырық бес баспа табақ, алты килограмдық қолжазба ұсынды. Аса жауапты, тезінен, бір апта ішінде жазып берсең, деген. Мен қандай да қолжазбаны бір аптадан артық ұстамаймын, онда да көңіл үшін; әдетте бір-екі кеш отырып, мұқият оқып шығам да, келесі күні, әдепкі жазуымнан тыс кешкілікте тиесілі пікірімді мәшінкеге бірден түсірем. Бұл жолы да, сол әдетіммен, бірақ ұзағырақ, үш күнде қарап бітіріп, төртінші күні кештетіп, тағы да ұзағырақ отырып, тура он жеті беттік рецензия жаздым. Айтқан уақытында апарып бергенде Нұрғазы ағам күмәндана қарады, тым тез әкелдің ғой, деген. Өзіңіз айтқан межеде дедім. Алып қалды, содан әр баспа табағына ең төменгі баға – бес сомнан қойыпты. Сол Баспаком кассасынан ақшасын алған соң, өзіне

кіріп шығып, бұдан былай Госкомиздат үшін сараптама жазбайтынымды айтып кеттім. Ал мына жас жігіттердің ешқайсы реніште қалмауға тиіс. Кейін біреулері аспирант, немесе жұмыссыз кезімізде Мұхтар ағамыз асырап тұрып еді деп те жазып жүрді. Керісінше, осы жігіттер баспаны көтерді, атаусыз сыншы ретінше қазақ әдебиетінің дамуына септесті дер едім. Ал менің әр кезде, әр баспаға жазған сараптама мақалаларымның өзі екі кітаптан асса керек. Бәрін тартпаға сала беріпін. Ақыры, 2002 жылы он үш томдық шығармалар жинағын баспаға дайындау қарсаңында қайыра сүзіп, іріктеп, шамамен бестен үшін қатарға қостым. Тұтас бір том болып шықты. Атаулы Шығармалар жинағының тоғызыншы кітабы. Осы ретте, қаншама жыл бойы маған қосымша, тиімді жұмыс жүктеп, үздіксіз мол ақша беріп отырған, нәтижесінде тұтас бір сын кітабының дүниеге келуіне септескен: «Жазушыда» Қайрат Жұмағалиев досымның, «Жалында» Бексұлтан Нұржекеев досымның өздері үшін қажетті, мен үшін пайдалы ықылас-пейілдерін тағы бір рет алғыспен еске түсіруім парыз сияқты.

21

Шериаздан Елеукеновтың төрағалығы тұсында Сайын екеуіміз еркін отырдық. Жерлестік, топшылдық, немесе басқадай бір ілгішек жөнімен емес. Шәкеннің өзі білімдар әдебиетші, және мүмкіндігінше ғаділетті кісі. Әлбетте, партиялық қызметтен өткені бар, жоғарыға қарайлауы өз алдына, әйткенмен, Елеукеновтың заманы – қазақ баспа-полиграфия саласының өсіп-өркендеген, керек десеніз, ең биік, жемісті кезеңі болды. «Жазушыдан» бөлініп шыққан әдеби «Жалын» баспасы біржола іргеленді. «Қайнар», «Өнер» аталатын жаңа баспалар ашылды. Бұрнағы «Жазушы» мен «Қазақстан», «Мектеп» және кейінгі, аталмыш үш баспа – барлығы сыйып, еркін отыратын Баспагерлер үйінің құрылысы аяқталды. Озық, Еуропалық үлгіде жабдықталған, әрі қуатты Полиграфкомбинат іске қосылды. Кітап саудасын ұйыстырған республикалық Кітап үйі кешені қалыптанды. Қазақ кітабының тиражы өлшеусіз өсіп, тек Қазақстан шегінде ғана емес, бүткіл Советтер Одағына таралатын болды. Бүгінгі бейшаралық тұрғысынан қарасаңыз, ертегілік бір заман. Республика байлығы, қазақ халқының рухани күш-қуатының көрінісі болатын. Және осыған орай ұлттық бағдар, ұтымды саясат. Әлбетте, осыншама шаруаны ұйымдастыра білген Шериаздан Елеукеновтың еңбегі де зор еді. Даусыз. Сонымен қатар, дәп осы ретте әріптес ағаға екі түрлі кінә тағар едім. Мұның біріншісі – Ілияс Есенберлинге, оның өмірінің ең соңғы күніне дейін созылған, 1972–1985 – тұтас он екі жылдық қысас пен қиянатқа аз да болса шектеу қоя алмағаны. Бәлкім, осы ретте Шәкенді кінәлау артық та болар: жоғарыда Имашев пен Есенәлиев отырды ғой. Әйтсе де, соншама өшпенді қудалауды біржола бетімен жібермеу керек еді, тым құрғанда Госкомиздат тарабына тікелей қатысты жекелеген жағдаяттарда. Екінші – Есет Әукебаевтың «Жазушы» баспасындағы тұтас он төрт жылдық тежеусіз терроры. Бұл әшшады бас редактор КГБ-ға арқа

сүйеді дегенмен, Елеукуеновтың дәп осы реттегі әрекетсіз көнбістігі – ақылға сыймас жағдай. Ақыр түбінде, баспаға жаңа келген Сайын Мұратбеков, бұл салада іс тәжірибесі болмаса да, жұпыны логика жөнімен, Әукебаевты оп-оңай тоқтатты ғой. Өзі қол қойып, жарыққа жетуіне рұқсат береді, содан соң орта жолдан, немесе кітап шыққан, ең соңғы сәтінде «қатесін» тауып, әшкерелеп жатады және қырағы, көреген, бүткіл баспаны идеялық һәм басқадай қатерден сақтап отырған табылмас қайраткер болып көрінеді. Ақыры, Сайын тежеу салды, ал мен келгеннен соң мұндай пәлекет біржола тыйылды. Мен Әукебаевтың арандату машығына да, рухани террористік әрекетіне де ешқашан таңырқағам жоқ, тек бүткіл Советтер шегіндегі біршама бейбіт заманда мейлінше етек алған сұмдықты зерделі әдебиетші, тәжірибелі басшы Шерияздан Елеукуенов қалайша көрмей, білмей және мейлінше мақұлдап отырғанына ғана таң қалған едім, күні бүгінде түсініксіз жағдай.

Қайткенде біз Госкомиздат төрағасымен келісті жағдайда жұмыс жасаған едік. Алайда, ақырына жетпедік. 1986 жылдың басында Елеукуенов он төрт жыл отырған қызметінен шеттеп, ғылыми жұмысқа ауысты да, Баспаком төрағасы болып, ешкімге аты-жөні де, білігі мен бітімі де беймәлім, шын мәнісінде орны бар да өзі жоқ Қалит Зәкәриянов деген кісі келді. Осының алдында Қазыбаев кетіп, Орталық Комитетке КГБ-шник Закаш Кәмәлиденов қайтып оралған. Осы қайтпас чекистің таңдап тапқан кадры. Қате жоқ. Өзіндік пікірден ада, жоғарғы жақ не айтса да құп – нақты, дұрыс таңдалған төраға. Кәмәлиденовтың кейінгі тіршілігі бар қазаққа белгілі. Жаңадан, төтеден пайда болған мінез емес. Тұмыстағы қаскүнем табиғаты, тиесілі сұрқия мектептерден соң біржола бекіген бағыт-бағдар. Яғни, қазақ рухына қарсы аяусыз және ашық зиянкестік. Өзінің кейінде Желтоқсан күндеріне септескен жаңа, жігерлі әрекетін біздің тарапта Жазушылар одағынан бастаған. Және «Жазушы» баспасынан. Атап айтқанда, сол кездегі Одақ төрағасы Олжас Сүлейменов. Және өз есебінше, Олжаспен канаттас, яғни ұлтшылдық сарындағы қаламгер атаулыға. Госкомиздат төрағасы Зәкәриянов бәріне мақұл, ал шабуыл найзасының былғаныш ұштығында бас редактор Мұқан Мамажанов мейлінше күш алған. Және ЦеКа-ның тиесілі бөлімінде отырған Амангелді Ахметәлімов пен Ризабек Адуов дейтіндер. Әдепке де, ақылға да сыймайтын айыптаулар. Әсіресе, жасы кіші Ризабек деген жігіт бетсіз екен. Рас, артында айтағы бар. Кәмәлиденовтың тапсырмасы. Десе де.

Сонымен, бір күні Сайын екеуіміз Орталық Комитетке шақырылды. Әлденендей мәселені анықтау керек екен. Сөйтсек, анықтау емес, айыптау. Айыптау үстіндегі тергеу. Тергеуге түскен соң, қайткенде жазықтысың. Бұрнада, әлдебір пәлелі арыздар үстінде Сайынның айтқаны бар еді, «Жала неғұрлым қисынсыз болса, соғұрлым өтімді», – деген. Соңынан аңдағаным, түп негізгі Геббельске барып тірелетін, даусыз ақиқат екен. Көпе-көрнеу өтірік деп кім ойламақ. Кейін, «Жұлдыздың» соңғы кезеңінде, журналдың маңын көрмеген әлдебір сұқит, былғаныш хикаят «осы жақында ғана, пәлен санда басылды» деген, әдетінше

Шаханов ұжымдастырған қаншама қайраткер қол қойған айыптау актісі бес-алты газетте қатарынан жарияланып, республика президентінің атына жолданған кезде, қарақоңыр, фашистік идеологтың даналығына да, қыпқызыл советтік орталықтың өзінде қызмет атқарған Сайынның өмірлік тәжірибесінде де біржола ден қойып едім. Баяғы «Үлкен террор» кезіндегі балшабек жендеттер өз сөздеріне өздері сеніпті деп шамалау қиын, ал мына Ахметәлімов пен Адуовтың нық сеніміне күмән қалмаған. Бұл екеуінің үлкені артқы резервте күш сақтап отыр да, кішісі белсеніп алға шықты. Мұратбеков пен Мағауин билеген «Жазушы» баспасын ұлтшылдық жайлап алыпты. Ол заманда дию-перінің өзін оп-оңай жығатын ауыр тұсау. Бұрнада «Бес ғасыр жырлайды» дейтін, үш томдық, рас, орта жолда біршама тазартылған ескішіл антология шыққан. Енді Есенберлиннің тарихи романдары мен Олжас Сүлейменовтың осы сарындас кітаптары үздіксіз басылып жатыр. Орыс редакциясының өрісі тарылып, кейбір адал қызметкерлері жұмыстан қуылған. Ұлтшылдық қана емес, жершілдік, жікшілдік орын алған. Классик жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовке қысым жасалған...» «Әй, Ризабек, біз отырған екі жылда Нұрпейісовтың үш кітабы шықты ғой», – деді, дәп осы жерде шыдай алмаған Сайын. «Шықты, үлкен қиындықпен», – деген, кірпігін де қақпаған Адуов. «Фариза Оңғарсынованың екі томдық жинағы бөгелген...» Мен ұмсына бере тартындым. Қандай да сөзде мән қалмаған. Бұдан ары... әрқилы тағы қаншама кінәрат. Оның ішінде бұл баспадан біздің өзіміздің де кітаптарымыз тоқтаусыз шығып жатқаны. «Жазушыдан» лауреат госпремии Мұхтар Мағауиннің бір-ақ кітабы шықты, ал менің екі томдығым осындағы Госкомиздатта бес жылдық жоспарға қосылып, Москвадан бекіген болатын», – деді тағы да шыдай алмаған Сайын. Қажеті жоқ еді. Зәкаш Кәмәлиденовтың жерлес, туыстары Нұрпейісов пен Оңғарсыновалар үсті-үстіне том-томдап шығарып жатса, Есенберлин мен Сүлейменовтерге жақтас біздің тыпатыныш отыруымыз шарт болатын. «Мағауин «Жалын» баспасынан да кітап өткізді», – деді, көлденеңнен сөзге араласқан Ахметәлімов. Міне, осы сарындағы тағы қаншама былық. Бұлардың сөзі емес, біздің ісіміз.

Түптеп келгенде, осының бәрі кіріспе ғана болып шықты. Енді екеуіміздің жеке басымызға көшкен. Әуелі Сайынның жігітшілігі жөнінде. Нәтижесінде, жалпы жұртқа теріс үлгі өз алдына, семьялық өмірінде кірбің бар. Сайын шарт ашуланды. «Кім айтты? Әйелім арыз жазды ма? Отбасымызды бұзды деп әлдекім шағым түсірді ме? Орысша мұны біреудің лас ішкімін ақтару деп атайды. Менің дамбалым таптаза!» – деді. «Біздің басқадай нақты дерек, дәлелдеріміз бар», – деген Ризабек. Мен күліп қана отыр едім. Ертерек масайраппын. Міне, өзіме де жетті. Күтпеген жағдайда аңырып қалыппын. Сіз баяғыда, ҚазПИ-де жүргенде, студент қызды зорлап, жұмыстан қуылған көрінесіз, соған түсініктеме, яғни ақталу хатын жазып беріңіз деген талап. Қазір мағлұм болған «презумпция невиновности» – кінәсіздік болмыс, яғни айыпталушының әзірше нақты дәлелденбеген қылмыстан тысқарылығы туралы ұғым ол кезде атымен жоқ, бірақ мен қарапайым логика бойынша,

сіздер маған алдымен сондай оқиғаның болғанын айғақтап беріңіздер, содан соң ақталамын, дедім. Ахметәлімов мақұлдап, Адуов мәлімдеген тағы бір айып – мен баспада қызмет атқаратын Пәлен дейтін келіншекпен ашына екем. Мен дағдарыс пен реніш үстінде Сайынға қараппын. «Кім?» – деп сұрадым. Енді Сайын күлді. «Қазір, баспаға барған соң көресің», – деген. Келе сала көрдім, білдім. Әуелі жеке «Іс қағаздарын» алғызып, содан соң өзін шақыртып. Шыдамы таусылып отырған Сайынның аяқ астынан күлген себебі де бірден айқындалған. Жақында, мен демалыста, әлде командировкада жүрген кезде корректорлар бюросына жұмысқа алынған, жасы қырықтың үстінде, быршыған семіз, бет-аузы шабдар-шабдар, көзі шапыраштау, ішіп алған еркектің өзі ойлана қарайтын, аса сұрықсыз әйел екен. Табиғатында жаман кісі болмас, әйтіп-бүйтіп, тіршілігін жасап жүрген қарапайым бір пенде. Ешкімге жазығы жоқ. Бірақ мәселенің мәнісі басқа. Анау арыз жазушылар мен оны қозғаушылар жібі түзу басқа бір келіншек таппаған жоқ, бірақ советтік сілімтік тәртіп бойынша, кімге қандай жала жапсаң да, қайыра серпін, сөз жауапкершілігі қарастырылмаған, бұл жағына әбден машықты біздің ағайындар былғап отырып, мазақтап қалуды қызық көріпті. (Кейін Олжас айтады, бір тілектес жігіт: «Мағауиннің ізі бағулы, көлденең кетпесін, байқасын» деп ескертті, сонда мен: «Ол өзінің әйеліне ғашық, ешқайда бармайды» дедім дейді. Біздің ақылы көп ақынымыз да аңғал екен, бар, барма – бәрібір кісісін тауыпты.) Шіріген қоғамның сасығын еске алып отырғаным, советтік, коммунистік ақ-адал тәртіп бойынша, – тіпті, партияның мүбәрак уставында жазылған арнайы бап та бар, – кез келген адам, кез келген жағдайда, кімнің үстінен болмасын, әшкере арыз түсіруге хақылы. Керек десеңіз, міндетті, қасиетті парыз. Ал осыншама арыз-құрыз, қазақы ауыз-екі атауы бойынша «көрсету» қағаздары, қолма-қол іске аса ма, аспай ма – бәрібір, ешқандай сұрыпсыз, қатар-қатар, үсті-үстіне қосылып, сіздің жеке «Делоңызға» тіркеле бермек. Және архивте берік сақталады, арада қаншама заман өткенде, әлдеқалай ақтарып көрген адам кенеусіз қазынаға батар еді. Содан соң... небір қисынсыз сандырақты сенің ғұмырбаяныңа әкеп тіркесе несі бар. Біз, тіпті, анау жаппай террор кезіндегі жан қинап алынған «мойындаулардың» өзінің анық-қанығын ажыратып болғамыз жоқ қой. Әлдебір әйелмен жалғасыпты деген немене, тәйірі. Совет өкіметін құлатқалы жүрген жапон шпионы ретінде айдалып, атылып кетпегеніңе тәуба айту керек екен. Әрине, өткен істің бәрі қызық, партиялық әдепкі сүзгінің жай-жапсары осындай болды.

Әлбетте, біз қисайып қалғамыз жоқ. Қорлықтан гөрі жиіркеніш сезімі басым еді. Алайда, мұндай былық жағдайда бұрынғыша жұмыс жасау мүмкін емес. Ақыры, екінші қайтара, жекелей шақырғаннан соң, Сайын қолын бір-ақ сілтеді. Талап бойынша «өз еркімен» кету туралы арыз берді. 1986, атаулы советтік мереке өткеннен соң, екі күннен кейін. Маған дәп осындай ұсыныс түспеген. Жаңадан келген, баспа ісінен бейхабар директорға қызметші болады деген долбармен. Немесе, тағы екі-үш ай күтпек. Ал менің өз есебім бар еді. Ол анық – бұдан ары жұмыс жасай алмаймын. Алайда, соңғы бір шаруаларды тиянақтап кетуім қажет.

Қоқырайып отырған Марал Сқақбаевқа үш тармақ талап айттым. Бірінші – Мәскеуде бекіген екі томдық Таңдамалы алдағы жылдың жоспарына енуі керек. Екінші – мұның қисыны болмаса, «Лауреаттар» сериясымен, «Аласапыран» дилогиясын басып шығарасың. Оның да орайы келмесе, дәп қазір менің жиырма табақ жаңа жинағыма шартқа отырасың, және әуелгі жиырма бес проценттік қаламақысын төлейсің... Марал кекете күлді. Бұл үш талабыңның ешқайсың да орындай алмаймын, деген. Неге? Негесі жоқ. Онда мен осы қазір жоғарғы қабатқа көтерілем де, «Жалында» отырған Сейдахмет Бердіқұловқа барам, ешқандай жақындығымыз жоқ, бірақ менің жаңа шығармама, толымды аванспен, қолма-қол шарт жасап береді. Не үшін? – деп еді Сқақбаев. «Алаштың азаматы, лауреат, атақты жазушы болғаным үшін! Алайда, мен бармаймын. Осы айтқан үш ұсынысымның бірін сенің өзіңнің алдыңнан өткізем!» – дедім. Сқақбаев: «Өткіз, өткіз...» – деп күліп қала берді. Әзірше өз иелігімде тұрған кабинетіме бардым да, ЦеКа-да отырған Төлен Әбдіковке «вертушка» арқылы хабар салдым. Әй Төлен, қазір сен ғана қалыпсың, анау, Әбіш екеуің отырғызған кісілерің осындай да осындай, менің жазуым да, тіршілігім де бүгінгі күнмен бітпейді, ақылыңды айтып, жөнге келтір, дедім. Арада он минут өткенде директордың хатшы қызы мені шақыра келген. Жаңа шығармаңа шарт жасасайық, деді Сқақбаев. Жоқ, дедім. Әлі жазылмаған кітап, қайда болса да өткізе алам. Онда екі томдық? Елуге толғанымда, бұл жерде кім отырса да амалсыздан басып шығарады. «Аласапыран» дилогиясына шарт жасасып, әуелгі ширек үлесін қолыма бересің. Марал күлді. Содан соң? «Кетем» деген сөзімді күтіп тұр. Одан соң не істейтінімді Төленге айтам, дедім. Оншақты күн ойланып барып... Сонымен, бар әңгіме бітті. Арада апта өтпей, әуелгі талабым орнына келген.

Мен етек-жеңімді жинап үлгермедім, қыс іші, түн ортасы ауғанда, шатырлап күн күркіреп, жарқылдап найзағай ойнап, үрейлі, тынымсыз дабылдан жер-дүние төңкеріле шайқалған. Таң атты, күн шықты, қайтадан түн түсті. Желтоқсан оқиғасы кезінде орынымда отырғам. Бұрын болмаған жаппай дүрбелең, алаңдағы жойдасыз зорлық-зомбылық, қалған қауымға рухани қорлық, бар қазақтың жүрегін тітіреткен ыза мен намыс – сол заманда көпке белгілі, бүгінде жалпы жұртқа мейлінше мағлұм. Кудалау мен қысым, былғаныш тіміскі өрістей бастады. Өзімізде күмәнға шыққан біраз жігіттер туралы жазба түрде жалған куәлік беруге тура келген: алаңға барған жоқ деп, сол күні жұмысында болған, тапжылмаған деп. Рафаэль Ниязбеков, Талас Әсемқұлов, Ерік Асқаров, Арасанбай Естенов, тағы кімдер екені есімде қалмапты. Күн озған сайын бұлт қойылып барады. Осы, соңғы күндердің бірінде маған Бейбіт Қойшыбаев келіп еді. Қатты абыржыған кейіпте. Жоғарғы Кеңесте жеңіл-желпі баспагерлік қызмет атқаратын. Желтоқсан оқиғасына байланысты рәсімді айыптау жиналысында көлденең сөздің шетін шығарыпты. Алаңда бейбіт тұрған жазықсыз жас атаулыға неге осыншама қаталдық болды, деп. Қолма-қол күмәнді тіркеуге түскен. Бұл қалай деп жауаптаса бастайды. Қайда қисайып бара жатқаны белгілі. Мен бұл жігітті

әдебиеттегі алғашқы қадамынан бері білетін едім. «Жалын» журналында бас редактордың міндетін атқарушы болып отырған 1970 жылы Төленнің дүдәмал ұсынысынан соң, тырнақалды әңгімесін басқам. Ешбір жерде қабыл таппаған, өзгеше әңгіме. «Кемпірқосақ – көк аспан» деп, тақырыбына дейін өзім қойғам. Енді биылғы жылы, күзге таман ескілікті, жаңалы екі-үш повесі қамтылған толымды кітабын шығарып бергем. Қаламақысы да тәуір кесіліп еді. Шындығында, оң талаптағы, болашағы бар жазушы, білімдар, ойлы жігіт. Енді мынау. Мен қолма-қол ұтымды кеңесімді айттым. Осы қазір бар да, жұмыстан кету туралы арыз бер. Бөгемейді, сендей артық жүк, «басбұзар пәлекеттен» қуана-қуана құтылмақ. Ізінше партиялық есептен шығып, Жазушылар одағына тіркел. Ана жақта жалғызсың, оп-оңай алып жейді. Ал өзіміздің ортада Олжастан бастап, дабыраға ілініп жатқан жұрт бірталай, жаппай репрессия басталған күннің өзінде, өткеннің сабағы бар, соншама жанды бірден, түгелдей жауапқа тарту оңай емес. Анау жұмысыңа қарайлама. Бәрібір, қаншама пәле арқалатып, көп ұзатпай өздері қумақ. Жаңа кітабыңның қаламақысы ұсталып қоймаған шығар? – дедім. Шет-жағалап қана, деді. Міне, сол әжептәуір ақша алдағы бірер жылға талғажауға жарайды. Одан соңғысы тәнірден. Дүние алай да, былай да бұрылуы мүмкін. Әзірше әсіре сақтық керек. Осы қазір жұмысыңа бар да, қатерлі бұғаудан құтыл, дедім. Бейбіт бірер күнде менің айтқанымдай жасады. Ақыры, жазарман қауымның «бүлдіргіш, ұлтшылдық әрекеті» туралы әжептәуір сөз қозғалса да, түптің-түбінде ешкімді де жауапқа тарта алмағаны белгілі. Әйткенмен, әзірге бәрі де күмән мен тұман. Дүние қалпына түсуі үшін уақыт озуы қажет еді.

Желтоқсан оқиғасынан бірер апта озар-озбаста өзім де «Жазушы» баспасынан кететінім жөнінде арыз бердім. Төраға Зәкәриянов кинала отырып келіскендей болды. Шындығында, менен оңай құтылғанына қуанышты еді. Тәрізі сол күні жоғарыға мәлімдеп, өзінің ерекше еңбегін белгілесе керек. Директор да масат үстінде, алайда жазарман ретінде әріптес, жаңа жылдың алғашқы бір күнінде жарлық берейін, деген. Сонда баспадағы жылдық қызметім түгелденіп, «он үшінші еңбекақы» дейтін қосымша айлыққа ілінеді екем. Жоқ, мен жаңа жылды жаңаша бастауым керек деп, адал ақшамды тәрік етіп, желтоқсанның жиырма жетісі, әлде жиырма сегізінде қызметтен кеткен едім. Тікелей тағдырыма жанаспа да, дүрбелең ызғары көкірекке тіреліп тұрған. Әйткенмен, толық еркіндік. Баспада отырған жиырма алты ай ішінде жиырма жол проза жазылмапты. Және қатты шаршағам. Ендігі тағдырым өз қолымда сияқты.

Қырық күндік тыныстан соң, ұзағынан отырып, өткендегі негізгі жазуымды түгендеп, үстінен қайта қарап, бес томдық Шығармалар жинағын дайындадым. Екі том – таңдамалы әңгімелер мен хикаяттар және «Көк мұнар» романы, екі том – «Аласапыран», осыған жалғас, әдебиет тарихына қатысты бір томдық зерттеу еңбектер. Бұл – 1987 жыл. Мен жай ғана еңсе жазғам жоқ, соншама теңсіздік пен құлдықтан түңілген бүткіл қазақ халқы жаңа бір тыныс тапқан. Дүние қалыпты шеңберіне қайтып оралды. Келесі 1988 жылы июль айының ақырына

таман Олжастың демеу-шапағаты, үлкен ағалардан Әбділда Тәжібаев, дос-жараннан Әкім Тарази қатарлы азаматтардың қолдауымен, еркін сайлау негізінде, «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып бекідім. Ұзақ өмірімнің ең сәулелі кезеңдерінің бірі басталған. Менің ұғымымда, қаламгер үшін ең жоғарғы мансап – әдеби журналдың редакторы болатын. Ежелгі мақсат орнына келді. Содан «Жұлдыз» журналында толық он сегіз жыл, үш жарым ай отырыппын, жинақтап келгенде – 6680 күн. Ең соңғы қоғамдық қызмет. «Аласапыран» мен «Шақан-Шеріге» жалғас ең елеулі шығармалар жазылған жемісті жылдар. Журнал жетекшісі ретінде жалпы қазақ руханиятына, ұлттық санаға қатысты атқарылған жұмыстарды түгендемей-ақ қояйын. Азаттық қарсаңында және одан кейінгі алас-күлес, ақыры байыпты арнаға түскен, қайткенде тәуелсіз аталатын заманда мен басқарған «Жұлдыз» журналы ұлт ұраншысы болды деп, нық сеніммен айта алам. Бұл сөзімде әдеби журналдың мен қол қойған екі жүз он сегіз кітабының әрқайсы толық айғақ болар еді.

Баспадағы бірлескен қызметтен соң да Сайын екеуіміздің арамыз ажырамады. Тілектес, түсіністі қатынас одан әрі жалғасқан. Алайда, бұл кезде Сайын жазудан мүлде дерлік қол үзіп кеткен еді. Кешелі, бүгін емес, одан көп бұрын. Менің білуімше, отыз төрт жасынан соң тоқталды. Себеп, салдарын айғақтау менің бұл реткі міндетімнен тыс. Аса ұзақ та емес, тым қысқа да емес, жетпіс бір жылдық ғұмырының қалған тең жарымынан астамында, отызға дейін жазылған «Жабайы алма» хикаятының екінші бөлімімен ғана отырған сияқты. Әрине, күнделікті емес, үздік-создық. Ақыры бітірген. 2006 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып еді. Бір дауысы жетпей, әйтсе де жалпы жұрт шешімімен өтті. Және жоғарыда сәтімен бекіді. Сайынның өзі төсек тартып жатқан екен. Жаңа жылдан соң көп ұзамай бақиға аттаныпты. Топырақ сала алмадым. Бұл кезде елден жыраққа кеткем. Батыс Еуропаның қақ ортасы, Прага қаласында орныққан едім. Бірге жүрмек бар, бірге өлмек жоқ деген осы.

26.IV. – 8.V.2018,
Силвер Спринг, Мэриленд, АҚШ.